

63.3 (5495)  
440

Леоніфото Капашев

# Мінгені Ерғалидың



“Шайтанқара”

Репрессияға үшыраған Қазақстан зияллыларының  
мұрасын зерттейтін “Арыс” көрі

Ләтифолла ҚАПАШЕВ

## “МІНГЕНІ ЕРҒАЛИДЫҢ



## “ШАЙТАНҚАРА”

35 44 42 60

F. СЛЯНОВ АТЫНДАФЫ  
ОЕЛІСТЫҚ ФЫЛЫМИ  
ӘМБЕСЕРП КІТАПХАНА



АРЫС  
Алматы  
2007

ББК 63.3 (5 Каз)  
К 40

К 40 ҚАПАШЕВ Л.

Мінгені Ерғалидың Шайтанқара. – Алматы:  
“Арыс” баспасы, 2007. – 148 бет.

ISBN 9965-17-419-9

Бұл кітапта патша заманында “барымташы”, ал Кеңес өкіметі түсында “банлы” атанса да, батыр, әрі әнші ретінде жергілікті халық ардак тұтқан, 1929 жылы Үштіктің үкімімен Орал қаласында атылған Ерғали Аязбайұлының өмірі, шығармашылығы тарихи деректер негізінде баяндады. Сондай-ақ Ерғалидың “Шайтанқарасын” арқау еткен сез өнері туындылары коса жарияланып отыр.

Еңбек зерттеуші-ғалым, өлкетанушыларға жөнө жалпы оқырман қауымға арналған.

К 0503020905  
00(05)-07

ББК 63.3 (5 Каз)

ISBN 9965-17-419-9

© Қапашев Л., 2007  
© “Арыс”, 2007

Аттары аталған марқұм  
адамдардың руҳына  
арналды.  
Автор

Арасы қос өзеннің өскен жерім,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.  
Заманға қубылмалы болдым душар,  
Елдегі не дейді еken тенденстерім?!

Атандым “барымташы” Аязбаев,  
Денемді күн қактады, аяз қарып.  
Казақтың қамы үшін алыссам да,  
“Банды” деп айдар тақты, жала жауып!

Сұрасаң, руымды Алашамын,  
Келгенде қызыл тілге тамашамын.  
Дүниенің мынау фөни тунегінде,  
Жол таптай қарандыда адасамын...  
Өзің біл, кейінгі үрпак не десең де,  
Мен сенің ханың емес, қарашамын!

Тап болсаң, Кіші жүздің серкесіне,  
Дүниенің қарамас ол келтесіне!  
Сояды қонағына жалғыз атын,  
Қалса да жүген үстап ертесіне!

(Ергали өлеңінен)



### Ләтифолла ҚАПАШЕВ

Ресейдің Астрахань облысы, Володар ауданындағы Кірмалай ауылында 1939 жылы 9 желтоқсанда туған. Астрахань Сауда техникумын (1960), ҚазМУ-дің журналистика факультетін (1969), КСРО Кино өндірісінің жоғарғы курсын (1980) бітірген. Еңбек жолын ауылда бастап, универмаг директоры, Республикалық кітап баспасының директоры (1973–79), “Қазақфильм” киностудиясында көркем кино директоры (1979–2000), 2001 жылдан “Арыс” баспасында редактор. Алғашқы әңгімесі “Жолда” деген атпен 1959 жылы “Октябрь туы” газетінде жарияланған. “Насихат Сүгірұлы” (2001), “Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы” (2002), “Банды Аманғали іci” (2004), “Аңсау” (2004) кітаптары жарық көрген. “Сұрасаң – менің атым Аманғали” деректі фильмінің авторы.

Қазақстан Журналистері одағының мүшесі.



## ҚАЙСАР АЗАМАТТЫҢ ҚАЙФЫЛЫ ТАҒДЫРЫ

Кешегі өткен ХХ ғасыр, әсіресе оның бірінші жартысы, қазак халқы үшін қайғы-қасіреті де көл-көсір, қайшылығы да мол болған бір кезең ғой. Замана желі қырық кұбылған сол кезеңде талай-талай тарлан азаматтардың алтын басы саудага түсіп, әлдекімдердің еріккенде ермек етер добына айналған шак та болған.

Мен өткен жолы Ләтифолла Қапашевтің “Банды” Амангалидың ісі” атты қолжазбасымен танысқанымда, соған тагы да көзім жете түсіп, тағдыр тәлкегіне ұшыраган Амангали Кенжакметұлы туралы сол еңбектің шығуына шын тілектестік білдіргенмін. Баспа ұстап отырган азаматтар да үлкен түсіністікпен қарап, сол қолжазбаны кітап етіп шығарып, есімі ел аузынан түспей келе жаткан қазактың бір әнші, серісін қалып жұртпен қайта кауыштырган-ды.

Аты ел аузында жүргенмен, заты әлі көмескі қалып келе жаткан мұндай тұлғалар қаншама?! Солардың бірі әйтілі “Шайтанқара” әнінің авторы Ерғали Аязбайұлы еді. Е. Аязбайұлының ел сүйсінер ерен әнші болғанын, оның осы аттас әні де, сол әнді орындаушылар да, тіпті құлагы бір шалып қалған тындаушылар да әлі күнге куәландырып келеді. Бұл – Хамзекенәнің (қадімгі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі жазушы Хамза Есенжановтың) “Ақ Жайық” романында дос-дүшпаны сүйсіне сез қылатын, айызы қана әнгіме қылатын Ерғали ғой, жарықты! Кешегі Кенес өкіметі жылдарында, талай жүрт талай топта шырқатқанмен, иесі а талмай келген әннің авторы. Патша заманында “барымташы, конокрад” атанип, Кенес үкіметін Таловка аймагында күріскан: акыры екі ұлымен қоса атып жіберген, қайран Ерғали ғой бұл!

Осындай қайсар азаматтың қайғылы тағдыры туралы жазылған шыгарма кайткен күнде де жұртына табысусы керек деп ойлаймын. Және соған бек сенемін.

Қаламгер бұл кітапқа өзінің “Мінгені Ергалидың “Шайтанқара” атты зерттеу сөбебін ғана енгізіп қоймай, қайран азаматтың қадірін ел-жұрты үға түссін деп, бұған ақын К. Иманғалиевтің “Ергали туралы дастаны” мен белгілі қаламгер Р. Отарбаевтың “Шайтанқара” атты әңгімесін қоса бергені де орынды болған.

Тағы бір айтулы азаматынмен қайта қауышқаның құтты болсын, оқырман!

*Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИУЛЫ,*

*жазушы,*

*Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері*





## СӨЗ БАСЫ

Оқырман кауымның колына тиіп отырган осынау шағын кітап заманында әрі әнші, әрі батыр атанған Ерғали Аязбайұлының (1869–1929) ғұмырнамасы мен іс-қарекеттерінен тың мағлұматтарды һәм жаңа деректерді баяндайды.

Алдымен, Ерғали Аязбайұлының өмірдегі іс-қарекеттері мен өміrbаянына орын берілді. Бұл – негізінен, мұрағатта жетпіс жылдан артық уақыт сакталған Ерғали Аязбайұлының “қылмысты ісіндегі” өз аузынан жазылып алынған деректер. Әріңі патша заманында, әсіресе казак-орыстарға деген қысастықтан туындаған, кектену нәтижесінде “барымташы-конкрад” атанды, ал берісі өзінің туған ауданы Таловка аймагында Кенес өкіметін орнатуға, оның тұракты қалыптасуына атсалықсан, ішкі-сыртқы жаулардан қызғыштай корғап, бірақ кейін арызданушылар мен арандатушылардың әрекеттерінен “қызыл террордың” колымен “банды” атандына мәжбур еткізіп, жұмсаған қолдан да, торыған жолдан да үстаптаған сон, алдау-арбау тәсілі арқылы мойнын игізіп, темір тордың ар жағындағы зынданға камап, оған өзінің екі ұлын бірдей қосып, акыры көзін күртты. Міне, осылардың бөріне мұрағаттық күжаттар дәлел, солар куә. Әуелі жасы келген адам ретінде ағынан жарылып, “барлық шындықты айтсаныз, берілестін жаза да женіл болады” деп азырып, өзіне айтқызып, соңынан оның бәрін мойнына айып ретінде тағып, акыры Ерғалиды олтіріп тынды.

Міне, сол архив деректерін осы еңбегімізге арқау еттік.

Бұл өзі бір танғаларлықтай, күтпеген жерден табылған деректер болды. Шынымды айтсам, Ерғали әнін талай рет естіп те, тіпті керек десеніз, өзіміз анда-санда бас қосқан жерде оның создерін өзгертпі:

*“Осыдан осы олжас бойға сінсе,  
Тагысын тағы алармыз, косшы бала...”* —

деп, шырқап жүрген “Шайтанқара” әнінің авторы Ерғалидың архивтік ісінің үстінен тусем деп ешбір ойлаған емеспін. Менің мұрагаттан іздегенім Атыраудың, әсіресе Нарын құмының берісі де серісі, “банды” атанған Аманғали Кенжакметұлының архивтік ісі болатын.

Онымен Алматыда ҚР Бас прокуратура ғимаратында 1993 ж. желтоқсан айында танысуға мүмкіндік туды. Оның өзі үлкен дүние болды да, аталмыш іспен танысу бірнеше айларға созылды. Сөйтсе, Ерғали екеуінің “істері” біріккен күйде қалың-қалың он төрт томнан қуралған құжаттар жиынтығы екен. Олардың дені араб һөрпімен толтырылған, орыс тілінде жазылғаны да жетерлік.

Атырауда, әсіресе Нарын құмында Аманғали туралы әңгіме көп. Соңдай аузызекі әңгімеден Аманғали мен Ерғали кезінде бірге жүріпті ғой дегенді де естігенбіз. Мұрагаттық деректермен танысу барысында осыған козіміз жетті. Бұл өзі заманында мұндай істерге аса бір маңыз берген, сейтіп қомакты дүниеге айналдырган тергеушінің ісі деп ұқтық, себебі осында айыптылар саны тоқсан бір адамға жеткен. Эйтсе де болған оқигалар, оған катыскан адамдар бірін-бірі көбі танымайтындар, оның есесіне ара қашықтықтары бес жұз шакырымдық жерде болған оқигалар.

Ерғалидың өзінен тергеуші тоғыз күн қатарынан тоғыз рет сұрап-жауап алған. Біз Ерғалидың сұрап-жауап хаттамасының мазмұнын ұзынан-ұзақ шубыртып, жалғастыра бермей, керек жерлеріне косымша аныктамаларды енгізіп, толықтырып отырдық. Соның кош басында көрнекті жазушы ағамыз Хамза Есенжановтың “Ақ Жайық” романынан үзінді бар. Оған кося Ерғали Аязбайұлының тексерушіге берген жауаптарының дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін сол өнірде болған оқигаларға байланысты осы тақырыптарға жазылған бірнеше кітаптардың деректерімен салыстырып көріп, шындығына көз жеткіздік, мысалдар ретінде солардан үзін-ділер келтірдік.

Ол кітаптар мыналар:

1. Чурин Х., Дауылды жылдар. Алматы, 1971.
2. Кенжалиев И., Табылдиев Н., Касталовка – байырғы атамекен. Алматы, 1994.
3. Жұмағазиев И., Жайық шежіресі. Орал, 1995.
4. Ермұратов Х., Шұғылалы өлкө. Алматы, 2004.
5. К. Исабай. Сонғы ерлік. Алматы, 1971

Міне, осылайша, косымша авторлардың пайымдаула-  
рына сүйендік, мақсатымыз – бас кейіпкеріміз туралы де-  
ректердін толығырақ болғанын каладық. Оған коса автор-  
лардың кайсыбірі өз естеліктерінде заманның ағымына  
карай Ерғали Аязбайұлының атын белгілі себептермен  
атамаса да, оның сол оқигалардың бел ортасында жүргені  
барынша байкалып тұратынын оқырман есіне салғымыз  
келеді. Біз авторлар пікіріне сараптама жасап, баға беруден  
аулақпыш. Негізгі міндеттіміз болған оқигалардың шынды-  
ғынға хабарлау, ал баға беруді оқырманның өзіне қал-  
дырыдық.

Ерғали туралы осы кезге дейін жазылған, хатка түскен,  
халық арасына кең тараған жазба деректер жоктың қасы.  
Қолдарыныңдағы кітап нақты деректерге сүйенгендіктен,  
қиялға баруды жөн санамадық. Одан ғөрі хатка түскен екі  
дүниені осы кітапқа енгізу Ерғали туралы үтім-түсінігі-  
міздің көкжиеңін кеңіте түседі деп шештік. Сондықтан  
аталмыш кітабымызға енгізіп отырған қосымша шығарма  
– Ерғали Аязбайұлы туралы естелік пен ердің серігі, оның  
шырағы болған “Шайтанқара” жайлы жыр-дастан болды.  
Кітаптың атын да соған сәйкестірдік. Бұл еңбектің  
табылудының да өзіндік тарихы бар. Жаңа ғасырдың  
басында, дәлірек айтсак, 2001 жылы “Арыс” баспасы Батыс  
Қазақстан облысы Әкімшілігінің тапсырысымен облыстың  
энциклопедиясын шығаруды қолға алды. Сол кезде  
аталмыш қордың президенті, ғалым ініміз Фарифолла Әнес  
осы істі бірлесіп атқарысуга жұмысқа шақырды. Біз сейтіп  
улken бір үміт-жігермен сол игілікті істі бастап кеттік.  
Кордың мурағатында негізі сонау 1992 жылдан бастап

жиналған мол деректер мен сурет-фотолар бар екен. Сол қағаздарды ретімен дайындау кезінде қолыма бір белек бума қағаз тиді. Ашып карасам, ішінде кол машинкамен басылған “Аязбаев кім болған?” деп төрт бет алғысөз мақаласы, ал оның соны өлеңмен жазылған отыз беттік үзак жыр-дастанның бір данасы екен. Дастанды оқып шықканымызда, қайсыбір жерінде қате болғанымен, тәп-тәуір дүние екеніне көзіміз жетті. Бір гажабы, шығарманың авторы не басында, не аяғында жазылмады, тіпті тиісті жеріне қойылған қолтанбасы да жок. Енбекті басқа жігіттер де оқып шықты, бірақ кім жазғаны аныкталмады. Оралдагы азаматтарға хабарластық, бірақ бұл шығарма облыстық “Орал өнірі”, не “Еділ-Жайық” газеттерінде, болмаса өнірлік “Жас құс” журналында да басылмағаны анық болды.

Дастанды белгілі ақын (бүтінде марқұм) Сатыбалды Даумовка көрсеткенімізде, ол кісі 2000 жылы кайтыс бол кеткен оралдық бір ақынның атын атады. “Соның жазған шығармасы болуы мүмкін. Жаздым деп жүруші еді, марқұм”, – деді. Ол кім? Ол – Қибат Иманғалиев. Оны қалай дәлелдейміз? Ол үшін отбасына хабарласып, шығарманың сакталған данасы болса, сонымен салыстыру керек. Сойтіп 2003 жылдың жазында Қибат Иманғалиев ағамыздың артында қалған Мағжан атты ұлымен хабарласудың сәті түсті. Сонынан оны “Арыс” баспасының редакциясына шақырып, алып келген “Аязбаев туралы аңыз” атты дастанның қолжазба нұсқасымен салыстырдық та, қолжазбалардың сәйкестігіне көзімізді жеткіздік. Сойтсе бұл дастанмен кезінде тіл мамандары Б. Хасанов, М. Құлмановтар танысыпты. Міне, осылайша авторы да, түпнұсқасы да табылған “Аязбаев туралы аңыз” дастаны осы болатын.

Дастанды еш өзгеріссіз, сол күйінде бердік. Оған оқырман қауым түсіністікпен қарап дейміз. Қолжазба бұрын баспасөз бетін көрмеген екен, сондыктан марқұм болған ақын ағамыздың аруагы разы болгай.

Ал екінші “косымша” шығарма – бұл көрнекті каламгеріміз Р. Отарбаевтың “Шайтанқара” деп аталатын белгілі әңгімесі. Шығарма Ерғалидың көп жорықтарының біріне арналған.

Ескеретін бір нәрсе – соңғы екі шығармадағы Саржалақ атты екі басқа адам. Осыны оқырман қаперінде сактағай. Әрине, шығармалардан оқырман Ерғали Аязбайұлының бейнесімен қауышары хак...





## ЕРГАЛИ ФУМЫРЫНЫҢ ТОҒЫЗ КҮНІ

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Хамза Есенжановтың “Ақ Жайық” романының бас кейіпкері Хакім жорықта түн қатып, ат үстінде келе жатып:

— Үйқы келгеннен кейін бой сергітейін деп едім... Үйқыны шайдай ашатын Мұхиттың “Айдайы” сияқты бір айқайлап салатын ән болса, шіркін! Қара түнді как жарып жіберер еді! Осындауда сондай әндерді білмеген де бір қорлық екен. Сіз, отағасы, Ергали Аязбайұлының әнін білесіз бе? Білсөніз салып жіберсеңіз қайтеді, ә? Мен салар едім, бірақ сөзін білмеймін, бар болғырдың, — деді ол оң қол жактағы қазакқа...

— Сонымен, отағасы, Ергалидың әнін естіген жок па едініз? — деді Хакім қайталап.

— Ергалийн қай Ергали?

— Аязбайұлы!

— Жок. Ондай адамынды естігенім жок. Әнін де, өзін де білмеймін.

— Ергали дейтін ер көнілді батыр жігіт еді деседі. Ерегіскен жауының жылқысын қуып ала ма қалай? Өзі кім болса о болсын, әнін айтсаңызы! Жылқы алыш, шаттанып, ат үстінде келе жатқанда, таң ата аспандата салатын әні көрінеді, сабаздың! Бір ауызын гана білемін елеңінің:

*Астыма атым мінген “Шайтанқара”,  
Жайыктан жылқы айдадым өншең ала.  
Осыдан осы жылқы бойға сіңсе,  
Тағысын, тағы айдармыз, қосышы бала!*

Хакім дуда делебесі қозып, қызып алған әншідей-ак өршеленіп, өлеңнің екінші шумағын жалғастырып жіберді.

Еркін далада бөгеусіз шалқитын ер көнілді тентек ән тұнгі дыбыссыз тұнық әуені шарқ үрып, өресі өрлей берді де:

*Қай қала, мына қала – Теке қала,  
Текемет түр салдырдың тенбіл ала.  
Түн жсортып, танмен салдың тентек әнді,  
Жаратсан ак боз үйден шық та қара!* – деп көтерді...

(Есенжанов Х. Ақ Жайық, II кітап. 160-162- 66.)

\* \* \*

Х. Есенжанов келтіріп отырған осы дерекке қоса арғыбергі уакытта шынып жүрген қазақ ән мәтіндері кітапташының көбінде бұл әннің тағы бір шумағы бар:

*Оралдың тауы бік, сырты дала,  
Ат міндім күрен төбел “Шайтанқара”.  
Сыртынан жамандаган душпанымды,  
Құдайым кез келтіргей айдалада!*

Бұл ән “Ерғали әні” деп аталады. Танғаларлығы Аязбайұлы деп айтылмайды. Неге?.. Сөл сабыр, сөл шыдам... Иә, сонымен Ерғали Аязбайұлы кім болды?..

...1928 жыл, 9-акпан. Орал қаласының ГПУ тергеушісі Тюменов (мүмкін Төменов) айыпкер ретінде түрмеде отырған Ерғали Аязбайұлынан жауап алады. Сонда Ерғали өзінің ғұмырбаяны мен іс-әрекеттері туралы былай хабарлайды:

“...Тұган жерім – Орал губерниясы, Бокей уезі, Таловка ауданы, Бостандық ауылы. Жасым 59-да, руым Алаша, шала сауатым бар, жәй шаруамын, отбасымызда сегіз адам...

Будан бүрін, яғни патша үкіметі кезінде мен жиырма екі жасынан бастап қашқын атанип, жат жерде бас сауғаладым. Оның себебі мынау. Ескі танысым Овчинников деген бай казак-орыстың жылқысынан бір аты жоғалған, соны ол менен корді. Сөйтіп оның табынында жүрген менің бір атымды бермей койғаны. Осыған ерегіскең мен керісінше

онын үш атын жетегіме алдым да, Астрахан губерниясына асып кеттім. Сондыктан ол мені “барымташы, конокрад” деп соңыма адамдарын салып қойды. Шамамен 1891 жылдан Ақлан төңкөрісіне шейін бой тасалап со жақта болдым. Таловка ауданында тұратын үйіме тек 15-20 күнде түнделетіп қана қатынап тұрдым. Шаруамда екі бұзаулы сиыр, бір ат, бір түйе болды, үй-ішім сонымен күнелтті. Ақлан төңкөрісінен кейін мен үйіме оралдым да, өз шаруаммен айналыстым...

...1918 жылы қаңтар айында Орда каласынан біздің Таловкаға Панасюк деген бір орыс (атын білмеймін) Кенес өкіметін үйымдастыруши ретінде келіп, өзіне мені, Иван Панченконы, Новиков, Андрянов деген ауылдастарды жасасырын жисап, бізге негізгі максатын айтты. “Кенес өкіметін орнатуға көмектесіндер”, – деді. Біз келістік...” (ҚР Бас Прокуратурасының архиві; N 67118/ 192-іс, том, 12, 60-110-б.б.)

\* \* \*

Осы оқиғаны Хамит Чурин (1901-1979) “Дауылды жылдар” атты кітабында былай баяндайды:

“...1918 жыл. Қылышылдаған январь айының іші. Александров-Гай станциясында поездан бір адам түседі де, Таловкаға тартады. Майданнан жаңадан қайткан Ефим Панченконың үйіне келіп түседі.

Иван мен Ефим Панченко дейтін ағайынды екі жігіт болатын. Иван майданнан қайткан үнгер-офицер еді де, ағасы Ефим қатардағы солдат болатын. Бұлар империалистік соғыс басталып, армия қатарына алынғанша казак байларында жалшылықта журді, қазакша тілді де жақсы билетін... Ефим Панченконың айтуынша, оның үйіне келіп түскен қонақ бейтаныс адам болып шығады. Бұл Панасюк деген еді.

Ол есігінің алдында тұрган Ефимге келіп:

– Бұл селода қонақ үй бар ма? – деп сұрайды. Ефим мұнда арнаулы қонақ үйдің жоқтығын айтады.

— Біздің үйге тусініз. Үй кен. Бай адамдар емеспіз, өйткенмен бірер қонақты көтерер халіміз бар, — дейді оған Ефим. Үйге кіріп жайласып отырганнан кейін жөн сұрасады.

— Қымбатты қонағым, таныса отырайық, — мен Ефим Яковлевич Панченко дейтін кедей шаруамын. Майданнан жақында ғана кайттым. Осы Таловканың тұрғынымын. Ал өзің кім боласыз?

— Менің фамилиям — Панаюк. Астраханнан келемін. Мұғаліммін. Қалада тұрмыс қын болып кетті. Сондықтан казак сахараасынан мұғалімдік жұмыс табылmas па еken деп едім...

Үездегі хал-жағдайды сұрастыра отырып:

— Мұнда өзі тиыштық кой?.. Большевиктер жоқ сиякты гой? — деп сұрайды Панаюк.

— Шүкір құдайға...

Бір кезде Иван келіп сәлемдеседі.

— Бұл жерде большевиктердің жоқтығына қонағымыз қуаныш отыр, — дейді Ефим інісіне қарап көзін қысып.

— Большевиктер мұнда келе алмас! — деп пандана түседі Иван.

Бұл күні бұлар біріне-бірі сене алмай, біраз арбасып отырып таrasады. Келесі күні қонақ мекемелерді аралап, көшедегі әр түрлі адамдардың сөздеріне қулақ сала жүріп, Панченколардың кім екенін анықтап біліп, үйге келеді. Кешкі тамактан кейін қонақ:

— Жергілікті өкімет елге тым беделді болса керек, өздерінің карулы отряды да жоқ көрінеді ғой.

— Мұнда екі-үш милиционері бар, бірақ олардың сүйенер күші Сломихинда. Онда казак атты әскерлерінің болімі бар, — дейді Панченко

— Сломихин қанша жер?

— 35 шакырым.

— Ефим Яковлевич, мән ертең ауылдарға шықсам деймін, бірақ қазакша білмеймін. Сіз қазакша жақсы билетін көрінесіз, менімен бірге ауылды аралап кайтуға қалай қарайсыз?

— Қандай жұмыспен?

— Мен өзім мугалімдігімнің үстіне жазатыным да бар. Этнографпын, — дейді Панасюк, — казақ халқының ауыз әдебиетін: ертегілерін, аныздарын жинағым келеді... Біраз ертегілер жазып алыш қайтсак?

— Онда ауылға шығып өуре болудың қажеті жок, қазақтың ертеңі, аныздарын менен сұраныз, мен-ақ айтып берейін.

— Рес па? Кәне, айтып көрініші?

— “Ертеде ерте-ерте екен, ешкі құйрығы келте екен” деп Панченко ертегіні шұбырта женеледі. Бір ертегіні айтып болғаннан кейін, оны орысша айтып беріп отырады. Алғашында қағаз, қарындашын алыш жаза бастаған “этнограф” үш-торт ертегіден кейін жалығып, тындаудан қалып, қағазды ысырып қойып, ойы әлдекайда болып отырады. Онысын сезген Панченко ертегілерді қазақша шұбыртып айта береді. Бір кезде Иван кіріп келеді, Ефим оған қарап көзін қысып қойып:

— Бұл жолдас этнограф екен, казақ халқының макал-мәтелдерін, ертегілерін жинаї келіпті, — деп орысша айтады да, қазақша:

— Бір тенге беріп жырлатып, мың тенге беріп қойдыра алмай отырған жайы бар конактың, — дейді.

— Отірік ертегіні қоялық, — дейді Иван, — шын ертегіге көшелік, Панасюк жолдас. Осы арбасканымыз да жетер. Сіз, әрине, жұмыс іздел, болмаса ертегі жинауға келген жоксыз. Уакытты босқа өткізбейік. Не істеуіміз керек? Соны айтыңыз. Сіз большевиксіз гой?

— Мені большевик деуге қандай правоныз бар, мен интеллигенттін. Маган большевиктін де, меньшевиктің де, эсердің де, бөрінің де керегі жок, — деп безектейді Панасюк.

— Кешіріңіз, — дейді Иван, — сактығыңыз жақсы-ақ, бірақ бізден сактанбай-ақ қойыныз. Біз партияда жоктыз. Бірақ большевиктерді жақтайтын адамдармыз. Осындағы өкімет органдарының басшыларын тұтқынға алыш, өкімет билігін өз қолымызға алғалы отырмыз. Бұл туралы қандай кеңес бересіз?

Панасюк шынын айтады.

— Мен, жолдастар, Астрахань партия комитетінің уәкілімін. 1917 жылдан большевиктер партиясының мүшесімін. Өзім жұмысшымын. Партия комитеті бұл уездің ерекше ауыр жағдайда екенін ескеріп, мені осында партизан отрядын үйимдастыруға жіберді. Бұған мүмкіндік бар ма мұнда?

— Бар, — деседі ағайынды Панченколар.

— Сенімді жігіттерін қанша?

— Эзірге 15 жігіт дайын деуге болады.

— Қазактар бар ма?

— Бар.

— Олар кімдер? Сенімді адамдар ма?

— Сенімді адамдар: С. Жақыпов, Қаюм, У. Жұмасейітов, Т. Сагатдинов, К. Жәрдемалиев. Ал бұлар өз сондарына толып жатқан сенімді адамдарды ерте алатын жігіттер.

— Өте жақсы, — дейді Панаюк, — орыстардан кімдер бар?

— Орыстардан ағайынды екеуіміз, Т. Рудоманов, И. Рысин, Захар Старостин, т. б...

...Ауылдарда кедейлер арасында жұмыс журғізу өте керек болады. Қазак кедейлерін Қызыл гвардияға көбірек тарту керек, сондаған біздің женісіміз баянды болады.

— Халықтың көпшілігі қазак болған Таловка уезі отрядтың көпшілігі де қазак болғаны дұрыс. Әйтпесе, байлар, ұлтшылдар уезімізді орыстар басып алды деп үтіп таратып, халықты Совет әкіметіне карсы қояды. Мұны осы бастап ескериуіміз керек. Ал қазір жергілікті әкімет органдарын құлатып, билікті Совдеп қолына көшіруге жағдай пісіп жеткен жок...

— Кару-жаракты қайдан аламыз? — деп сұрады Иван Панченко.

— Бұл киын жағдай... Мұны мен шешуім керек. Мен Савинкага барып, ондағы отряд бастығымен сөйлесіп көрейін... Ал сендер отрядқа тартатын жігіттерді даярлай беріндер. Бірақ үлкен сақтық керек. Өздерінді де, адамдарды да сактай біліндер. Ешбір күдік тудырмандар. Бұл жолы мені өздеріннен басқа адам білмейтін болсын...”

354442ab

F. СЛАНӨВ АТЫНДАҒЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ФЫЛЫМЫ  
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

"...Бұл кезде Таловкада ак гвардияшылар үкіметі билік күрүп тұрган, — деп Ерғали Аязбайұлы ойын жалғастырады, — Олардың бастығы "Федр" деген бүркеншік атты кулак (фамилиясын білмеймін), қазір де тірі, сол Таловкада тұрады. Мен жиналыска танысым Кажымурат Тұржановты, ағайынның Бисен Тілеповты ертіп бардым. Әлгі Панасюк өзі тұрган қыстауда жиналыс ашип, Кенес өкіметін қалаи үйымдастыру керектігін айтЫп, түсіндірген кезде Федр бастаған кулактар біліп қалып бізді қарудың күшімен қуып таратты. Біз тек қарауылдың көмегімен өрөң қашып күтылдық. Бірақ соңынан үгіттеп, біраз жаралы-жакыбайларды жинап жиналыс өткіздік. Сол жиналыста-олар мені ак гвардияшыларға қарсы құрсектің ерікті отрядтың комиссары етіп сайлады, ал Панченко Иван ревком төрагасы болды. Ертесінде бөріміз аудан аралап, ауыл кенестерін үйымдастыруға жолсанарға шығып кеттік..."

Араға біраз күн салып оралғанда естігенім: баяғы Федр Джудаевич бастаған актар тобы, ішінде Иван Докерев, Фатгулла Тұхватуллин, тағы басқалар бар Панасюкті өз пәтерінде үстап, соңынан өлтіріпті, ал ревком И. Панченко өрөң қашып күтылған. Сөйтіп Таловкада қайта актар үкіметі орнашты...

...Соңынан ж. Г. Нестеров Ново—Узен отрядын, 45 адамды бастап келді, бізге ағайынды Сәбитовтер: Салық, Бұқай, Фатых дегендер қосылды. Тобымыз саны 25 адам болдық. Содан наурыз айының бесіне Караган түнде шабуыл бастап, таң ата Таловкаға ие болдық. Сол күні Г. Нестеров халықты жинап жиналыс ашты. Біз Панченко екеуіміз баяғыша қайта сайландық. Ревкомның қарауында он алты адамнан тұратын қаруланған еріктілер тобы болды...

Осылайша Таловка уш рет колдан-колға қошті. Талай жансын мойындары қылышқа қырқылды, жүректері канға боктірілді. Сөйтіп 12 мамыр 1918 жылы актар кайтадан Таловканы алды. Сәбитовтер тобы б адам өрөң қашып күтылыпты. Мен ол кезде командировкада болғам. Иван Панченко, Новиковтар бар 62 адам тұтқындалыпты, оның

*60-ы қылыштан өлтірілген. Мамырдан қазан айына шейін біз ағайынм Бисен Тілепов екеуміз актардың террорынан қашып, жасырынуға мәжбүр болдык... ” (Сонда)*

\* \* \*

Енді осы оқиғалардың тағы бір күөгерін тыңдап көрелік. Ол Жұмағали Ізбасаров, өзінің “Жауынгерлік жастық шақтан” атты мақаласында былай дейді:

“...Тап осы кезде, ягни 1918 жылдың февраль айында Астрахань Совдепінің өкілі Панаюк Таловкаға келгенде, мұны есіте сала Уақытша үкіметтің жергілікті өкілдері оны қамауга алып, өз беттерімен соттамақ болды. Панаюкті қамауга алғаннан кейін уақытша үкіметтің өкілдері Орда қаласына бай баласы Нұғыман Жұмалиевті жіберіп, Панаюктің үстінен өтірік материал жинап, айыптаамақ болды. Н. Жұмалиев Ордадагы бұрынғы патша чиновниктері М. Чумбалов, Б. Ниязов дегендермен ақылашып, жалған айыптау материалын жасап алып, Панаюкті Совдептің үәкілі емес, қайдагы бір қашқын ұры, тонауыш деп көрсетті. Мен мұны өз құлағыммен естілім, Панаюкті он адам қолдарына наган, жалаңаш қылыш үстап, ортаға алып, Мералі правительдың корасына жиналған көп адамның ішіне айдан келді. Сол кезде Жұмалиев Панаюкті айыптаап сөз сөйлемді, өтірік жала жауып, атуды ұсынды. Жиналғандардың көпшілігі бай саудагерлер, патша үкіметтің чиновниктері еді. Олар Панаюкті ату керек деген қаулы алып, Таловка селосының күн шығыс жағына жарты километрдей жерге алып барып кешкүрым атып тастанды. Мен бұл большевиктің өліміне қатты қайғырдым, менің әкемді де осылай атады гой деп қауіптендім. Әкем сол кезде жиналыш болған кораның ішіндегі бір сарайда қамалып жатыр еді.

Ол кезде байлар, кулактар, саудагерлер кімде-кім Совдепте істесе, қолына кару алып Совет өкіметтің қорғаса, болғаны, оның бәрін тонауыш, бұзық деп есептеді.

Жоғарыда айтылған жиналыш болар алдында Уақытша үкіметтің жергілікті өкілдерінің Панаюкті атуға ойлары бар екендігін білген Ізбасар Камалов, менің әкем,

Серіккали Жакыпов және Бағави Мифтахутдинов Уақытша үкіметтің Таловкадағы комиссарына барып, ішінде мен де бармын, Панасюкті қамаудан босатуды талап еттік. Осы кезде колдарында винтовкасы бар екі адам келіп, бұлар Уақытша үкіметтің шабармандары, қарамай бөшкесінің үстінде сейлеп тұрган I. Камаловты құлатып түсіріп, Мифтахутдинов екеуін тұтқынға алды, айдан апарып сарайға қамады.

Ақ бандылар Панасюкті соттап жатқан кезде біздің, ягни большевиктер жақтас адамдар тобының бірнеше адамы Самар губерниясының қарауындағы Новоузенск және Алтай қаласына көмек сұрау үшін тығыз аттанды. Новоузенскіден келген қызыл гвардияшылар отряды Таловкада тәртіп орнатты. Біздің большевиктік топтың көмегімен Панасюкті аткандастырып алып, оларға тиісті жазасын берді. Сосын қалада митинг шакырылып, кала халқына түсінік берілді, митингте отряд бастығы Г. Нестеров сөз сейлеп, Совет өкіметінің сол кездегі хал-жайымен таныстыруды. Сол жиналыс үстінде қала еңбекшілері революциялық соғыс комитетін құруды үйғарды. Бул комитеттің құрамына енгендер мына жолдастар еді: Иван Панченко ревком председателі, 1918 жылы май айында актар қолынан қаза тапты, I. Камалов орынбасары, ревком мүшелері: С. Жакыпов, Б. Мифтахутдинов, И. Рысин, З. Старостин, Т. Рудоманов, Ж. Ізбасаров, Е. Панченко және басқалар. Сейтіп, Таловка уезінде бүкіл өкімет ревком қолына көшті. Ревком құрылышымен-ақ тығыз іске кірісті. Ең алдымен болыстарға ревком мүшелерін жіберіп, болыстық Советпен үйымдастырылды. Болыстық Советтер құрамына батырлар мен кедейлер тартылды. Сейтіп Таловка уезінде 1918 жылы март айында Совет өкіметі орнады...”.

\* \* \*

Ал осы оқиғаны тарихшы Исатай Кенжалиев (1927 ж.т.) атамыш еңбегінде былай түсіндіреді: “...П. Панасюк деген кім? Шынында да оның қолында Ленин берген мандат болған ба? Әлде оны Таловкаға Астрахань губкомы

жіберген бе? Әрине, әр уезге Лениннің мандат бермейтіні тағы анық... Бекей облысында Совет өкіметін өз қолымен орнаткан адамдар – Бекей облатком төрағасы С. Милотин, хатшысы П. Варламов 1920 ж. қазанда Орынбордағы Қазак АССР Атқару комитетіне 1918–20 жылдардағы Таловка кисымындағы саяси жағдай туралы жолдаган баяндамасында: “1918 жылы қантарда кайдан келгені белгісіз Панасюк деген алаяқ Ордага келіп, түк бітірмей, одан әрі жауыздықтар болып жатқан Таловка кисымына кетті” делінген. Осы баяндамада сол кезде Таловкада екі саяси ағым болғаны, оның анархистік, дәлірек айтқанда, бандиттік мол әрекет еткені көрсетілген.

...Жоғарыда аты аталған авторлардың бірі F. Салімов одан әрі оқиғаның дамуын былайша баяндайды: “Панасюктің еліміне қатты қиналып, Рудомановтың үйінде мәслихаттастып, Новоузенск Советінің төрағасы Чутенковқа хат жазып, И. Панченко, Рысин, Новиковтарды аттандырып. Бір жетіден кейін қалага мылтықпен қаруланғандар, Шортандыдан согыс комиссары Гавриил Нестеров бір взвод солдатымен келіп, 15–16 адамды тұтқындағы. Ертеңіне 2 татар, 4 орыс, 4 таушеркешті Панасюк атылған алған алып шығып, бір дүркін оқлен атып тастады. Сол күні кешке ревком сайланды. Төрағасы Иван Панченко, орынбасары Серіккали Жақыпов, мүшелері: Б. Миңтахутденов, И. Камалов, И. Неверов, И. Рысин, Ж. Избасаров, З. Старостин, т. б. тағайындалды...” – дейді.

Бұл айтылғандарга біздің маман тарихшы ретінде берер жауабымыз біреу-ақ – олар ел талаумен айналысқан.

...Сонымен Таловкада нағыз Совет өкіметі орнады деп айта аламыз ба? Өз халқын тонаған “өкіметті” өкімет деуге бола ма? Анығында Панасюк, Панченко сияқты әпербакан “қызыл көздер” анқау елге арамза молда болып, 15–16 қарулы тобымен жергілікті өкімет билігін күшпен тартып алған. Екінші рет Алмалы, Шортандының орыстарына сүйеніп, қайтадан билікті колға алып, террор журғізіп, бейбіт халықты қанға бөктірген. Ақыр сонында Таловка

жеріне, оның тұрғындарына талай қайғы-қасірет өкелген өздері де өлім құшты.

Е. Панченко мен оның сыйбайластарының қылмыстық істері Бөкей облыстық Советінің I, III, IV съездерінде әнгіме болғаны белгілі. Милютин, Варламов баяндамаларында Е. Панченко ағасының өліміне Таловка кисымы тұрғындарының бөрі кінөлі деп, бейбіт тұрғындардан күн күйп, бандитизммен шұғылданғаны айтылған. Олар тұтқынға алынғанмен, 4-армиядағы Нестеров сияқты жақсы таныстарына сүйене отырып, жауапкершіліктен күтылып кетті, бандитизмін жалғастыра берді. Енді олар тіптен жауапты қызметкерлерді де үстай бастады. Ал Таловкаға жақын жерде тұрған 4-армия отрядтары мен Новоузенск ерекше боліміне арқа сүйеген Нестеров кисымда өз тәртібін орнатып, атком басшыларының кейбірін тұтқынға алды... Осындай шым-шытырық заманда Ергали Аязбаевтың:

*“Заманның мынау жалған шолағында,  
Жөн таптай надандықлен адасамын”, –*

дегеніндегі, небір қайратты, пысық жігіттер ел ішіндегі ылан, талау, жік-жікке боліну салдарынан қауіпті жолға түсken. Оган Ергали, Ахонғали сияқты арқалы, атақты өнер адамдарының өмірі, тағдыры куә. Талантқа табынып үйренген халқымыз бұларды “банды” деген жаман атка кимайды”.

\* \* \*

Ал бокейлік (астрахандық) тарихшы Х. Ермұратов (1893 – 1979) “Шұғылалы өлкө” кітабында:

“...Жана құрылған Совет өкіметі органдарының алғашқы қадамдарын кедейлер мен еңбекші шаруалар қуанышпен карсы алды, шығарған қаулы-каарларын шын ықыласпен макұлладады, ал байлар, саудагерлер, чиновниктер карсы болды. Олар революциялық комитет пен Халық Комиссарлары Советінің жұмыстарына

зиянкестік жасауға тырысты. Ал ревком еңбекшілер арасында большевиктердің саясатын түсіндіру жөнінде үтіт жұмысын бұрынғыдан да қүшетуге кірісті. Бұл үшін үгітші-насихатшы болуға қабілетті адамдар іріктеліп алынды, ауылдарга барған олар көпшілік арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп, ауылдық және болыстық Советтер үйымдастырды.

Мұндай жұмыстар 1918 жылдың басынан көктемге дейін Бекей даласының барлық ауылдарында тынбастан жүргізіліп жатты. Ірі темір жол поселкесі Жөнібекте Совет әкіметі бұл өнірде бәрінен бұрын орнады. Бұл кезде Астраханинан Жөнібекке большевик Михайлов келген еді. Ол село тұрғындарының революциялық қозғалысын басқарды. Соның нәтижесінде Уақытша үкімет өкілдігі жойылып, оның орнына жұмысшылар мен шаруалар Советі құрылды. Ал Таловка шағындау поселке бола тұрса да, географиялық жағынан Бекей облысының солтүстігінде Орал губерниясымен шектес Таловка уезінің әкімшілік орталығы.

Поселок тұрғындары орыс және казак аралас, көпшілігі кедейлер болатын. Солардың ішінде ағайынды Иван мен Ефим Панченколар поселкеде Уақытша әкімет органын құлатып, Совет әкіметін орнатуды ойлады. Сол кезде Таловкаға қызыл гвардияшыл отряд күру тапсырмасымен Астраханинан большевик Панасюк келді. Ол Панченко үйінде пәтерде тұрыш, қызыл гвардия отрядын үйымдастыруға кіріседі. Оған ең алдымен ағайынды Панченколар, солдат И. Рысин, З. Старостин, казак кедейлерінен С. Жакыпов, У. Жұмасейтов, Х. Жәрдемалиев, т. б. жазылды. Отряд бастығы болып И. Панченко тагайындалды. Отрядта 25-тен астам каруланған жауынгер болды. Большевик Панасюк пен отряд бастығы Панченко поселкедегі Земство әкіметінің бастықтарын күшпен қамауға алды. Сосын - поселкенің барлық тұрғындарын жинап, жиналыш жасады. Земство әкіметі жойылып, оның орнына Революциялық Комитет құрылғаны жарияланды... ", - дейді тарихшы Х. Ермұратов...

\* \* \*

Ал белгілі өлкетанушы, Қазақстанға енбекі сіңген мұтадім, енбек ардагері, устаз Иманбай Жұмағазиев (1896–1969) “Жайық шежіресі” атты кітабында Таловка өніріндегі сол кезеңдегі болған оқигаларды молынан келтіріп, быттай баяндайды:

“... 1918 жылдың көктемі. Таловканы большевиктер алды Совет құрган кез. Біздің N3 волисполком ауыл ауылдан кедей батырактан өкіл жіберуді сұрады. Біздің “Жамантай тубек” деген ауылдан Исабеков Бекмұқан деген кедей және мені, астымызға ат мінгізіп, болысқа өкіл жіберді. Волисполком кеңесі “Мереке” көлінде. Келдік. Кенсе толған өкім. Волисполкомның 15 мүшесі өздері мәжіліс өткізіп жатыр екен. Бекмұқан екеуміз мәлім болдық та, сыртта отырган көпке қосылдық. Халық көп жиналған екен. Байқаймын, атақты байлар көрінбейді. Жиналғандар – ұсақ байлар, орташалар, шаруалар, кедейлер, байлардың шабармандары мен айдансалдары.

Біраздан соң волисполком мүшелері келіп жиналыс ашты. Исмагулов Хайрош байларға прогрессивный налог түскенін жариялап, кімдерге неше сом налог мөлшерленген тізімін оқыды. Көп ішінен біреу Исмагулов Хайроштен:

– Бұл не деген налог? – деп сұрады.

– Бұл простой налог, – деп құлді Хайрош.

– Мә, саған простой налог! – деп Хайрошты біреу қамшымен тартып жіберді. Жұрт ду көтерілді. Сарт та сұрт қамшы. Кім кімді соғып жатқаны белгісіз...

Менің совет үкіметіне қызмет етуім осыдан басталды. Біздің N3 Волисполком кеңесі тұрған жер шабындық ортасы еді, соны қырға “Сағыналы қаройға” көшіру тиіс деген көпшілік каулысын уездік исполкомге бекіттіру үшін мені жіберді. Уездік исполком төрағасы Иван Панченко орта бойлы, ашаң бетті, арықтау жігіт екен. Секретары жалаң аяқ Иван екен. Панченко менің әкелген қағазымды секретарына берді де, өзі шығып кетті. Иван қағазды оқыды да, қағаз жазып, конвертке салып, сыртына N3 болысқа адрес жазды. Конвертті маған беріп жатып “перекочуйте”

деді... Содан кейін мені біздің №3 болыска болінген 400 пүт астықты өкелуге жұмсады, қасыма бір адамды кости. Он жеті түйе арба лау жиып Таловкаға бардық. Астықты тиедік, паромнан откіздік. Оны тізім бойынша кедейлерге улестіріп беру де маган жүктеді. Оны да орындаым... Менің істегендерім осылар сияқты жұмыстар болды.

Пішеннік басталуға таяу кез. Бір күні Таловканы актар алыпты, участковый Комитет обороны құрылып, председателі Мұхамбетрахим Карабаев тұрыпты деп естідік. Артынша волостной исполнком мүшелерін Таловкаға шақырган шапқыншы да келді. Келесі күні Қарабала Фаббасов, Медет Идрисов, Қажғали Мырзагалиев және мен төртеуіміз Таловкаға журдік. Мұрсел Оспанов Қамыстықөл, Саралжын жактағы байлардан налог жинауга қырға шығып кеткен еді. Ол байлардан налогін жинап, кенсеге бет алып, жайлаудағы алашаларға келіп конып жатқанда, сонынан байлардың жұмсаған адамдары қуып келіп, Мұрселді сабап-сабап, бар ақшасын тартып өкеткен. Актармен астыртын байланыс жасап тұрган байлар Таловканы актар алғанын сол күні естіген екен. Мұрсел бұдан бейхабар. Таловканы актар алғанын кенсеге келген соң естіп, артымыздан қуып жетті. Болған оқиғаны айтты. Үйықтан жатқанда бассалыш үстап 3–4 кісі емін-еркін қамшылаған екен. Таңбасын көрсетті, үсті-басын көқала қойдай етіп таңбалапты. Мұрсел – екі колы шолак (ку жұдырық), бір көзі, соқыр, мүгедек адам. Аянышты болды, бірақ қолдан келер ештеңе жок.. “Барған соң жәбірінді айт, таңбаны көрсет. М. Карабаев өзіндей мұғалім-учитель ғой” дестік. Сосын председатель Карабаевқа сөлем бердік. Мұрсел жәбірін айтып, таңбасын көрсетті. Мұхамедрахим оған:

— От имени советской власти, вы грабители народа. Иди вон, — деп, Мұрселді кенседен қуып шығартты... Қалғандарымызға ала көзімен қарап:

— Большевиктер өмір сүре алмайды. Жок болуының алды — осы. Жан-жактан қоршап келе жатқанын өздерің де естіп жүрген шығарсыз. Халықты түсіндіріп, большевикке тілекtes емес адамдардан волисполком оборонын

басқаратын адамдар сайлатыныз. Сайлаған кісілерге істерінді тапсырындар. Большевиктерге көмектеспендер, — деп үттеп бізді кайтарды.

Ертеңіс “Қаройға” келдік. Жиналған байлар Волик обороны N3 волостқа председательдікке Сапарғали Мералиевті койды...

Бір күні уездік советтің мәжілісі болатын болды. Мәжіліске келе жатқанда Ізбасар маган реті келсе сені Сапарғалидың жаздай тегін шабарман жасағанын жасырма және ана 12 адамды аман алыш қалған қағазынды көрсет, ол саған пайдалы қағаз деген.

Мәжіліс ашарда Ефим Панченко қыскаша сөз сөйлемді. Сөзінің көбі актардың халыққа тиғен зияны, большевиктерді аяусыз қырғаны туралы болды. Сөзінің сонында, біздің арамызда кешегі актарға араласқан кісі болмасын, болса қазір айтсын, жасырмасын. Сонынан білінсе жаман болады, — деді.

Ала жаздай актардан қашқын болған, туған-туысқандарын актар өлтіріп, тұмасы Иванды актар өлтірген, Ефим бәрі де ашулы, көздері канталаған жүздеріне тіке карай алмайсын. Адам өлтіру оларға шыбын өлтірумен бірдей. Ефим өлті сөзді айтқанда шошып кеттім. Ізбасармен қатар отыр едім. Маган айт дегендей етті, орнынан тұрып мен дей бергенімде-ак қаракалпактар нағыз жауымыз табылды дегендей маган қарай ежірейісе бастады. Ізбасар тұрып сойлең жатыр, іште де, сыртта да қатты-қатты дауыстар көтерілді. Бір кезде есіктің ілгешегін жұлып сырттан адамдар келді. У-шу, оның сөзін естіртер емес, бәрі қатар сойлең жатыр. Ефим столды соғып, жүртты тыныштандырды.

— Түсіндірінізші, — деді.

Мен қағазымды Ефимге ұсындым. Ол секретарына оқы деді. Оқыды. Тізімнен аты аталған кезде мен, мен деп кеуделеріне соғып тұрды. Осы бала біз үшін жанын қызып қызмет етті, біздерге хабарлады. Біздер елден қашып кеттік, бұл бала болмағанда бәріміз де бұ дүниеден кеткен болар едік десті. Ефим бәрін таниды. Мән- жайға Ефим енді түсініп орнынан тұрып маган қарап:

— Молодец, канша қызыл партизандарды аман алыш калған. Молодец. Бірсү осылай себеп етсе, біздің Иван да...  
— деп сөзін аяктай алмай қөнілі бұзылды. Секретарына ана қара қағазды тізімге тірке. Бұл жігітті маган секретарь стініз...

... Мәжіліс әлі басталмаса да Ефим уездік советке председатель большіп-ақ қалған-ау деп ойладым ішімнен. Бәрі маган жылы жұздерімен қарасты. Көп алдында көзге түсіп, мақтау алып, котеріліп қалдым... Сонымен Е. Панченко уездік советтің председателіне сайлады, орынбасарына Ерғали Аязбаевты, секретарь етіп Дмитриев деген орысты қойды.

1918 жылғы жаз бойы еріксіз үзілістен соң Совет жұмысына менің қайта кірісім осыдан басталды (1918. 29. 10. N52. зам. пред. Ерғали Аязбаев колымен берген мандатымның түпнұсқасы әлі бар).

Сол кезде Бөкей губерниясымыз, ал губерния орталығы — Орда. Ал Орда жағы бізді Таловкада совет үкіметі жок, бастығы Е. Панченко болып совет үкіметі атағын жамылған ел тонаушылар, —дейді. Ал Таловка жағы, Орда шын большевик емес, меньшевик, —дейді.

Уездік советтің бір отырысында Ізбасар Камалов “Орда —меньшевик”, — деп мәселе котеріп сез сөйлемді. Оның сөзін бәріміз қостадық “Орда — меньшевик” деп қаулы шығарды. Протоколға уездік советтің барлық мүшелері қол койдық. Көп күндер өтті, ол әнгіме ұмытылды.

Бірде отряд актарды қуып қырға шығып кеткен, Таловкада тек часовийлар ғана бар. Панченко жарапанып, больницида жатыр. Күннің қысқарған кезі, кенсеге елең-аланда жиналамыз. Бір күні жиналап жатқанымызда бір қызметкер: “Мен бір хабар естідім, осы түнде бір топ солдат Ахонгалидікін қамап, өзін үстап, үйін тінтіпті. Тілеп кашып кетіпті. Одан шығып Бокайдың үйін қамап, үстап алып, бұнын да үйін тінтіпті. Барлық қаруларын сыптып алыпты, қымбат бүйімдарын да алыпты. Өздерін әкеліп қамап тастапты”, — деді...

Жаңсақ болар дедік. Соны айтып ауыз жиганша болған жок, кек темір күрсанған бір топ солдат біздің кенсени

коршады да алды. Үшеуі кенсеге кірді, орын бердік. ЧК-дан келген уполномоченныймын. Совет мүшелерін түгел жинаңыз, — деп бұйырды. Үездік совет мүшелерінің Е. Панченкодан басқасы түгел жиналды. Есік-терезеге солдаттар қойылды, бәрімізде де зәре жок. Алдаң келіп жүрген актар ма деп коркысыпты. Қазак переводчигі бар — Досығұл Темірәлиев. Үездік Советтің мәжіліс протоколын жазатын книганы сұрады. Ол жок болды. Мәжіліс протоколын болек қағазға жазамыз да, тиісті орынга соның түпнұсқасын жібереміз, копиясын алған калмаймыз, — деді секретарь Дмитриев.

Өздерінің қағаздарынан қарап совет мүшелерін жауаптай бастады. Әуелі біздің продовольственный комитетіміз — Тимофей Конобеевті жауаптады. Мұның өзі жел диірмен үстаган шаруалы адам еді, зәре-құты қалмады. Атын-жөнін, жасын жазған сон:

— Үездік Советтің пәлен күні болған мәжілісінде болдың ба? — деп сұралы.

— Мәжілістен қалмаймын, қатысамын.

— Жақсы, сол күні мәжілісте қандай мәселе каралды?

— Мәжіліс жиі-жиі болып тұрады, қай күнгі мәжілісте қандай мәселе каралғаны есімде жок.

Мәжіліс протоколына кімдер қатысқаны көрсетілмейтін. Бәріне кол қойдыратын. Кол қоя билетін кісі көп емес, кебі таңба салады, біреулер арабша қояды. Орысша қоятындар иректей салады. Соның бірі — мен. Анықтап тұрып кол қоятын жалғыз Тимофей. Одан әуелі сұрап отырғаны сол екен. Бір кезде Досығұл бір қағазды қарап: “Илжұман ба, ол кім? Ешкім жауап қайырган жок, қолындағы қағазға көзімнің қызығын салсам, біздің мәжіліс протоколымыз, бәріміздің қолымыз баттиш тұр.

— “Орда — менышевик” деген мәселе каралғаны есінде бар ма?

— Оны Ізбасар Камалов айтты, — деді Конобеев. Ізбасар орнынан тұрып:

— Маған бір ауыз сөз бер. — Ана кісі айт дегендей еткенде:

— Мен жана түсіндім. Бұган мен жауаптымын, менен сұра, — деді...

Біздің “Орда – меньшевик” деп мәселе қараган мәжіліс протоколы төртінші армияга жіберілген екен. ЧК-дан әдей өкіл келіпті. Орданы тексерсе, Ордала совет үкіметі. Қанша тексергендерімен еш киянат таба алмайды. Губисполком, губком адамдарымен құпия сөйлесіп көре олар: “Таловкеде совет үкіметі өлі құрылған жок. Қазір онда Ефим Панченко, Ахонгали, Тілеп, Бокай, Салық, Ергали Аязбаев сияқты кілең жартыбастар бастаган ел тонаушылар. Бізге багынбайды, совет үкіметін атақ етіп ойларына келгенін жасап жаткан кілең бұзықтар, – деп жамандап, ЧК-ны бізге жіберген екенін сонынан түсіндік.

Конобеевті отырғызды да, Ізбасардан сұрауга кірісті. Аты-жөні т.б. мәліметтерді сұрай жазып болған соң, Ізбасар:

— Мен сөзімді орысша айтып толық жеткізе алмаймын. Досыгүл сен дұрыс переводта және дұрыс жаз. Бұл мәселе туралы айтатынным мынау: “Орда – меньшевик” деп уезді совет мәжілісіне мәселе қойып және түсінік берген мен. Онда сондай “Орда – меньшевик” деген сөзімді казір де кайталап айтамын. Дағелдерім мыналар:

Біріншіден, Таловкада совет үкіметі құрылып, 2-3 ай тұрган соң актар келіп алды. Қарсыласуға күш болмады. Ала жаздай Таловка актардың қолында болды. Совет тұсында уездік советтің председателі болған Иван Панченкоден бастап большевикке араласқан кедей батырақтардан совет үкіметіне тілекtes адамдардан қолына түскендерін актар мировой соттармен соттап, атқандарын атып, аскандарын асып өлтірді. Қошшілігін сотсыз арам таяққа салып сабап өлтірді. Актар Таловка мен Алмалыны төрт ай жарым биледі. Осы мезгіл ішінде Таловка мен Алмалы қарауынан небəрі 672 адам, яғни алты жүз жетпіс екі кедей-батырақ большевиктерді өлтірді. Сол уақытта біздер Ефим Панченкомен бірге Шортанды жағында төртінші армияны паналап, кашып жүрдік. Таловка–Алмалымен жиі-жиі хабарласып, кейде жасырын өзіміз де келіп-кетіп жүрдік. Актардың кай күні, кай орында кімдерді қалай өлтіргенінің

менде толық тізімі бар, — деп, койын дәптерін алыш, столға койып: — Мына дәптердің ішінде, — деді. Сол уақыттарда Орда — большевик, сексен жігіт армиясы бар. Таловка елі ез қарамагындағы еді, неге келіп арашаламады? Міне, Орданы меньшевик деуімнің бір себебі.

Екіншіден, актарға Орданың күші жетпейтін болған болар-ау деу тағы дәлелсіз. Өйткені көбі құр қол, тек карасына ерткен кісілер небәрі 18 адаммен Таловканы Панченколар қалай алды? Сол 18-дің бірі мен — Ізбасар Камалов.

Үшіншіден, күшіміз жетпес деп қорықкан болғанда актар граждандардың қанын төгіп жатыр. Құтқаруға әліміз келмей түр. Көмек берініз деп, не Астрахандағы 2-ші армияға, не Шортандыдағы 4-ші армия бастығына хабарлады ма еken, Орда? Жок, хабарлаған жок. Мен жақсы білем, тексерініз егер сол кезде хабарлаған болып бір жапырак документ табылса, мен жауапты болайын.

Төртіншіден, білмеді, естімеді деуге Ордадан Таловкага шай, мата өкеліп, астықка ауыстырып, Таловқадан Ордага астық тасыған саудагерлер керуені ала жаздай тоқтаған жок. Актардың халықты қырып жатқанын ала жаздай білмеді ме? Естімеді ме? Керуен басында Орданың “большевик” әкімдерінің өздері жүрді.

Орда — большевик, ал Таловка актардың қолында. Азамат соғысы кезі. Осындай жағдайда ақ пеи қызыл арасында тап-тату қарым-қатынас, сауда-саттық бола ма?

Бесіншіден, Таловканы біздер алғасын екі аптадан сон мен командировкамен Ордага барлым. Сонда маган Орданың большевик өкілдерінің бірі — Батырхайыр Ниязов көшеде кездесіп: “Сендер елді тонап жатырсындар”, — деп, маган зілді көзімен қарады. Біз ешкімді де тонаган жоқтыз, ал байлардан ат мініп, ас ішетініміз рас. Колына кару алыш шықкан қызыл армиямыз жаяу жүре алмайды, аш жүре алмайды. Актардың кедей-батырактарды адам айтқысыз жазалап, асып-кесіп жатқанын ала жаздай естімесе де, байлардың аты мініліп, асы ішілгенін сол күні естіп қалыпты, сволоч! Таловқадан қашқан контрреволюционерлер, байлар,

ірі-ірі саудагерлер Ордаға барып паналап, Таловканы актардан босатқан біздердің үстімізден арыздал, сонда толып жур. Батырхайырдың әлгі сезі – солардың сезі.

Үшінші рет кайталап айтамын: “Орда – меньшевик”, мен Орданың енбекші елін меньшевик демеймін, қазіргі басшыларының кейбірін айтамын. Олардың көбі патша үкіметі кезіндегі әкімдер, аксүйектер. Ал қазір сыртын ғана қызартқан өтірік большевиктер, қой терісін жамылған қасқырлар. Батырхайыр Ниязов, Мәжит Шомбалов, Қадыр Азербаев, Фазиз Мұсағалиев, – деп санап он шактыға апарды.

– Осылар жойылмай тұрғанда Орда дұрыс большевик болып кете алмайды, – деп тоқтады. Әнгіме басталғанына бес-алты сағат өтті.

– Тағы айтарының бар ма? – деді жауап алушы.

– Бар.

– Онда мына жолдастарды босқа ұстамай босаталық та, Темірәлиев үшеуіміз ғана қалып, оңаша қойлеселік.

– Сізбен шын шешіліп сойлесуге мен мына Темірәлиев жолдасқа сенбеймін. Бұл бывший царьский чиновник болған адам. Мен өзім переводчик алдырайын, – деді Ізбасар.

– Не надо переводчика. Я вас понимаю. А, вы товарищ Темралиев, не обижайтесь. Видите тов. Камалов хочет разговаривать со мной на едине, – деді ЧК оқілі.

Біздер тарадық. Асты алдырып ішіп, екеуі түнімен сойлесіпті. Ұстаган адамдарын (Ахонғали, Бокайларды) босатып, қаруларын, заттарын кайтарып беріп, өздері түнде кетіп қалыпты. Ордаға ЧК қайтып барып, барлық қызметкерлерді жинап алып, арнайы анкета толтыртып, біраз әлекепті деген хабар болды.

Көп ұзамай Ізбасар Камалов командировкамен та-ты Ордаға кетті. Ол кезде баласы Жұмағали Ізбасаров Ордаға қызмет етеді. Сол баласының үйінде ауырып Ізбасар Камалов қайтыс болды, тифпен ауырып қайтыпты. Зираты Хан мolasында. Ол кезде орысша сауатты қазак ете аз еді... ”.

\* \* \*

“... 1918 жылғы сентябрьдің 1-нен бастап 10-на дейін облыстық Советтің екінші съезінің шакырылуы Бөкей даласының өміріндегі елеулі оқиға болды. Съездің шакырылуына және оның жұмысына Москвадан келген Ұлт істері жөніндегі Халық комиссариатының жаһындағы казак белімінің менгерушісі, ВЦИК мүшесі Мұхамедияр Тұнгашин қызмет етті. Съезде баяндама жасады, онда Ордада қазактың өскери белімін құруға толық мүмкіндік барлығын айтты. Съезд қазактың атты әскер полкі құрылсын деп бір ауыздан қаулы алды.

Кейін осылайша өскери белімдерін құру үшін Ордада әдейі үтіт-насихат белімі құрылды.

Жиналыстардан кейін іле-шала қазак жастары үйымдақшалы жаткан қазак атты әскер полкінің өкіліне ерікті түрде топ-тобымен келіп, жазылыш жатты”, – дейді ұстаз-тарихшы Х. Ермұратов.

\* \* \*

*Енді Ергали Аязбайұлының сұрап-жсауабын жалғастыралық:*

“Соңынан I казан 1918 жылы Лысаков отряды (800 адам) Ново-Узен уезінен Таловкаға қайта бет алды. Мен аларды “Ақбулақ” деген жерде қарсы алып Таловкаға бастап келдім. Сол күні үлкен жиналыста мені Таловка ауданының төрағасы етіп сайлады. Ағайынды Собитовтер Лысаков тобына қайта косылды”.

Бұдан кейін біз Ергалидың көрсетуінен төмендегі жайларды анғарамыз. Сол жылы желтоқсан айында оны Орда губерниялық өскери комиссариаты шақырып, сонда барады.

“Орныма орынбасарым Тимофей Канабаевты (дұрысы Конобеевті – Л. К.) тағайындағым (ол казір де Таловкада тұрады). Онда өскери комиссарлар Мұхамедияр Тұнгашин мен Вадим Лукашов маған өз ауданымызда актармен күресу үшін жас қазак жігіттерінен өскери атты полк құруды жүктеді. Таловкаға оралып бір айдың ішінде (18 кантар

1919 жылы) 313 адамды Ордага бастап барып, өскери кабылдау комиссиясына табыстадым. 308 адам қабылданды. Сол жерде жігіттерді ат үстінде, ал мені жаяу солардың жасанында суретке түсірді. Содан уш ай Ордада дайындыктан оттік...”, – дейді Ергали (Сонда).

\* \* \*

Ардагер ұстаз Иманбай Жұмағазиев ойын одан әрі жалғастырып, былай дейді:

“...Сол кезде атымды ауылға қайтарып жіберіп, мұгалімдер даярлайтын курстың ашылуын күтті Ордада жаттым. Қол бос. Тұнғашин отрядына Ергали Аязбаевтың Таловка қарауына бес жүздей жігіт жиып барған кезі. Жігіттер армия формасын киген, елдегідей алак-салақ емес. Үакытымен занятияға катысады. Отрядта адамдар көп, әр ауданнан да бар. Орда жағының жігіттері Таловка жігіттерімен араласпайды, іргесін аулақ салады, қыңыр көздерімен қарайды. Ойын жасаған жиындарда Таловка жігіттерін кіргізбейді. Ұрыс-қарыс та болып қалып журді. Таловка жігіттерінің бастығы Ергали Аязбаев бұл жайды Тұнғашинге айтып, содан соң Таловка жігіттерінің ойын-сауық откізуіне арнайы күн белгілеп, сол күні клубты бізге беретін болды. Таловка жігіттері болып “Малдыбай” пьесасын қойды. Мен өзімнің бұрын ойнаған ролімді ойнадым. Анда-санда сауық-кештерін откіземіз, сол ортада ете қызық, көнілді болып өтіп журді.

Ордалағы мекеме қызметкерлері біздің Таловкадағы қызметкерлердегі қалай болса-солай киінетіндер емес. Үстерінде қымбат пальто, бастарында каракөл бөрік, аяқтарында жылтыр етіп болып келеді. Көздерінде алтын оправалы пенсіне, қолдарында шолтандаған қырым таяқ, саусақтарында жауһар көзді алтын сақина – аумаган бұрынғы төрелер. Қәшеде аспанға қарап журеді, алдында түйе жатса да көрер емес. Шамалы кісіге көзінің қырын да салмайды, онын берген сөлемін де алмайды. Осыларды көргенде ішімнен Ізбасар Камалов марқұмынц айтқан “меншевигі” тап осылар болар деп ойлаймын. Ондағы

қызметкерлерден жалғыз Сейтқали Мендешевтен басқа адаммен сейлескен дұрыс қызметкер көрмедім...

Ізбасар Камаловтың бізге айтқан түсніктері бойынша, Уали мен Пангерей – партия қатарына жатпайтын адамдар. Бұл қалай? деп ойлаймын. Ерғали Аязбаев та партия мүшесі. Ерғали белгілі ұры-конокрад, бірақ ол үрласа байлардан үрлады бір кезде. Совет үкіметіне қарсы ниеттегі кісі емес...”.

Ерғали: сұрақ-жауабы жалғасуда:

“Мамыр айында 400 атты әскермен Таловкаға келген...

Олар осы аймакта қыркүйек айының ортасына шейін болған. Сыркатына байланысты Ерғали үш айға демалыска шығып, оны ж. Хвалдин алмастырды. Қараша айында Ерғалиды Орда уездік әскери комиссариаттың ұсынысымен Саратов губерниясы Ново-Узен уезінде қайта ұйымдастырылған IV Армияның кавалерия полкіне керекті аттарды дайындаушы-агенті стіл тағайындалды. Ол науқан 1920 жылы сөүір айында аяқталған соң үйге оралып, мамыршілде айларында Таловкада аудандық милиция бастығы болып істейді. Кейін ез үйінің шаруасымен айналысады... (Сонда)

“1922 жылы маусым айында Орда қаласынан екі адам келіп (аты-жөндерін білмеймін), мені тұтқындаған бол алтын кетті. Ордага барғанмен милиция бастығы еш нөрсе сұрамастаң сол күні босатты. Ол керісінше Таловка ауданы бойынша мал үрлаушылармен күресу үшін аудандық милиция жсанындағы арнаіы бөлімде жұмыс істеуге қолыма тиісті документ берді. Мен қайта оралып, милиция бастығының тапсырмасын орындауға кірістім. Сол 1922 жылы маусым айында Бокай Сәбитов те тұтқындалған болатын, бірақ ол жол-жөнекей қашып кетті. Желтоқсан айында жұмыста Бокай уездік ГПУ қызметкери кеп, қайта тұтқындан, мені Жаңақалаға жеткізді. Онда он жеті күндей болған соң, ешбір сұрақ-жауап алмастан тағы босатты. Мені жалған көрсетумен үстаган болды. Олар бұрынғы актардың күйышықтары – Қанзада Жаленов,

Қабдеш Бұлқанов дегендер. Олар қазір сол Бостандық аулында тұрып жатыр. Менің 1918–22 жылдары революцияға күткіншілік істеп үшін өздерінше өш алмақшы болғандар.

1924 жылы мамыр айында Ново-Узен милициясы менің кіші ұлым Ахметті сол ауданның “Дергач” деген жерінде (Саратов губерниясы) 18 бас жылдың үрлады деген желеумен оны тұтқындаған. Жылдың үрланғанды маган милиция бастығы Хафиз Абетов пен Ефим Панченко айтқан болатын. Олар сол малды іздеп табуды отінген-ди. Іздедік, бірақ мал таптырмады. Бұдан кейін мен өз шаруаммен Жаңақала жаққа кеткем, келсем балам Ахметті камап қойыпты. Е. Панченко бойбішемнен 50 сом алып Ново-Узенге кетіпти, мақсаты Ахметті біржола босатып алу. Ол үш күннен кейін кеп, енді 200 сом берсек Ахметті біржола босатып аlam дейді, өйтпесе олар сені және ұлың Жұмабайды қоса тұтқындауды дегені. Ал менің естігенім, ол әлгі малдың иесінен “жылқынды тауып берем” деп біраз бидай алыпты, енді келіп тағы ақша талап етіп, мені кінәмі етпекші. Мен ақша бере алмадым, өйткені сонша қаражатты ешқашан таба алар емеспін. Ал әйелім алдында бір сиырды сатып, 50 сом ақша берген, ол кезде шаруамда екі сиыр, бір ат қана болатын. Абұйыр болғанда Жұмабай екеумізді ешкім тұтқындауды, ал ұлым Ахмет үш ай отырып, екі адамның кепілдігімен үйге оралды. Куанышқа ауылдастарымды шакырып, кой сойып, садақа бердік”.

\* \* \*

### Ерғали:

“... Келер күні түнде Таловқадан милиция әтіреті кеп (кімдер екенін білмеймін) үйді коршап, есікті ашууды талап етті. Үйде екі ұлым және Гүсман Бияқаев деген конак бар еді, мен келгендерге: “Егер әкімет адамдары болсаңдар, ертең күндіз келіңдер. Ал түнде келгендерге есік ашылмайды!” – дедім. Олардан ешқандай жауап болмады, бірақ үйімізді өрт жіберді. Өздері елу қадам жер кейін тұрып үйімізді коршады. Тек Таловка жағы ашық болды.

Әйелдеріміз бен Ахмет жалан аяқ терезеден кашып шыкты.  
Біз Жұмабай, Ғұсман үшеуміз атпен ашық жақтан кашып,  
орттен орен күтылдык.

Кыркүйек-караша айлары (1924 жылы) біз жасасырының журуге мәжбүр болдык. Ал караша айында Орынборға, КазЦИК-ке барып, кінәміз болса мойында, өтініш айтуда бел байладым. Біз б караша 1924 жылы Орал губерниясының Жымпіты ауданын бетке алып жолға шықтык. Екі күннен кейін катты боран болып, улым Ахмет жөне уш адам кері кайтты. Боран ілгері журуге мүмкіндік бермедин. Сосын Жұмабай екеуміз әйелдерімізben біреудін үйінде кондык. Максатымыз – боран ашылған соң қалайда Орынборға жету. Біз сол үйде 15–20 күндей болдык. Сол кезде Орал ГО ОГПУ Жымпіты уезінің өкілі Титов Жұмабай екеумізді тұтқындаپ, Оралға (5 ақпан 1925 жылы) жөнелтті. Әйелдеріміз сол үйде калды. Тек бір жылдан кейін (5 ақпан 1926 жылы) бізді Орал губернияның аға төргеушісі ж. Тасымов жерлестеріміз Сары Даулетияров, Жұнісбек Саркайшинов, Даулет Бекбатыровтардың кепілдіктерімен Орал түрмесінен босатып, үйімізге жіберді. Содан мен үйде өз шаруаммен айналыстым. Осы кезде бізге баяғы Бокай Сәбитов өз адамдарымен келген-ді. Ниеті – менімен достасу. Себебі революция кезінде Е. Панченко әтіретінде жүргендеге мен онымен ренжісіп қалғанмын. Олар сол кезде Карапайым адамдардың мал-мұлкін талан-таражға салған. Сондыктан мен оларға карсы болым, Москва, ЦИК-ке арыз жібердім. Сосын Бекей губернаторының тапсырмасымен ресми түрде Москваға барып, екеуінің қарекеттерін баяндагам. Енді сол Б. Сәбитов менімен достасуға келген... Бірак Б. Сәбитов өз тобымен 1926 ж. наурыз айында тұтқындалды..." (Сонда).

Ергалидың сұрақ-жауабы жалғасуда.

"Кыркүйек айында Сломхин базарында мен ескі танысым Мухамбетқали Қашқынбаевты көздестіріп:

— Егер мүмкін болса маган Атырау өнірінен Аманғали Кенжакхметовты конакқа шақырып алып қелсен, мен кару-жарак, оқ-дөрі де табамын, — дедім. Ол келісті. Бірак менің негізігі максатым бұрыннан өкімет адамдарымен келісім

бойынша Амангалиды үстап беру керек еді. Сөйтіп М. Кашқынбаев 13 қараша 1926 жылы таңертенгілік маган Амангалидың торт адамын – Мұхамбетберлі Орынбаевты, әйелі Балқан мен екі адамды, қару-жараптары мен жынырмадай бас жылқы айдан әкелді. Амангали өзі келмей қалған. Мен М. Орынбаевты адамдарымен бірден тұтқындал, бар қару-жарапты, малды милицияға табыстыдым. Мені осы кезден бастап 1927 жылы наурыз айына шейін мал үрлаушылар тобын үстауга жүмсады. Сол кезде Оралдан баяғы тергеуіш ж. Тасымов кеп балам екеумізді Таловка милиция бастығы Хафіз Үйдірысовка тапсырды. Камерага кірсек, Бокай Сөйтіов және Аманша Қиясов деген отыр екен. Алдарында шарап, бізді шакырды. Сөйтісе шарап Х. Үйдірысовтың руксатымен әкелінген. Сол күні тұс ауа тогыз адамды түйеге жеккен шанамен Алғай стансасына алып жүрді. Үш конвой-милиционер Тайшым, сот орындаушысы Зулхарнайын Бисалиев және кезекші Ионов. Екеуді аттылы, бірі шанада. Адамдарын көбі мас, шанада шараптың тағы 5–6 бөтөлкесі жатты. Таловка тұргыны Т. Дәүлетханов пен ауылдастым Б. Мухаметияров ат жеккен шанамен бірге жүрді. Жол-жонекей мениң бір танысым Куспан Сабыров карсы жалықты. Біз тоқтап аз-мұз өңгімелестік. Конвой карсы болған жоқ, олар да ішіп алғандар еді. Сол сәтте: “Таста қаруыңды!” – деген дауыс шықты да, мылтық атылды. Сөйтісе әлгі Дәүлетхановтың қолында винтовка, атқан сол екен. Конвойдағылар винтовкаларын лақтырып тастанды, ал милиционер Тайшым тұра қашты. Мен атқа міне сап артынан кудым, қолымда қару бар ма, қазір есімде жоқ. Оны қайтарып әжелгенде ол маган наганын тапсырды. Тағы екі винтовка, бір қылыш қолға түсті. Сосын біз екі топқа болініп, ауыл-ауылымызға қайттык. Содан кейін тобымда алты адам, Жаңақала ауданынан жылқы алуға бардық. Осындаі жүрістін бірінде, маусым айының екісінде бізге Амангали мен әйелі Мұхсина келіп косылды...” (Сонда).

Енді аз-мұз шегініс жасап, оқырманға Амангали туралы шағын маглұмат айталақ. Ол кім? Амангали да әнші болған, кейін “банды” атанип, 1928 жылы қаза тапқан.

Қазақстан Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Хамит Ерғали ағамыз Амангали хикаясының сырынан біраз хабары бар созін бытай бастап еді:

“Саф алтындаі саз берің сөздің майталманы Амангали хақында әңгіме таусылмайды. Әлқисса,

*Оқымай жас күнімде қара таныдым,  
Хөрпін келтіре алмай шала таныдым.  
Аралап кең Нарынды жүргенімде,  
Себектен Амангали банды атандым...*

Іө, қазақтың осынау серісі қалай банды атанды?.. Немесе Амангалиды осынша ашындырған қандай трагедия? Соны ғана соз етейін.

Отзынышы жылдардың басында Атырауда ФЗО-да менің ага досым Амангалиұлы Нагымжан болған. Осы Нагымжанға саби күнінде атастырған қыздың әкесі Қайыр Қарымбаев әрі бата бұзып, әрі алған қалынмалды қайтармаган. Ардан жаратылған Амангали Қайыр ауылын шапқан.

Серіні судья Жұмагали Жанғожин соттамасқа шарасыз. Ауыл төрағасы Отарғали да солай. Ақсақалдар бітістіре салатын заман смес. Өз ауылынан үкім арқалап сыйылышп келген Амангалиды қөріп отырып, үстап беремесе Адай уезінің правителі Тобанияз да ез басына пәле тілеп алады.

Ал Орал түрмесінен қашып шықкан Амангали жан сактау үшін енді жалғыз журмей, жасақтанып, бой тасалайды. Бірақ іс насырға шапты. Елдің бетке үстар беделділерін бір-біріне айдалап салып құрту, ГПУ-ға керегі де осы еді. Ол Амангалидың соңына атты әскер салды, елдегі туыстарын түгелдей қутынға үшыратты, бір орайда орыс әскері Амангали тобынан Нагымды да қолға тусіреді. Қаскейлік онымен тынған жок. Жұмагалидың інісі мен баласын Амангали өлтірді деп келдік. Бұдан кейін ол банды атанағанда қайтеді? Бірақ кейін есі кіріп, көзі ашыла бастаған елден естігенім: өлгілерді Амангали тобына кірген чекистер жансызы өлтірген. Сол расқа келеді. Босе, босе, ейткені: “Үйіне Отарғали екі барып, Хайуанды өлтіруге кия алмадым”, — деп кісі қанын төгуге қолы бармайтынын

ол өзінің өлеңінде де айтады. Қас дүшпанына соншалық кимастық жасаған адам бейкүнә балалар обалын арқаламайды... Сол жансыздың бірі сонынан Амангалидың жансерігі – жұбайы Мұхсинаны да үстап береді...

Ел іші Амангалиды қанша жасырса да уш жылдан артық сақтай алған жоқ. Оған қоса талай боздақ қыршынынан киылды. Ал соның артынша Амангалиға қарсы жумсалған Жұмагалиды да, Отаргалиды да, Тобаниязды да сол ГПУ, сол НКВД өз қолынан о дүниеге аттандырды.

Бұл трагедия құрбандарының, яғни бейкүнә төгілген каннның отеуі – Амангалидың осынау саздары мен создері. Оны халық жетпіс жылдай жен ішінде сақтағы. Ие, бұл аяулы азаматтың аса қымбатқа түскен асыл аманаты еді-ау..."

Хамаң сексеннің сенгіріне шыгар алдында өз үйінің төр жағындағы кең жұмыс болмесінде жұмсақ орындыққа жайлыш орналасып, сөрелері толы кітаптарын жанарыммен барлай шоюш, түйдек-түйдек ойларын, түйінді пайымдауларын кейде аса бір сабырлы, байышпен сабактағы, кейде толғана тебіреніп, ақынға тән еркін дауыспен сахарадай кенсарайын жаңғырықтырып, осылайша саңқылдарап сойлеп кеткен. Сол бір сөттерде баяғы бала кезінде өзінің туган өлкесінде откізіп, алласаптыран кезенің айқыш-үйқыш, атыс-шабыс оқигаларынан сұрыптағып сыр тартып, оны ой елегінен откізіп, ағынан жарылған-ды. Әңгімесін осылай сабактаған.

Амангали туралы сез қозғар алдында оның елеңдерінің бірекі шумагын нақышына келтіріп, үлкен ақындық шабытпен:

*Үстіме кидім бешпет қыл қарадан,  
Түймесін қыл қараның қызы қадаган.  
Нагымжсан қапияда қолға түсті-ау,  
Жан тәтті, ол шіркінге кім қараган?!*

*Ақбоз ат жау көрмеген еліреді-аї,  
Мұхсина өзімізге серік еді-аї.  
Шырқырап Нагым аттан құлаганда,  
Алам деп екі айналып келіп еді-аї,* –

деп өз мақамымен өнін шырқап та жіберген.

Жоғарыда айтқан оқиғалар рет-ретімен көз алдынан өтіп жатқандай жанары кейде жарқылдаپ, кейде тұңғызық мүнды ойға шомып, ұзак бір нүктеге қадалып, қас қақпай отырып алған-ды. Оның сырын үфу үшін ақынның “Ғұмырнамасын” оку керек-ті.

Ал Аманғали Гурьев уездік қылмысты істер бөлімінің бастығы Куляшовқа жазған хатында өз жағдайын былай баяндайды:

Гурьев уездік қылмысты істері  
бөлімінің бастығы Куляшовқа  
азамат Аманғали Кенжахметовтің

### Хат

“Мен Сіздің бірінші хатыңызды алғаным жоқ, ал мына екінші хатыңызды алған бойда жсауабын жасып, Сізге өз іс-әрекетімді, хал-қүйімді, алдагы мақсатымды хабарлап отырмын.

Біріншіден, бұдан ертеректе, яғни патша заманында мен өзімнің үлкен ұлыма, сәби кезінде, Қайыр Қарымбаевтың кішкентай қызын айттырып, бесік құда болғанбыз. Ата салтымен сұраған қалыңмалын беріп, баталасқанбыз. Сонымен біз құдалар бол біраз уақыт тату-тәтті өмір сүрдік.

Соңғы кездері мен біраз кедейленіп қалым және сөйтіп жүргенде Кеңес өкіметі кеп орнады. Сондықтан сәтті күндердің бірінде мен өзімнің құдам Қарымбаевқа қызын, яғни менің келінімді өз қолыма түсірейін деп отініш жасадым. Бірақ құдам Қарымбаев бұлған қарсы болды, менің сөзім оған үнамады. Сонда айтқаны: Кеңес өкіметі кәмелетті жасқа жетпеген қызды қалыңмалы алынса да үзатуга рұққават етпейді деп жалтарғаны. Бұны естіген соң мен мәселені тұрасынан қойдым. Олай болса, бірінші тойға деп алған қалыңмалды қайтар дедім. Бірақ ол бұл үсынысыма да көнбеді, айтқанымның бірін де орындаамады. Бұнысы менің нағызысма тигені соншалық, мен өз кезегімде, ақ адап малым

тек босқа кете ме деп, мені еш нәрсемен ризаламаган Қарымбаевтың бұл өрекетіне ашуланып, өкпеледім. Содан ошімді алмақ бол, оның малын барымталадым. Бұдан кейін Қайыр өзі бастап оń төрт адаммен келіп, оның жетеуі қаруланған, менің он екі бас ірі қара малымды айдал өкетті. Сосын мен қайта барымталап, оның тогызы жылқысын алдым.

Міне, содан кейін Қайыр Тәңіз уезіне арызданып, қасына өтірет (қосын) ертіп, мені барымташи ретінде үстамақ бол, ауылымда келді. Мен олардың қолдарына түспеу үшін қарумен қарсы түрдым. Екі жақты атыс болды. Бірақ олар мені үстай алмады, сөйтіп қайтып кетті.

Екіншіден, со бір жылдары біздің екі-үш болысқа сот болып Жұмагали Жангожин істеді. Жогарыдагы айтылған қақтығыстан кейін мен сот Жұмагалига барып жағдайымды айттыйм. Қайыр екеуміздің арадагы келеңсіздікті қарап, реттеуін өтіндім, мені дұрыс түсініп, қолдауын сұрадым. Жангожиннің сонда маган айтқаны – ол сот ретінде бұның бөрін жөндей алады және пара ретінде бір ат беруімді сұрады. Бұган қоса, ол маган: "Колыңдагы қаруыңды алда-жала тастама", – деп уағыздады. "Себебі, – деді ол, – менен басқа ешбір жан қаруыңды ала алмайды, ал қаруың барда саган тұргындар керегінің бөрін береді, сондыктан сен өз кезегінде алғандарыңнан маган да беріп бөлісіп тұр дегені". Мен оның бұл пікірімен келісіп, сұраган атты беретін болдым, солай уәде бердім,

Арада біраз уақыт өткен соң сот Жұмагали Жангожин бұрынғы Шоланды, Бает болыстарының ел азаматтарын, ақсақалдарды жинап, атамыш болыстардың шекаралығы – "Байжаншагыл" деген жерде солардың көзінше өз үкімін шыгарды. Үкім бойынша, мені Қарымбаевпен татуластыруды, барымталаган малдарын қайтарғызыды, сөйтіп істі осымен бітіргендей болды. Оған қоса үкімде көрсетілгендей, сол шешімнің бір данасын қолыма беріп және өзімді Тәңіз уезі бастықтарына ертіп барып табыстырмак болды. Бірақ Жұмагали Жангожин сот үкімінде өзі көрсеткендерді істемеді. Маган түсініксіздігі сол, ол артынан "уез

орталығына үкімнің данасын өзім апарып, сенің ісіңе байланысты шаруаны өзім жайгастырамын" деді. Осы уәдемен мені қалдырып, о жақтан істі тындырып келген соң, атты алатын бол, уезге бір өзі кетті. Мен құралақан қала бердім.

О жақтан қайтып келген соң, ол маган атты сұратта бір адамды жіберіпті. Мен атты оған бермедин, бірақ шарт қойдым, сосын атты он бес күннен кейін беремін дедім. Бұдан соң Тенізден бір үәкіл келіп, Жангожиннен біздің ісімізді уезге алып кеткен. Сондықтан мен атты Жұмагалига бермей қалдым.

Осының салдарынан Жангожин әрі өкпелеп, әрі Қарымбаевты азырып, маган қарсы қойып, енді екеулен неше түрлі әрекеттер жасады.

Мен бірде Жұмагали Жангожинде қолга түсірдім, мені алдаң, ал өзі Қайыр Қарымбаевтың жағына шықсаны үшін оны сабап та алдым.

1924 жылы олар тағы бірлесіп, әтіретпен кеп ауылымды шапты, бар малымды сыйырып айдал, оған қоса әйелімді де ертіп өкетті. Ал Қайыр Қарымбаев қызын – баяғы менің келінімді, маган қарсы әтіретпен шыққан, милиция бастығы Көпжановқа қалыңмалға әйелдікке беріп жіберген.

1925 жылы мен өз басым ауыл азаматтарына өтініш жасадым. Мына журісім мені де өбден қажытты, сондықтан бар қаруымды тапсырып, өкімет орындарына берілемін дедім. Сондықтан мен ВИК-ке бар қаруымды тапсырдым, тек өзімек бір винтовканы қалдырып, Оралга барып өкімет орындарына өз әрекетім туралы айттып, кінәм болса, мойныма алайын дедім.

Жол-жөнекей қонған жерде Қарымбаев, Мұқышев және басқалар мені үстап өкімет орындарына өздері тапсырмакшы бол әрекет жасады. Сөйтсе олар осының алдында мені бандитизмге қатысы бар деп неше түрлі документтер даярлан, Теніз уезіне хабарлан, одан 8-9 адамы бар әтірет шақыртып, мені қарусыз Оралга бара жатыр деп үстамақшы болды. Мен бір винтовкамен қарсы түрдым, берілмедім. Себебі, менің қарсыластарым – Қарымбаев, Мұқышев, Жангожин қолдарына осылайша тұсуім намысыма тиді,

жаныма батты. Олар өкімет алдында бар пәлені басыма үйіп-төгетін еді.

Мен алардан құтылып шығып, жолда Отарғали Мұқышев ауылына барып, оның әйелін ертіп әкеттім, ал қарсыластарым Жангожин мен Қарымбаев кездеспеді. Содан Адай уезіне бардым, бірақ мені қапияда ұстап, откен қыста, өзіңзі блесіз, Орал губерниялық еңбекпен түзеу үйінде қамауда болдым.

Атапмыш адамдардың озбырлығы өткепі соншалық, алардан өш алу мақсатымен Орал түрмесінен қашып шығып, келісімен Жангожиннің ауылын шапқанымызда бір інісі мерт болды, артынан Қарымбаевтың малын барымталадық. Бұган қоса өзіммен Оралдан еріп келген серігімнің сұрауымен хохолдарды тонадық, сосын артымыздан құган жазалаушы әтірәтқа төтеп бердік, атыста екі милиционер оққа үшқан.

Сонымен айтارым, менің өкіметке ешқандай қарсылығым жок, бар іс-әрекетім Қарымбаев, Мұқышев, Жангожин дегендеге қарсы наразылықтан туыннады, сөйтіп ақыр соңында олар мені “банды” атандырыды.

Тек осыған қосарым, егер өкімет адамдары менің қарсыластарымды қарусыздандырып, аларды тутқынга алса, мен өз аяғымен сіздерге барып, істеген әрекеттерімді мойындан, үкімет алдында жауап беруге дайынмын.

Сау болыңыз”.

Амангали Кенжахметов

(№ 67118/192-ic, 4-т., 1376-1378-66.)

\* \* \*

Кылмысты істер болімінің  
бастығы Куляшовқа,  
Оқілетті үкіл Азбантаевқа

Сіздің он екінші қаңтардагы жазған хатыңызды алдым жөне жазған барлық сездеріңізді жақсы түсіндім.

Мен енді қысқасын айтсам, бұрынғы хабарлаганымдай сезімді орындаі аламын. Яғни сіз менің үш қарсыласымды тутқындаңыз, сосын мен он бес күн ішінде өзім-ақ сізге барамын. Ал егер бұны

істей алмасаңыз, онда мен сізге бара алмаймын. Себебі, менің қарсыластарым Жангожин мен Қарымбаев қазір Гурьев қаласында, олар жайбақат тұрып жатыр, оның есесіне Жангожиннің ауылында өтпөті де бар, ал мен болсам қыстың күні қырауда аш-жалаңаш күй кешуедемін. Сондыктан қайталап айтам, егер қарсыластарымды менен бір ай бұрын тұтқындан, олардың өтірәті қарусызданбаса – мен сізге бара алмаймын, менің баруыма мүмкіндік те жок.

Өзіңіз жазып көрсеткендей, мен Кеңес өкіметіне жау адам емеспін, мен өзіме таныс жеке адамдармен жауласып жүргімін. Менің қарсыластарым – Жангожин, Қарымбаев және сол сияқтылар, міне, осылардың кесірінен және менің кейір қарекетінен басқа бейтаныс адамдар жәбір көруде. Осының салдарынан мен адамдардан ат алуға мәжбүрмін, бірақ оны соңынан қайтарып отырамын.

Бұнымен қатар мен осы жүргендеге темір жол торабы, телеграф сым багандары бойынан жсі өтемін. Эрине, соз жок, олар Кеңес өкіметіне орасан зор пайдада келтіреді. Егер мен осы жолдарды қираптасам, багандарды кесіп бүлдірсем, онда мен сөзсіз Кеңес өкіметіне қарсы жау адам болам. Мен бірақ олай істемеймін. Мен Сізге де қарсылада емеспін. Менің мақсатым – өз қарсыластарымнан кегімді қайтару. Міне, сондықтан мен елден ат, керек-жарақ алуға мәжбүрмін, бірақ соңынан қайтарамын.

Сонымен, жолдастар, бул менің акыргы жазғаным, айттым, егер сіздер менімен жеке сөйлескілерің келсе, айтпағым да осы хаттағыдай.

Егер сіздер жогарыда жазғанымды орында масаңыздар, онда маган өкпелемендер, келіссөз жүргізуғе енді адам жібермеңіз, хат та жазбаңыз.

Сау болыңыз.

Жолдастық сөлеммен Амангали (қолы)

Арабша әріппен жазғандарды орысшалаган

Қылмысты істер басқармасының қызметкери:

Ақсопаков (қолы) 24.01.27 жыл.

Жауап алған КРО үекілінің комекшісі: Тюменев (қолы)

(№ 67118/192-іс, 4-т., 1398–1399-бб.)

\* \* \*

Ал Мұхсина Амангали екеуінің Ергали тобына қосылғандарын былай хабарлайды:

“Сол кезде Амангали баар жер таптай, ақыры, Ергали Аязбаев тобына қосылмақ болды. Алдымен біз Нұғман Досқалиевке, сосын Салық Собитовке, содан кейін Ергали Аязбаевқа қосылдық.

Ергалимен алғаш кездескенде онымен Нұғман, Амангали, Тілек, Салық аула ішінде үзақ сойлесті, біз үйде болғанбыз (кімнің үйі билмеймін). Не туралы сойлескендегін кейін мен сурай қоймадым.

Біз Аязбаевқа қосылған соң менде қару болған жоқ, бізде екі ат болды. Ол топта болғандар: Ергали Аязбаев, Жұмабай мен Ахмет Ергалиевтер, Абдол, Темірболат, Болекбай, Тілеп, Салық, Нұғман, Ергали, екі Құсман, Тілек, Салық, Елеусіндер де болды, әрқайсысының қоржындарында екі жұзден патрондар. Олар бізді мұсіркеп, жанашырылқан қарсы алды, содан кейін біз Камыс-Самар ауданына барғанга дейін бірге болдық. Қосылған соң бір ай откенде Ергали бізді үйіне қонаққа шақырды. Оған жогарыдағы аталаған он алты адам жиналады. Ергали қой сойып қарсы алды, бірақ шарап, ішімдік болған жоқ. Осы отырыста Амангали Жұмагали Жангожиниң ауылын шабуга ұсыныс жасады. Қалғандары қолдау жасап, бір аптадан кейін Өзен бойында Қажы Айдаралының (ауылын, болысын билмеймін) үйінде кездестек болды. Ергалидың қонақасынан кейін біз Бияқаевпен кездестік. Келіскең күні Айдаралының үйінде кездестік. Онда: Ергали Аязбаев, Ахмет пен Жұмабай, Амангали, мен, Тілеп, Нұғман, Салық, Абдол, Болекбай, Темірболат, Аман, Елеусін, Сүйініш, Әбдірахман, екі Құсман, Қажымұрат пен Қатан – ұзын саны 19 адам болды, бөрінде винтовка. Нұғман маган винтовка, Амангалига 150 патрон берді, Тілеп пен Салық 100 патрон, Ергали 50 патрон берді. Алтынтар Амангали мен Нұғыманда, Салық пен Елеусінде, Жұмабай мен Ахметте, Темірбалат пен Бияқаевте болды, қылыш болған жоқ. 2 бинокль (Бияқаев пен Салықта), домалақ 3 ағылышын гранаты, ол да Бияқаевта болды. Олар Жангожин де өтірет жекеліпті дегенді естіп, Жұмагалига барудан бас тартты.

Бұл мәліметті олар Тау (фамилиясын білмеймін) деген адамнан естіпті. Сонда Амангали: "Жангожинды не өлтіру керек, не өзім өлуім керек", — деп Жұмагалига қарсы өзі кетті. Оған екі Құсман, Нұғман, Сүйініш жөне мен — не бөрі алты адам қосылдық. Содан Жангожинның құзет үйі Серікқалига (фамилиясын білмеймін) келдік, бірақ ол үйінде болмады. Одан 4 жылқы, әр түрлі заттар, киімдер алып Аязбаевқа қайттық. Оларды қайтар жолда күн жеттік, олар Таловка ауданына жиырма шақты жылқы айдан әкелді, оның төртеуін Есениядан (фамилиясын білмеймін), Айып пен Сыралыдан (фамилиясын білмеймін) алты жылқы, Арыстангазыдан бір жылқы алды, қалғандарын білмеймін.

Келген соң жылқы мен мұліктерді өзара болісіп алды, қалай, кім не алғанын білмеймін. Біз Ергалига қосылғаннан кейін ол екі Құсманды, Сүйінішті біздің ізімізben келе жатқан құғынши әтірәт жоқ па еken, байқаңдар деп жіберді. Олар түнде байқамай, үйықтан жатқан әтірәттің үстінен шығып, сасқаннан бір винтовканы ұмытып қаша жөнелген.

Сармалай деген жерде атыста Амангали болған жоқ, онда Ергали Аязбаев, Жұмабай мен Ахмет Ергалиевтер ушеуі болған, сол жерде Ергалидың ұлы Жұмабай жамбасынан жарапланған.

Тамыз айында біз бір адамның (аты-жөнін, жерін білмеймін) үйінде болғанда бір өйел Амангалига қагаз әкелді, оны досы Сарбала Бекешев жазыпты. Ол хатында Филем Жұмагалиев жеті адамнан әтірәті бар Құнатыр Бекмагамбетовты ұстан өзімен бірге алып кеткенін хабарлапты. Ол кезде біз Амангали, мен, Нұғман, Тілек, Салық, Әбдірахман, Елеусін, Сүйініш бірге болдық. Сегіз винтовка, бес алтынтар, өркайсысында 200—300-ден патрон бар-ды. Ҳатты алған бойда Амангали жолға жиналып, Жұмагалиевтің артынан қууга шықты.

Олар орналасқан жерге бес шақырымдай қалғанда мені, Әбдірахман, Елеусінді қалдырып, бесеуі өрі кетті, қайда баратаңдарын айтқан жоқ. Біраз уақыт өткен соң олар қайтып оралды. Қастарында Құнатыр, жетекстерінде жеті ат, киім-кешек. Мен тек ертесінде таңертең естідім, олар кешегі атыста Филем Жұмагалиевті, ол 19 жаста еken, өлтірілті.

Жұмагалиевпен атыс болған күннің ертесінде біздің артымыздан құғынши әтірәт жетіп, асып-сасып жүргенде

9 жылқы олардың қолында қалды, оның төрттеуін Жұмагалиевтің тобынан алған болатын.

Жиырма күннен кейін бізден Күннатыр қашып кетті. Өзімен екі ат, винтовка, жүздей патрон өкеткен. Неге қашты – оны мен білмеймін.

Амангали бірде маган айтты “сені мен өзіме керекті құжаттарды алдым” деді. Бірақ оны кімнен, кімнің атына алды оны сурамадым. Басқа көрсетерім жок, айтқандарымды маган қазақ тілінде оқып берді. Сол үшін таңбамды қоямын”.

Мұхсина Кенжахметова

Жауп алған КРО уәкілінің комекшісі: Тюменев (қолы)

(№ 67118/192-ic, 7-т., 100-107-66.)

\* \* \*

Ергали:

“Маусым айының аяғында Амангали бізді Қамыс–Самар және Сарытөбе болысына баруды өтінді. Біз 17 адам бол аттандық. Өз басым үрлық жасағам жок. Алғандары – отызға тарта жылқы, ақшалай 180 сом бар. Жылқыны иелеріне қайтаратын бол альпты, ал акшаны адамдар темекі алуға өздері берген. Қайтарда біз тағы екі топқа боліндік. Себебі мен адамдардыңбылай үрлық жасауларына қарсы болдым. Кешікпей Амангали бізден бөлініп кетті... Арада екі күн өткен соң “Өзен” төнірегінде біз райком ВКП(б) тобына кездесіп қалдық. Олар бізге оқ атты, ал біз жауап бермегік. Осы жолы үлем Жұмабай қолынан жарақаттанды. Бұдан кейін ол бізден біржола қалды. Артынан үлем Ахмет те солай болды. Өкіметке берілем деді, мен қарсылық көрсетпейдім. Ал өзім СССР-дің он жылдығы қарсаңында берілмекші болдым...

Бұдан ертеректе, 2 маусым 1927 жылы Орал ОГПУ өкілі Шалимов маган Қамыс–Самар ауданының адамы (ауылын білмеймін) Філымды (фамилиясын белмеймін) жіберіпті. Онымен таныстығым да, байланысым да жок. Қолында орысша жазылған колхаты бар, онда Амангалиды устап

*бер депті. Мен оған еш нөрсө айтпадым. Себебі Шалимовтың жіберген адамын танымаймын, екіншіден, мен орысша оқи алмадым. Бірак Філымға: "Екі күн күтем, Шалимов маган Таловка ауданының адамын жіберсін!" – дедім. Бұдан кейін олардан ешқандай жауап болмады...". (Сонда).*

\* \* \*

Осы тұста тарихшы И. Кенжалиевтің ойын жалғасырылды:

"...Жалпы "банды" деген 1919 жылы пайда болған. Женілген ақ әскері шегіне қашып, Бекейлік үстімен онтүстікке ағылады. Олар жолшыбай ел тонап, совет, милиция, т. б. қызметкерлерін атып кетіп отырган. Қызыл армиядан қашқан дезиритрлер де келіп, бандылық жолға түсken. Соның бірі – Құспан Тоғызбаев отрядымен "Агай Каракөлі" деген жерге бекініп, елге зиянын тигізген.

Бірде Құспанның екі адамы малын суарып жаткан Сыралы деген байға келіп:

– Мұнда большевиктер бар ма? – деп сұраған. Сыралы бай Кенжебай дегеннің үйін корсетеді.

Олар Кенжебайдың үйіне барып, оның ержеткен 6 баласын табанда атыш тастайды. Сейтсе олар Құспанның туыстары екен. Кенжебайдың өз әкесі Тоғызбайға құмнаң қыз алып қашқанда серік болыпты. Түтеп кеткен Құспан екі бандысына: "Кім айтты оларды большевик деп, олар большевик емес, менін туысым ғой!" – деп бакырған. Сасқан екеуі Сыралы байды корсетеді. "Ә, сол ит, кезегінді өзін сұрап алдың ба?" – деп Құспан сұп-сұр бол, табанда Сыралы байды аттырган. Ал Карабаланы қолға түсіре алмай, андумен болады. Құлыққа кошкен К. Тоғызбаев: "Біздер құмға кеттік", – деп отрядымен қозгалып, сенімді адамдарын тастап кетеді. Олар түнде Карабаланы қолға түсіреді. Келгендердің сынайын байқаган Карабала: "Шұғыл Есенталиға (Құспанның агасы) жет, бисен аяма! Тез Құспанға жетсін. Сосын Ергалиға бар", – деп баласына сыйырлап үлгереді. Карабаланы көрген Құспан ызбарланып: "Ә, сүм шал, қолға түстің бе? Баяғыда

Сыралының 4–5 жылкысын үрлағаным үшін ұстап алып, сабап, ел көзінше масқаралап едін, енді иманынды айта бер”, – дейді. Уақытты үтпак болған Қарабала: “Шырагым, ауылнай болғасын, ұры-қарадан елді қорғау міндеттім, аған ретінде ісіне ыза болып, үрганым да рас”, – деп сөзді соза береді. Бір уақытта хабар алған Есенғали келе: “Шірік неме, елте отряд әкеліп ағайынды бүлдірдің, кеше Кенжебайдың балаларын өлтірдің, бүтін Қарабаланы жоймақсын. Эне, Теренкөлде Ергали Аязбаев бастаган кызылдар отряды жатыр. Өлімші әке-шешенді, бізді ол тыныш қоя ма?! Соны неге ойламайсың?! Ойбай, жібер Қарабаланы, өзің кет елден, каранды батыр!”, – деп айқайға басады. Ергалидан корықкан Құспан амалсыздан Қарабаланы босатады.

Міне, ел есінде қалған бандының бір әпербакан қылышы осындаі...

1921–25 жылдары елде банды көп болған... Ұрылардың бір тобы Е. Аязбаев төңірегіне топтасады. Жерлесіміз Мәннөп Калекешов көрия Ергалиды 1924 жылы күзде Жәнібекке айдалып бара жатқан кезінде көргенін айтады. Бірақ Е. Аязбаев 1925 жылы босап шығады. Ұрлықты коймай, Ергалидың адамдары Шортанды уезінің Пшеничный қонысынан 1926 жылы 9 бас малды үрлайды. Енді тергеу күшейіп, Е. Аязбаев тағы кашқын болып, ұстаптай көп журелі. Қылмысы көбейтесін милиция артынан қалмайды. Жасы 60-ка келіп қалған Ергали кажыды ма, әлде шаруамен тиянақты айналыса алмай күйзелген бала-шағаны аяды ма, әйтеуір бір елеңінде:

“...Долданып атқа міндім ашуменен,  
Кор болды-ау алтын басым кашуменен.  
Кан, сарысу тұла бойды алып болды-ау,  
Крестеп қару-жарақ асуменен, –

деп, опық жейді..

Бұл өлең милиция, аудан басшылары құлагына тиеді. 1928 жылдың басында Е. Аязбаевтың өзі келіп, өкіметке беріледі. Сөйтіп, үрлық тобы да біtedі. Осылайша, бірте-бірте ел іші тыныштала бастайды... .”.

\* \* \*

Ергали сұрап-жауабының жалғасы:

“... 1928 жылдын 11 кантарында танертең Гүсман Биякаев екеуміз Бостандық ауылында Багыстың (фамилиясын білмеймін) үйінде болғанымызда аудан милиция бастығы Әліпқали Мұқышев тобымен келді. Атыс болды. Сосын Әліпқали маган бір баладан қалхат беріп жіберіпті. “Өз еркінмен беріл, жаңынды сактаймыз” деді. Мен Әліпқалидың өзін карусыз келіссөзге келуін шақырдым. Ол келді, екеуара біраз сойлестік. Жеті күннен кейін өзім келем, анттым осы, ал қазір тобынды өжет!” – дедім. Жеті күннен кейін Жұмабай екеуміз келіп берілдік... 1924–1927 жылдар арасында топ құрып жүргенімді мойындаймын, оған шала сауатым себепші болды, бірақ халыкты жөбірлемегем жок...” (Бул да сонда).

Архивтік істе Ергалидың ұлы Ахмет Аязбаевтан екі рет алынған сұрап-жауаптың хаттамасы бар екен. Оның мазмұны төмөндегідей:

2-желтоқсан, 1927 жыл. Тюменев Аязбаев Ахметтен жауап алған.

Ахмет Аязбаев 22 жаста. Туган жері Орал губерниясы, Талов ауданы, Бостандық ауылы. Алаша руының Әукетай болімінен.

— Сіз неге өкімет қолына берілдініз? Сізді оған итермелеген қандай себеп болды? Әкеңіз Аязбаев Ергалиға бірге берілейік деп айттыңыз ба?

Жауап:

— Өкіметке берілгенім – бізді қуған отрядтың банды тобындағы адамдарды алғаш атып өлтіргені болды. Сондықтан ерте ме, кеш не бүндай жағдай біздің басымызга да түседі деп ойладым. Екіншіден, бізден бүрын берілген топтың мүшелеріне өкімет аса ауыр жаза қолдана қоймады. Біз әкеміз Ергали Аязбаевқа бірге берілейік дедік. Ал ол: “Өкімет мені бір рет кепілдікпен шыгарған, міне, тағы осындағы жағдай болып отыр, енді менің өкіметке берілуге ешқандай лажым жок, одан да далада алжасып өлгенім артық”, – деді. Әкемнін, Ергали Аязбаевтың берілмеуінің тағы бір себебі – Салық Сөбіттовтін: “Бокайдан көтпен бері хабар жок, олар атылған болар” дегені (Бокай Сөбіттовті

айтып отыр – Л.К.). Бұл сөзді Салық әкеме осы жылдың наурыз айында, ең алғаш қашқанда айтқан еді.

Аязбаев қолы (арабша)

Тюменевтің қолы  
аталмыш іс, 7-том, 97-б.

\* \* \*

Осыған жалғас А.Аязбаевтан тағы бір рет жауап алған хаттамасы бар.

“Айыпкер Ахмет Ергалиұлы Аязбаевтан жауап алу” деп басталыпты.

2-ақпан, 1928 жыл.

— Мен, Тюменов, айыпкер адамнан жауап алдым.

Ол А.Аязбаев – 23 жаста, тутан жері Орал губерниясы, Бекей уезі, Талов ауданы, Бостандық ауылынан, Рұы Алаша, Әүкетай белімі. Аязбаев бандысының белсенді мүшесі.

Оның көрсеткені: *Кенжахметов Амангали мен Мұхсина біздің топқа келіп қосылғаннан кейін екі-үш күн откен соң, біз “Кенжахметовтің ізімен өкімет әтіреті келе жатыр” деген хабарды естідік. Оның анық-қанығына жету үшін сол күні түнде: әкем Ергали Аязбаев, мен, ағам Жұмабай, Амангали, Мұхсина, Абдол, Ғұсман Бияқаев, Темірболат Даулетжанов, сондай-ақ Сүйін Мырзагалиев те бар, “бұл қай келіс?” дегендегі бәріміз қаруланып, жедел жүріп, бір шамы жсанып түрган киіз үйге жақындан келдік. Бұл Токланның киіз үйі болатын, өкімет әтіреті сонда еken. Мені, Мұхсина мен Ғұсман Қапановты аттардың касына қалдырып, әкем Ергали Аязбаев, Амангали, Ғұсман Бияқаев, ағам Жұмабай, Сүйін Мырзагалиев, Темірболат Даулетжанов пен Абдол Мендігазиев – бәрінің де қарулаres бар, ормен жаяу кетті. Киіз үйге жете бере олар қарауыл постын коріпті. Постыда түргандар “Сендер кімдерсіндер?” – дегенде булар, “Атымызды ізден жүрген адамдар едік”, – деп тіл катқан.*

— Онда орындарынан тұрып, мында келіндер, — депті.  
Олар бара коймаган сон, постағылар оларға қарсы оқ атады, ал біздікілер тұра-тұра қашқан. Сол апақ-сапакта Ғұсман Қапанов корыкканынан винтовкасы мен камышының умытып, тастай қашқан.

— Менің көзімше әтіретпен одан басқа ешқандай қактығыс болған жоқ. Мен екі мәрте әкемнен қашып, әкіметке берілгім келді. Бірінші рет 1924 жылы, екінші рет сол жылдың күзінде. Онда әкем қүштеп, мені өзімен бірге әкетті. Үшінші рет 1927 жылдың наурыз айында қаштым, онда мен маstryктың кесірінен әкеммен бірге кеттім, әкімет колына берілуге ауыр жазалайды ғой деп корыктым.

Әкеммен жүргенде әкіметтен корыклай жүрдім.  
Осы айтқандарыма қол қоям.

қолы (арабша)  
Жауап алған Тюменов

\* \* \*

Осылайша Ерғали Аяzbайұлынан тогыз күн жауап алған. Бұдан кейін Ерғали сот үкімін күтіп, Орал түрмесінде бір жылға жуық қамауда отырады. Бұлардың ісін тек 1929 жылдың 19 қантарында Сот коллегиясының үштігі қарап, Е. Аяzbайұлын екі баласымен (Жұмабай, Ахмет) он бір адамды ату жазасына бүйірган. Үкімді 7 актанды орындалса да жіберді. Архивтік істе үштіктің үкімі мен өлім акти сакталған. Мазмұны төмендегідей:



## **1. Выписка из протокола**

Заседании коллегии ОГПУ (судебное) от 14января 1929 года.

**Слушали:**

Дело №: 67118 по обвинению гр. Аязбаева Иргалия и др. в числе 40 чел. по ст. 59/3 УК. (Дело рассмотрен в порядке пост-ния Президиума ЦИК СССР от 09 . 06. 1927).

**Постановили:**

1. Аязбаева Ергалия
2. Биякаева Гусмана
3. Мендыгазиева Абдуллы
4. Иргалиева Джумабая
5. Даулетжанов Темирбулата
6. Иргалиева Ахмеда
7. Капанова Гусмана
8. Мухамедьярова Булекбая
9. Темирадиева Амана
10. Нургалиева Елеусина
11. Бурханова Мухамгали – ВМН (расстрел)
12. Мухаметжанова Кабай.
13. Аубакирова Кадыр.
14. Аубакирова Ткай
15. Мухаметкалиева Гизат
16. Торешева Макар
17. Абугалиева Дусенгалии – заключить в концлагерь на 10 лет
18. Темиржанова Абдрахман
19. Сариева Хажиахмет
20. Джумагалиева Бисен

21. Есениязова Сейтбаттал
22. Бишикова Яуда
23. Лезова Хамит
24. Кенжахметова Умбет
25. Кенжахметова Сундет
26. Кенжахметову Мухсину
27. Джурумбаева Бисенгалии
28. Валиниязова Сафа
29. Аубакирова Рамазана
30. Карабалаева Имангали
31. Карабалаева Ахунгали
32. Камешова Утебай – заключить в концлагерь на 5 лет.
33. Лезова Махмуда
34. Джумабасева Рахай
35. Джусупова Абдрахмана – заключить в концлагерь на 3 года.
36. Таутекенова Сундет
37. Байтекешева Карабай
38. Байимбетова Сейтмурза
39. Нарбаева Демеу – выслать в Сибирь на 3 года
40. Токтамышева Кашим – доследовать.

МП Секретарь коллегии ОГПУ  
Роспись: А. Шкоков

(Дело №67118, т-14, л. 720–721)

\* \* \*

## 2. Акт

1929 года февраля м-ца 7 дня в 12 ч. ночи. Уральский  
окр. отдел ОГПУ

Мы, нижеподписавшиеся, пом. нач окр. отд. ОГПУ –  
Белоногов, Ст. уполн. КРО ОО – Гуляев, и ответ. деж. окр.  
отд. ГПУ – Богданов, в присутствии окр. прокурора по делам  
ОГПУ – Голушко, сего числа, на основании предписания  
ПП ОГПУ по КазССР от 27. 01. 29 г. за №186 привели в  
исполнение постановления коллегии ОГПУ от 14. 01. 29 г

“расстрел” осужденного Аязбаева Иргалия, 59 лет, неграмотный, беспартийный, из Бостандыкского аула, Таловского района, Уральского округа, судимого, констатировав смерть Аязбаева Иргалия, труп последнего зарыли, что и постановили записать в настоящий акт.

Пом. нач. окр. отд. ОГПУ Белоногов  
Ст. уполн. КРО ОО Гуляев  
Ответ. деж. окр. отд. ОГПУ Богданов  
Окр. пр-р по делам ОГПУ Голушко

\* \* \*

Е. Аязбайұлы туралы біздің қосымша хабарлайтынымыз: Біріншіден, 1920—1922 жылдардың бірінде казактың 1000 әнін жинап, жариялаган әйгілі музика зерттеушісі Александр Затаевич Ергалимен кездесіп, ол әкесі Аязбайдың бірер ән-куйін орындаған берген. Затаевич оның нотасын қағазға түсіріп, кітапында оны хабарлаған Ергали Аязбаев деп көрсетеді. Бұл деректерді танымал тарихшы И. Кенжалиев те жоғарыда аталған енбекінде растайды. Бұтан коса А. Затаевичтің сол кітапында Ергалидің екі әнінің, Аманғалидың да қос әнінің ноталары бар.

Аязбай әні  
(Аязбай)

Сообщил Аязбаев Иргали

Спокойно и мечтательно  $\frac{L}{=}$  = 84



задерживая





\*) Музикальное имя

Аязбайдың әні  
(Песня Аязбаева)

Сообщил тот же

Покойно  $\text{♩} = 102$



замедляя



Амангали

(Амангали)

Сообщила Даuletова Жумазия

Оживленно, с беспокойством  $\text{♩} = 108$




замедляя

Как сначала



задерживая

Медленнее



» Мужское ним.

Амангалидің әні  
(Песня Амангалия)

Сообщил Темиргалиев Достул

Умеренно  $\text{J} = 100$



Екіншіден, жазушы Хамза Есенжанов “Ақ Жайық” романын жазған кезде Е. Аязбайұлының архивте ісі барын білмеген сыңайлышты. Эйтпесе, сол кітабының бірін осы Ергалиға арнаған болар ма еді, қайтер еді?..

Десек те, Х. Есенжановтың осы романы кітап бол шықканда ақын інісі Куандық Шанғытбаев достық өзіл жазып:

*O, Хамзек!  
Бірінші кітабының “Ақ Жайық”,  
Екінші кітабының да “Ақ Жайық”.  
Тіпті ушіншінің де “Ақ Жайық”,  
Жайықка Жайық косылып,  
Суга кетіп қалмайык! –*

дегендеге, мінезі ыссы Хамзекен жәй гана жымынты да қойыпты...

Үшіншіден, тәуелсіз “Алтын Орда” газеті алғаш шыға бастаған (2000) жылдардың бірінде маңыстаулық танымал қаламгер Эбілхайыр Спановтың Актөбе қаласында тұрган сазгер-әнші Геннадий Шульга (марқұм) туралы макаласы жарияланған еді. Сұбхат оның әйелімен болған.

Әңгіменің ұзын-ырғағы: Г. Шульга осы Ерғали Аязбайұлының баласы бол шығады. Оның анасын Ерғали Ыргыз жерінен алғып қашыпты-мыс. Әрине, бұл – шындыққа ешбір жанаспайтын дерек. Себебі: Ерғали – Ыргыз (Актөбенің) өніріне өмірі аяқ баспаған адам. Ол негізінен Оралдың батыс өнірінде, Нарын құмында, Астрахан жерінде болған. Сосын Ерғали 1929 ж. акпан айында екі ұлымен қоса Орал қаласында атылған, ал Геннадий Шульга беріректе, яғни 1937–1989 жылдарда өмір сүрген адам.

Төртіншіден, 2006 жылы Оралда “Кіші жұз Алаша руының шежіресі” атты кітап шықкан. Авторы экономист, профессор – Ким Фұсманұлы Ахметов мырза екен.

Сол кітаптың 42–43-беттерінде Алаша руының Төлеп (Әукетай) атасы туралы жазады. Онда мынадай жолдар бар: “...Енді бекейліктері Төлеп үрпактарын тараталық:

Алатај Төлепұлынан – Жұзбай, Аязбай. Жұзбайдан – Рахат, Әбес, Айболат, Жұмасейіт. Аязбайдан – Ерғали, Әбу. Ерғалидан Жұмабай, Ахмет. Одан – Мардан” дейді. Міне, осымен аяқталады.

Әттеген-ай, осы жерде Алашадан шықкан тұлғалар ретінде Ерғали Аязбайұлының өмірдеректерін қосуға болатын еді. Ол И.Кенжалиевте, оған қоса 2002 жылы “Арыс” баспасынан шықкан “Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясында” да бар.

Бесіншіден, 1994 жылы наурыз айында Аманғали мен Ерғали істерін қайта карау барысында жауапқа тартылған ұзын саны тоқсан бір адамның жетпіс бесіне актау үкімі шығарылды. Ол адамлардың тізімі Алматыда Бас прокуратуралың архивінде сакталған. Шейіт болған жандардың артында қалған жоқтаушылары болса, олардың акталу шешімдерін сол жерден алуына болады.

Сондай-ак, іздеушісі табылса Ерғалиды да, ұлдары Жұмабай мен Ахметті де актап алуға әбден болады, себебі оларға шығарылған сот шешімі бар. Осыны еске салғымыз келеді.

Өмірден озған сол азаматтардың аруактары разы болғай!

Алтыншыдан, оралдық талантты суретші маркүм Сөкен Фұмаровтың Ергали Аязбайұлының әдеби кескіндемесін салған суреті бар, оны оқырман қауым білсе керек. Ал өз басым Ергали Аязбайұлының өміріне арналған мақалаларды “Батыс Қазакстан облысы энциклопедиясында” (Алматы, 2002, 245-246 бб.), “Қазақ әдебиеті” газетінде (2001. 28.09) және “Аңсау” атты әдеби шығармалар кітабымда (2004) жаздым.

\* \* \*

Енді кезекті Ергалидың елге белгілі өлеңдерін берелік:

### Жастығым

Сойлейін, сойле десең Алашамын,  
Сейлер сез келсе орны тамашамын.  
Тіл сойлеу, жақ кимылдар кезі болса,  
Жат жерде өзім жүріп жанасамын.

Заманның мынау жалған шолагында,  
Жөн таппай жастықленен адасамын.  
Өзің бил ендігісін, ал жаксылар,  
Мен-дагы жақын-жыуқ қарашибамын.

Арасы екі өзеннің өскен жерім,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.  
Ат мініп, алма мойын тізгін түйіп,  
Шылбырын ардактымының шешкен жерім.



## Өкініш

Атанаң айналайын аруагынан,  
Жазмыштың кім құтылар қармағынан.  
Бақ тайса ердің ісі “тәңірі-ай” деген,  
Түспей ме жұрт билеген хан тағынан.

Белгілі Бекейлікке менің атым,  
Азырак сөз сөйлейін асыл затым,  
Кешегі өз елімде жүрген күнде,  
Ағаның білуші едім хал ауқатын.

Сөзіне Серіккалидың сеніп едім,  
Қолына тізгінімді беріп едім.  
Токтыдай әлдекімге байлан бердін.  
Ішімде кеткені ме кегім менін?

## Қайсарлық

Алаша, Байбыран елім еді-ай,  
Таловка туып-өскен жерім еді-ай.  
Шыққанда жұзден жүйрік, мындан тұлпар,  
Қадірің әрдайымда білінеді-ай.

Ту ұстап, ата сойы тұлпар мінген,  
Баласы қазағымның өзімдей ак.  
Баласы ізін көріп желігеді-ай,  
Шамасы әр орында білінеді-ай.  
Әуелде жүрегінде болмаган сон,  
Хас жаман үйреткенмен не біледі-ай?

Қайырсыз жаман достан дүшпан артық,  
Өлген сон арыстаннан тышкан артық.  
Қолына бір жаманың алтын түссе,  
Көрмейді-ау оның қадірін мыстан артық.

Жылқысын көп айдадым Тасқаланың,  
Қамы үшін қызыл қарын жас баланың.  
Орыстың отарынан ойып алдым,  
Тимедім дүниесіне басқалардың...

(Ерғали Аязбайұлының халықка белгілі бүл өлеңдері  
И. Кенжалиев, Н. Табылдиевтің Казталовка – байыргы  
атамекен” кітабынан алғынды)

\* \* \*

Ерғали Аязбайұлы туралы “Ақ Жайық” романынан  
басталған деректеріміздің қатарына тағы бір әдеби  
шығарманы қосалық. Ол ардагер, әрі майдангер жазушы  
Калмұхан Исабай аксакалымыздың белгілі чекист  
Серіккали Жақыпов өміріне арналған “Сонғы ерлік” атты  
деректі повесі.

Жақындаған 80 жылдық мерейтойын өткізген  
Калмұхан Исабай ағамызға жолығып, сұхбаттасқан едік,  
сонда ол атылмыш кітабы туралы былай деді:

– “Әлі есімде өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының  
сонына таман Оралдан атакты чекист Серіккали  
Жақыповқа арнап естелік жазу туралы маган өтініш  
түскен-ді. Өйткені кітапты кім жазады деген сұраққа  
бірнеше адамдардың есімдері аталғанда таңдау маган  
токтапты. Оларына рахмет. Аманатты орындау деген үлкен  
жауапкершілікті жүктейтін шаруа. Шақыру түскен соң  
Оралға аттандым. Алдында осында архивтерде, ұлттық  
кітапханада біраз күн деректер ізледім.

Еліне барғанда Орда өнірін, Казталовка аймағын біраз  
күн араладым, керек адамдарға жолығып қолжазбалармен  
танысып, тын деректерге қанықтым. Хош. Облыс архивінен  
де материалдар жиналадым. Сосын С.Жақыповқа жақын,  
таныс адам атакты барынташы болған әрі ақын, тік мінезді  
батыр Е.Аязбаев туралы деректерді кітапқа енгіздім.  
Осының нәтижесінде 1971 ж “Жазушы” баспасынан кітап  
жарық көрді. Кейінірек С.Жақыповтың Оралда өткен екі  
мерейтойна қатыстым. Қазір сол кітап шыкканнан бері

35 жыл өтіпті. Сосын осында КГБ архивінен де тың деректер таптым. С.Жакыповтың ең сонғы түрмедегі өлімін көргөн күзгер Гайворонов деген күзетшімен жүздестім. Серіккали көзі тірісінде түрмеде отырып қазактың біраз ардактылары (М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров бар) туралы “олар халық жауы емес” дегендей И.Сталинге хаттар жолдаған. Қазір сол кітабыма тың деректер косып жаңа нұсқасын баспаға ұсындым... ” - деп жазушы ағамыз әнгімесін аяқтады.

Ал біз сол кітаптан тек Ергалиға қатысты тұстарын ғана енгіздік. Ол Ергали ғомірі туралы ең сонғы деректердей, айтпағымыздың корытындысы іспеттес болды да, кітабымыздың осы тұсынан орын алды. Енді соның мазмұнмен танысының:

\* \* \*

“...Таловкаға райволкомның бірінші хатшысы бол келген соң, Серіккали Жакыпов Рысиннің үйіне түсті. Иванның байырғы досын көргендегі куанышында шек болған жок. Қонақасыдан кейін олар үзак әнгімелеге кіресті. Әнгіме басы “ел тыныштығы қалайдан” басталған еді.

— Естіп пе едің, Ергали тағы баяғы әдетіне басып кетті ғой.

Ергали Аязбаев – Таловка өніріне аты әйгілі барымташы. Бірақ ол кедейден лак алыпты дегенді естіген жан жок. Не істесе де байларға істейді. Осы жолы оны Иван Панченко тобына алып келген еді. 1918 жылдың мартаында Таловкада Совет әкіметі жарияланғанда ревком отыз шакты адамнан отрядты басқарып, басына Ергалиды қойған болатын. Күзге сала Ордада қазактың белгілі атты әскер полкы үйімдасып жатыр дегенді ести сала барған да осы. Жердегі жамбыны алу, аспандагы тәңгені ату, шауып келе жатып шыбық шабу, байлаулы көзбен борік түйреу сиякты әскери ойында асқан шеберлік көрсетіп, Тунгачин оны бірден эскадрон командирі етіп тағайындалған. Полктың нұскауыш офицерлері бүлік шығарған жолы білімі жок, қаранды саяси багдары шамалы Ергали жағдайына толық түсіне алмай, полктан біржола ат құйрығын үзіп кеткен.

Таловкаға келген соң мұндағы қызыл отрядтың бастығы Ефим Панченкомен де сыйыса алмай баяғы барымташылық әдетіне қайта басып кетеді.

— Одан да оралып, жөнін тауып еді ғой, — деді де Рысин ойын аяқтамай Серіккалиға қарады. — Жиырма екінші жылғы жағдайды білесің ғой?

Иә, оны Серіккали билетін. Таловка мекемелерінің басына қулактар мен бұрынғы ақ гвардияшылар келіп отырып алып, бір кезде кедейге сүйеніш болған, он сегізінші жылы қолына қару алып қарапайым халықтың қамы үшін атқа қонғандарды қудалай бастайды. Ол кезде Серіккали Новоуゼньде болатын. Ефим Панченко мен осы Иванның тұтқынға алынып, Орынбор түрмесіне қамалғанын сонда естіп, өлке астанасына құстай үшіп жеткені бар. Ефим Яковлевич пен Иван Павловичтің Таловкадағы Совет өкіметін орнатуда және оны корғауда көрсеткен ерліктерін, қызметтерін айтып өлке мекемелерінің ашпаған есігін қалдырмай екенде босатып алған болатын. Сонда осы Иван:

— Бізді жауып тастанғаннан кейін Ергали қайта атқа мініпті дегенді естідік, — деген.

Иә, мұндай жағдайда әрі акқоніл, әрі үр да жық, бір беткей, ертіскен адамына өмір баки ырық бермей кететін, ақылынан горі алқымы озық Ергали сияқтылар тек осылай гана кимыл көрсетпек.

— Содан бері мұның банды деген аты ел тітіркентіп түр, — деді Иван.

— Сонда өзі не істейді екен?

— Баяғы әдеті — байлардың малын кедей ауылға әкеп тастанғы. Ергалидың тағы бір қызығы бар. Бір мың тоғыз жүз жиырма төртінші жылы осы өнірге Саржалақ деген банды пайда болды. Ол кедей ауылға тыныштық бермеуді шыгарды. Бір-екі рет Ергалидың байлардан кедей ауылына күп тастанған малын Саржалақ иелеріне қайтып апарып береді. Бұтан шыдамаған Ерекең Саржалақтың сонына түсіп алады да, ақыры мына Молдагали мешітінің жаңында жекпе-жекке шакырып, өзін өлтіріп, қолын таратып жібереді.

Иван Рысин Серіккалиға тағы да мынадай бір жәй айтты. 1920 жылы Таловка селосында “Кедейлер ынтымағы” деген мекеме күрылған. Міндегі – егін салатын ауылдарға соқа-сайман беріп тұру. Сол үшін барлық ауылшаруашылық машиналары осы мекеменің қарамағына көшкен болатын. Үнтымак басына алғашқы күннен Иван Рысин қойылған еken. Бүтінгі ермені де сол. Осы жұмысымен бір ауылға бара жатканда, жолшыбай Ергалиға кездесіп қалмасы бар ма. Оларда да қару, бұларда да қару. Ергали қолы Иван жаңындағылардан торт-бес есе кеп. Екі жак біріне бірі қарсы келіп тұрып, бірер минутты ұнсіз еткізеді. Элден сон барып Ергали:

– Иван, атыңнан түсіп былай шыкшы, – дейді.

Екесін оңаша жерге барған сон:

– Корыктың ба, Иван? – дейді Ергали.

– Неге қорқам. Корыққам жок,

– Мен банды емесспін бе, қалай корықпайсын?

– Мен жер жыртып, егін салуга соқа-сайман беріп жүрген кедей ауылға сен соғым бересін. Яғни екеуміздің максатымыз да бір. Ортақ мақсаттың адамы бірінен бірі қорқа ма еken.

– Ойың жөн ғой, – деді Ергали, – бірақ үкіметтің өзі шакырып алып, кешірім жасаймыз дегенше, менің осы бетім – бет. Маган қару керек. Сенде жігіт басына бір берденке... – Ергали осы жерде желкесін қасып, бөгеле берді.

– Мен саған қару беріп, қылмысты ісіне араласады еken деп ойлама.

– Тартып алсам ше?

– Өлтіріп алмасан...

– Жок, кешегі қанды көйлек жолдасымды өлтіріп қайтейін. Жө, сенен қару да алмай-ақ қойдым. Жолын болсын!

– Қызық кездесу болған еken, – деп Серіккали күле сейледі де, келесі сезін ойлы жүзбен айтты. – Исті Аязбаевтан бастау керек.

– Немене, тұтқынға аласың ба? – деді. Иван сезінде Ергалиды кимастық сыйнай бар еді.

– Жок. Мен бандымен күресетін отряд курам да, басына Ергалиды қоям.

- Көнеге екен?
- Оны кезінде көреміз...

\* \* \*

...Серіккали әлдене есіне түскендей табалдырықтан:

- Ваня, Ергали мәселеңі не болды?

Ол Иванга “маган Аязбаевты тауып бер” деген анада.

- Үйін үш күн аңдып әрен кездестірдім. Қашан көргін келеді?

- Ертең кешке.

Иван Рысин Серіккалиға Ергалидың кешке келетінін айтып кеткен. Аязбаев сиякты шұтыл адамдарды какпа-ныңа бірден түсіре сөйлемесен, оңай қолға түспейді. Серіккали Иван хабарынан бері, сондай какпан іздеп әуре.

Аязбаев — олеңдері халық арасына көп тараган ақын адам. Бұл өнірде Ергали әлсінің той өтпейді. Серіккали Ергалидың кепілін бірден жығып алу үшін, олеңін өзіне какпан етіп құру керек деген ойға келді.

Уақыт жетіп, ұзын бойлы сары адам табалдырықты аттай бергенде, орнынан түрегелген Серіккали:

*Дүниенің мынау пәни түнегінде,  
Жөн таптай караңғыда адасамын.  
Кедейге байдың малын айдан беріп,  
Тобырга туысымдай Карасамын, —*

деп сарт еткізді.

Ергали өз оленін естіген бойда босага тұста абдырап калды да, секретардың тынысын пайдаланып:

*Арасы екі өзеннің өскен жерім,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.  
Заманға ала-куйын болым душар,  
Елдегі не дейді екен теңдестерім? —*

деп мұдірместен бір ауыз оленді тастап жіберді.

Серіккали да казак сөзін үйқастыра айтудан кенде болмайтын. Дәпптеріне олең жолларын тізіп жүретін әдет мұнда

да бар. Бірак, онысын жанға білдірмейтін. Осы жерде Ергалиға өз жадынан бір ауыз өлең шығарып жауап бергісі келді де, тосылып қалып, алдында тұрган шегір көз сарының өз шумағымен жауап берді.

*Түсінер жан сырымды жан таба алмай,  
Карысын өктемдікке таласамын.  
Өзің біл кейінгі үрпак, не десен де,  
Әйтепеір ханың емес карашанмын.*

— Ойпырмай, Серік, баурым-ай, өз өлеңіммен карсы алып жүйке-жүйкемді босаттың-ау, — деп Ергали алға қарай қолын соза үмтүлді. — Өзімнің серігім болған соң ұлықтығынды қайтейін! — Ергали жақындай беріп Серіккалиды құшағына алды. Екеуі бірін бірі арқадан қақты да, сонсон қолдарын ұстасып біріне бірі құле қарасты.

*Кездессен кіші жүздің тентегіне,  
Шаруаның қарамайды ол келтегіне.  
Сояды конагына жалғыз атын,  
Қалса да жүген үстап ертеніне, —*

деп Ергали так еткізді де, Серіккалиға сұқ саусағымен сес көрсетіп, әлденені ескертіп қойды.

*Іркіліп ойдағысын жасырмаган,  
Басынан дүшпан сөзін асырмаган.  
Бір ауыз өділ сөзге тізе бүгін,  
Шамданса жекпе-жектен тартынбаган, —*

деп Серіккали бұл жолы да Ергалидің өз өлеңімен жауап берді.

— Токтадым, тоқтадым, — деді стол жанындағы бос орындыққа жайғаса берген Ергали.

— Ереке, сіз байқайсыз ба, — деді өз орнына барып отырган Серіккали, — сіздің әр өлеңініздің сонғы шумағы, алдындағы шумакқа жауап екен-ау.

— Е, жені солай бол кеткен шыгар. Әйтпесе, өз өлеңімे езім жауап берейінші деп шыгарды деймісін.

Серікқали соынанын басқа жаққа аударғысы келгендін анғартып қолын үқалап алды.

— Үй-іші, бала-шага калай, Ереке?

— Шүкір. Көштен қалмай, озып та кетпей журген халбар.

— Оныңыз бекер!

Ергали “бұл не дегенін” дегендегі сұстана қалды.

— Таловка өнірі бүкіл Совет кошінен қалып қойған.

— Қалай?

— Бандының кесірінен ауылдарға Совет үкіметінің жаңалығы жетпей отыр.

— Ей, қарақаска, сол бандының бірі, тіпті атышулысы менмін. Ойлаганым — қарашаның камы.

— Байдың малын кедей ауылга айдал өкеп беретінінді айтып отырысyz гой? Жақсы! Бір ауылды бүгін қарық қылдының, қалған тоқсан тоғызы не күн көрмек? — Осы уақытта Ергали бірдене айтайын деп үмсіншіп келе жатыр еді, Серікқали оны кол кимылымен тоқтатты, — мұны бір делік. Екіншіден, Совет үкіметі байлардын мал-дүниесін алып кедейге таратайын деп отыр. Яғни, ертең өнірде бір де бір бай қалмайды. Сонда не істейсіз?

— Онда сол жұмыска мені жек. Қай байдың малы қай күystа екенін мен білем.

— Барымташының бәрі сіздей болса гой, — деді орындығының арқалығына шалқая берген Серікқали.

— Тагы оның қандайы бар еді, қарақаска-ау?

— Сіз гой қарашаның қамын ойлап аттан түспейсіз. Ал мал қарашанікі ме, хандікі ме, соган қарамай-ақ бір күлкүниниң күлы бол жургендер де жоқ емес кой.

— Оның рас, Серікжан.

— Сондайлар байдың көзі жоғалса да көсібін қоймайды.

— Қойдыру керек! — деп Ергали балғадай жұдырығымен өз тізесін өзі қойып қалды.

— Қалай қойдырамыз?

— Жабу керек шетінен абақтыға.

- Кімді жабамыз?
  - Осындағы ең дәкей ұлықсын, кімді жабарынды өзін білесің де.
  - Ендеше сол ұлық кімге жаптырарын да біліп отыр.
  - Кімге?
  - Аязбаевка.
- Ергали шошып кетті.
- Шының ба, өтірігін бе, қасқа?!
  - Шыным. Таловканың кешегі астыртын большевиктер үйымының мүшесі, Ревком отрядының басшысы, казактың түңгыш үлгілі атты әскер полкінің жауынгер! Бандымен күресу үшін құрылатын отрядтың басына қоюга одан артық адамды іздесен табарсың ба?! — Ергали үндей алмай бөгеліп калып еді, Серіккали:
  - Ереке, айтталық, сіз Жақыповсыз, мен Аязбаевпін. Сіздің алдыныңда аудандагы бандыны күрту міндепті түр. Отряд құрылды. Енді оны басқаратын адам керек. Сол орынға кімді қояр едіңзі, — деп бастырмалата жөнелді.
  - Сен қарақасканың өзін! — деді кеинеттен басын көтеріп алып, Серіккалиды сұқ саусағымен көрсеткен Ергали.
  - Ендеше мен қателеспеген екем, — деді күлімдей түскен Серіккали.
  - Тек бір айтарым, — деді Ергали, — үлкен отрядтың керегі жок. Жұрт оның қарасынан қорқады. Қазіргі бандылар күндіз тыныш жүреді де, жорыққа тунделетіп екеу-үшеуден ғана шығады. Бізге де сол шамадан артық адамның керегі жок.
  - Мұныңыз ақылға қонады, — деді Серіккали.
  - Жарайды, Серікжан, бір сезбен ала қоятын оңай адамың Аязбаев смес тұғын, — деп Ергали столға жақындей түсті, — сен мені баласын әкеп шешесінен сусын сұрагандай, өз өлеңіммен қарсы алдың. Кірген бетімде “Дүние мынау пөни тунегінде” деп тақтақтай жөнелгенінде-ақ, “о, ханға имейтін қайран басым, Серіккали дұзағына сұғылдың-ау” деп едім. Ақыры солай болды. Енді сенен бір отінішім бар. Мен жаныма ертетін адамымды өзім табайын. Тек милицияға бағынышты қыла көрмеші.

— Бұл не дегеніңіз? Әр бес адамды райком секретары басқаратын болса, ол басқа жұмыстарды қалай аткармақ?

— Милициянан көнілім қалған. Оның ішінде каракшылармен жемтікtesі де жоқ емес.

— Ондайлар болса айтыныз, ертең қып жібереміз.

— Жоқ, — деп Ергали басын шайқады, — мен біреуді сыртынан көрсеткеннен гөрі, өзім үстап әкеп тапсырганымды жөн көрем.

— Ендеше жазып беріңіз.

— Қол бармайды, — деп Ергали басын шайқады. — Айттың не, жаздың не, бәрі бір сыртынан корсету.

— Ереке, ойланыз, — деп Серікқали ұмына түсті, — сіз бір жағы банды, бір жағы милиция — екі жағымен бірдей күресе алмайсыз.

— Жоқ-жоқ, — деді Ергали жік-жапар болып, — сыртынан ешкімді көрсетпеймін.

— Бандымен сыйбайлас милиционер де банды. Егер оны құртпак болсак, тамырымен құртайық. Айталық, бір банды карашаның жалғыз биесін айдал әкетті де, құлышын сыйбайлас милиционеріне берді. Ал ол милиционер бандының қылмысын жасырып, ара тұрды. Ойланызышы өзініз, сонда не болды?

Серікқали сонғы сұрағын түрекеп тұрып қойған еді. Жауап сұраған адамдай Ергалиға жоғарыдан қарады. Ергали да жуырманда ештене дей қоймады. Осылай аз-кем аңдысудан кейін Аязбаев:

— Серікжан, соларды айтпайын демеймін-ау, жан үстінен домалақ, қағаз қып көрмеген басым... — деп көтере берген қолын тізесіне қайта сылқ ете түсіріп, сезін бітірмей токтап қалды.

— Бұрын жұрт біреуге кеткенін өндіртіп алу үшін, яки кеткен кегін алу үшін, не өшіккен адамының кезін құрту үшін қарақан басының қамын ойлад жазатын домалақ арызын. Ол кезде сіз мұндаймен өуес болуга арланатынсыз. Оны мен жақсы білем.

— Ойбай-ау, қағаз былғаганша, өзім барып шауып алмаймын ба. Бір түн жалынсын, — Ергали кенеттен көтеріле түсті.

— Иә, иә, сіз туралы өзім де солай ойлайтынын. Ал енді жазсаныз, ол беріде карашага, әріде бүкіл Совет үкіметіне көмектескенің бол табылады.

— Оның да жөн шыгар.

— Атайды берініз, — деп Серіккали қаламын колына алды.

— Әдetteнбекен ауыз айта да алмайды. Қағаз-қаламынды өзіме берші.

Ергали үш милиционердін, атын жазған қағазды Серіккалига қарай жылжытты. Қимылтында қиналу бар. Ол неден, не себепті қиналатынын Серіккали жақсы біліп отыр.

— Енді әрқайсысының түсінін қай қаракшыдан не алды деген сиякты сыйбайластық, сырын да жазыңыз, — деп Серіккали қағазды қайта кері итерді.

— Аллай, сенің қадалған жерден қан алатын мінезіңай! — деп Ергали баяу қымылмен қағазды алдына қарай тартты... — Ал сінді бұларға не істейсің? — деді.

— Советтің әділ заңы біледі.

— Сойт, сойт, әйттеір әділ болсын, — деген Ергали кетпек бол котерілді де, бөгеліп қалды. — Серікжан, ана жылы Ефим Панченко мен Иван Рысин жазықсыз жабылған жолы сен Орынбор түрмесінен босатып алыпты дегенде мен қасқаң қандай қуанды десейші. Үл туса Серіктей түсін деп айтпаған адамым жок. Мен атқа мініп құтылдым гой. Жазатайым сонда колға түсіп, Иванмен бірге отырсаң, мені де босатып алар ма едің?

— Сол да сөз бол па екен, Ереке,

— Е, өзім де солай ойлагам...

\* \* \*

... Ел құлагы елу. Аязбаевтың бандыларга қарсы шығатыны жөніндегі хабар кешікпей-ақ тарады. Оның өзі де қасына төрт-бес адамды ірікten алыш, түнделетіп дала шолуға кіріскең еді. Сол күндердің бір кешінде Ергали үйіне бір топ жолдас-жорасымен Сагыздин, Жармұканов деген екі милиционер келіп:

— Той жасаңыз, кой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заман жана туды, — деді.

Ерғали оларды а degенде көңілсіз қарсы алды. Осылардың кайсысының болсын қолы таза емес, жә, Серіккалиға берген қағазында екеуінің де аты бар. Дегенмен, қонақ келіп қалған екен, ар жағында арамдығы жок, акқөніл, дархан Ерғали тез өзгерді. Конактарын пейілімен күтті.

— Откен күннің қайтып келмеуі үшін алындар, — деп арак құйды.

— Енді біз жұмыссыз қалатын болдық, — деп өзілдеді Жармұканов.

— Ақсақал, — деді Сағыздин Ерғалиға, — маган милициядан шық деген сөзіз есінізде ме?

— Оны әлі де айтам, — деді Ерғали екеуіне кезек қарап, — бұрын өзімді банды қатарына қосып жүргеннен кейін айтуши едім. Енді, қарақышылардан екеуін де дәм татқансындар, арттарың былғанышты, милиция болуга жарамайсындар деп айтам.

Екі милиционер отырған жерлерінде сазарды да қалды.

Көп кешікпей Аязбаев олжасының алды ретінде Төкешов дегенді үстап өкелді. Серіккали оны Ерғали күткендей абактыға жапкан жок. Төкешовпен сойлесіп, заман ағымы, ел тыныштығы, уақыт өзгерісі жөнінде әнгіме көтерді. Серіккалидың Төкешовке айткан сөздері Аязбаевтың та кекейіне қонды. Соңсоң Серіккали Төкешовты коя берді. Оның бұл ісі де Ерғалиға қатты үнады.

— Көрдің бе, біздін Серік қандай, ә? — деді ол Төкешовке ажырасар алдында. Сонымен бірге Серіккалидың алғашқы бандыны коя беруі, қарақышыларды ұстауға күлшына кірісуге Аязбаевтың өзінде де қамшы болған еді...

\* \* \*

... — Сөке, естілдіңіз бе? — деп Сантеміров күбір етті де, бөгеліп қалды.

Серіккали Сантеміровтың жасқана койған сұрағынан жақсылық күтпей, одырай қарады.

— Нени?

- Откен түні Аязбаевты тұтқынға алыпты.
  - Аязбаевты? Тұтқынға?!
  - Рас, Сәке!
- Серіккали жатқан жерінен үшіп тұрып телефонға үмтілді.
- Аязбаевты неге отырғыздындар? — деді ол милиция бастығына.
  - Губерниядан келген тергеушінің бүйрұғы.
  - Серіккали дереке тергеушімен хабарласып, оған да әлгі сұрағын койды.
  - Қаракшыға ара түспексіз бе? — деді ар жақтан естілген салмақты дауыс. Үнінде зіл бар.
  - Ол қаракшылықты койған адам! Соңғы үш айда бізге он екі бандыны үстап берген. Райволком жасақтаған отрядтың бастығы ол.
  - Откен істерін бүркөуге болмайды гой, сол үшін жауап беру керек.
  - Мен волкомның бірінші секретары ретінде Аязбаевты босатуынызды талап етем!
  - Жазасын алмай босамайды. Оның ісі губернияда қаралатын болады.

Серіккали бұлқан-талқан, болды. Ашуланғанда қаны тасып, өкпесінің қабынатыны болушы еді. Бір стақан суды ішіп жіберіп, көңілі сап болды. Бірақ үйге сыймай ерсілікарсылы жүрді де койды. Тіпті бойындағы сыркатын да үмытқандай.

Сантеміровтың “Укомның 19-шы номерлі қаулысын кайта қаралса екен” деп берген телеграммасы губернияға жетіп, одан айналып отырып Сарбековтың колына тигені еді. Сарбеков сол күні тағы бюро шақырып, мынадай қаулы алды:

1. Уком өзінің апрельдің тоғызы күні алған қаулысын күшінде калдыра отырып, губерния партия комитетінен Жакыпов жолдасты Бекей уезінен тыскары жерге жіберуді сұрайды.

2. ВКП(б) уездік партия комитетінің қаулы-қараптарын орындамаған уком мүшесі ретінде және бюроны менсінбе-

тегендігі үшін Жақыпов уком мүшелігінен шығарылып, ісі партия тарапынан жаза колдану үшін губерния бакылау комиссиясының өкіліне берілсін.

3. Таловка райволкомы бірінші секретарының міндетін уақытша атқарып жүрген Сантеміров жолдас уком шешіміне қарсылық білдіріп, телеграмма бергені үшін қатан сөгіс жарияланып, қызметінен алынсын".

\* \* \*

...Аязбаев Серіккали жадынан бірде-бір сәт шықпаган. Ергалидың соңғы уақытта болыста бандыларды күрту мәселесінде көрсеткен ерекше еңбегін айттып, уъезге де, губернияға да жазған еді. Бірақ, жауап болмады. Мүмкін, Аязбаев жоніндегі қағаз соған келіп түскен шығар деп губерниядан келген өкілмен де хабарласты. Өкіл ондай қағазды көрмегенін айтты. Осы арада коммунистердін Жақыпов мәселесін қарайтын жабық жиналышы ашылатын болып, Серіккали бөгелс берді. Эйтпесе, оның Оралға барып Ергалиды босатып алу ойы бар еді. Жинальыс біткеннен кейін. "сәті енді түсті" деп жолға жинала бастағанда Серіккали "ішінде Аязбаев та бар бір топ бандыны Оралға жөнелтіп" деген хабар естіді. Бұтан Серіккали тосылған жок. "Ертең жүрем, Ергалиды Оралдың өзінен барып босатып әкелем" деп отырғанда, кенеттен телефон шыр ете қалды. Болыстық милиция бастыры екен. Ол Серіккалига Аязбаевтың жолшыбай конвойды байлап, қаруын алтып, қашып кеткенін айтты.

- Конвой қанша адам еді? — деді Серіккали.
- Бір милиция және екі комсомол мүшесі.
- Он адамды үш адаммен жіберіп... сендерде бас бар ма өзі!
- Губерния өкілінің жарлайтын солай болды. Серіккали сол сәтте өкілмен хабарласты.
- Олар адап жандар болғанда конвойсыз-ақ барап еді гой. Әсіресе, Аязбаевтың нағыз қаракышы екенине енді көзінің жеткен шығар. Сіз гой а дегенде оны тұтқындағыныма қарсы болдыңыз. Ол — түзелмейтін қаракыш. Оның атын әлі-ақ еститін боласыз.

Тергеушінің сонғы сезі шындыққа айналды. Көп кешік-пей маңдагы болыстардан Аязбаев деген қарақшының аты еміс-еміс естілетін болды. “Ол сондай ма еді?” деді Серіккали ашудан түтігіп. Аязбаевтың осындай болуы кімге керек? Болыста қарақшының көп болуынан кімнің жаны жай табады? Осының бәрі болыста әлі де болсын жау жанды адамдардың барын айта ма, қалай? Бар болса олар кімдер?

Сарбеков губерниядан Таловка партия үйымының ісін қарауга комиссия сұраған екен. Июнь айының аяқ шенінде ол да келе қалды. Комиссия көптеген қағаз аударып, коммунистермен сейлесе кеп, июльдін 23-і күні укомның Жакыпов жөнінде қабылдаған қаулыларындағы деректерді қайталай отырып, Таловка райволкомының бірінші секретарына жазба түрде қатаң сөгіс жариялаған қаулы алды.

Серіккали да қарап отырмады. Ол Таловка партия үйымының ісін қарау жөнінде комиссия сұрап өлкеге катынас қағаз жіберді...

Сол күндердің бірінде кабинетке кірген бір бейсауат адам Серіккалидың колына төрт бүктеліп, дәл ортасынан жіппен екі ілінген қағаз ұсынды.

— Мұныныз не жөнінде?

— Ергалидан...

Серіккали қағазды ашып көз жүгіртіп, оки бастады.

*Атандым барымташы Аязбаев,  
Жасымнан күн кактады аяз карып,  
Кедейден сынық ине алмасам да,  
Банды деп айдар тақты жала жауып,  
Амал не, уа, халқым, жауға сендей!  
Төзбедім бұл қорлыққа, дала кездім.  
Соғып жеп қастасқанды аш кабандай,  
Басымды аршылмастай дауға бердім.  
Сөзіне, Серіккали, сеніп едім,  
Колына тізгінімді беріп едім.  
Токтыдай әлдекімге байлап бердін,  
Ішімде кеткені ме кегім менін.*

Серіккали бетін басып үнсіз отырып калды. Ол осы жолы өзін өзі алғаш рет дәрменсізбін деп сөккен еді. Әлдекімге ыза болып іштей жиырылды. Бірақ, кімге ыза боларын білмеді. Кенет оған “казір өзі кайда екен?” деген ой келіп, қолын бетінен алды да, кабинетте өзінен басқа тірі жанның жоғын көрді. Жә, Ергалидай адам бір жерді мекен еткен бе? Әлде, осы ойдан әсері ме, Серіккалиға кабинеттен шығып кеткен өлгі бейтаныс адам емес, Аязбаевтың өзі келмеске кеткендей боп елеstedі. Оның ойына Ергалидың:

*Іркіліп ойдағысын жасырмаған,  
Басынан дұшпан сезін асырмаған.  
Бір ауыз әділ сезге тізе бүгіп,  
Шамданса, жекне-жектен тартынбаган, —*

деген өлең жолдары орала берді...”





## Сонғы сөз орнына

Құрметті, оқырман қауым! Біз өз мүмкіндігімізше Ерғали Аязбайұлының өмір деректері мен іс-әрекеттерін осылайша біраз өнгімеледік. Бірақ кейіпкеріміздің басынан кешкендерінің себеп-салдарын жан-жакты толық аштық дей аламыз ба?

Әрине, жок. Біз үшін Ергалидың балалық, жастық шағы белгісіз, сондай-ақ оның тұған жерінен жыракта өткен 1917ж. Ақпан төңкерісіне шейінгі өмірі де беймәлім

Біз Ергалидың тек сонғы он жыл (1918-1928) өмір деректерін ғана хабарладық.

Өкінішке қарай, қолдың қысқалығы, демеушінің жоқтығы тарихшы И. Кенжалиев ағамыздың өтініші бойынша Ерғали Аязбайұлы туралы деректі фильм түсірудің сәті түспегендігі бізді бек опындырыды. Ергалиды білушілер мен оның туып-өскен өлкесін, журіп өткен жерлерімен танысу да бұйырмады. Ергалидың өмірдеректерін, болған оқиғаларды білетін азаматтар оның тұған топырағында табылуы да әбден мүмкін ғой. Тек бір анық нәрсе-жастайынан казак-орыстардың қысастытығынан зардан көрген Ерғали Аязбайұлының Кеңес үкіметін қуана карсы алғаны ақиқат. Бірақ шала сауаты бар Ергали Кеңес үкіметінің саясатын толық түсіне алмады. Ергали түгіл оқыған-тоқығаны мол, тәжірибелі адам да кешегі жан алысып-жан берісіп, құнде өзгеріп тұрган билік пен саясаттың күрбандары бол кеткен азаматтар қаншама?

Ерғали Кеңес үкіметінің тезірек жеңіске жетіп, тұрактануына қаншама ат салысса да, жаңын шуберекке түйіп еңбек сінірген өз азаматтарын сол үкімет ақыр сонында ешқандай адамгершілік, кешірімшілік нышандарын жасамай-ақ, өз қолдарымен о дүниеге

аттандырып, көздерін күрткіп тынды. Олардың тіпті үрпактарын да аямады, жастықтарын ескермеді, оларды да коса отады. Не деген катыгез, жауыз заман еді?

Ергали Аязбайұлы бізге несімен қадірлі? Ол артына ұмытылмастай өз есімін калдырды-оган дәлел Ергалидың олendorі мен өні. Бір ғана “Шайтанкара” өнімен, Ергали аты қазақ халқының жадында сөзсіз мәңгі сакталады. Ергалидың өні мен олendorінде ерліктің өрсін екпіні бар, тындаған адамды тым жогары рухтандырып, тындаушысын еліктіре өзіне тартып, асқактата ерлік жорыктарына шақырады

Ал кейде тұманды күні адасқан адамдай опық жетізеді, капаландырады...

Осылайша пікірімізді аяктай келе, сөз сонында, Ергали Аязбайұлы туралы осы кітабымыздын жарық көруіне ақыл-кенесімен жен сілтеген, қол үшін берген ағайындарға автор өз раҳметін айтады. Соның көш басында тарихшы Истатай Кенжалиев-ол ағамыз қазір бізден біраз алыстан қалған 1993 жылдың жазында-ақ, Ергали Аязбайұлы туралы өз пікірлерін айтып, кептен бері ескерусіз, ұмыт қалған осынау тарихи тұлға туралы деректерін ортага салған болатын. Осы катарда оралдық ағайын Молдағали Рысқалиев ағамыз бар. Ол ақыл кенесімен қатар кала сыртындағы арыстар атылған жерді де мензеп еді-ау. Марқұм болған ақын ағамыз Сатыбалды Даумов, ғалым ініміз Отаралы Бүркіттің аруактары разы болғай! Керекті әдебиеттермен танысуымыма көмектескен, әдебиеттің нағыз жанашырлары-інілеріміз: ғалым Максат Тәж-Мұрат, талантты жазушы Ракымжан Отарбаев, ақындар Файсағали Сейтақ пен Батырболат Қабош, Ергали әндерін шебер орындаған домбырашы, күйші Түяқ Шамелов, Ергали туралы ұзак жыр-дастан барын хабарлаган оралдық әнші інілеріміз Қатимолла Бердіғалиев пен Серік Әбдірахмановка, әке мұрагатымен таныстырыған ініміз Даурен Иманғалиевкө, демеушілік көмектері үшін інілеріміз Ерсайын Жапақ пен “Арыс” коры баспасының директоры ғалым Фарифолла Энеске бек раҳмет айтамыз. Дүниеден өткен аруактардың рухтары баршаңызы колдан, корғап жүргей! Әумин!

**ҚОСЫМША  
ШЫҒАРМАЛАР**



## Кибат (Фибатолла) Бәйішұлы Иманғалиев

(28. 11. 1930, Казталов ауд. Мешіткөл а. 21. 2. 2000 Алматы к.) – аудармашы, баспагер, ақын, Қазақстанның енбек сіңірген мәдениет қызметкери (1984). 1957 ж. Алматы зоотех.-мал дөрігерлік институтын бітірген. Қазақтың мемл. кітап баспасында редактор, 1960–68 ж. “Қайнар” баспасында болім менгеруші, бас редактордың орынбасары, 1968–72 ж. “Қазақ энциклопедиясының” бас редакциясында ауыл шаруашылық жөніндегі ага ғылми редактор, одан кейін 20 жыл бойы “Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылымының жаршысы” журналында бас редактор болып қызмет істеді. Академик Иванов пен Бальмонттың Қазақстанға катысты 17 қунды сибетін казақ тіліне аударды. “Ұстаз” атты алғашкы өлеңдер жинағы 1962 ж. жарық көрген. Сондай-ақ “Жас жүрек”, Шабыттың қайнар бұлағы”, “Жырға сапар” жинақтарына өлеңдері енді.

### АЯЗБАЕВ КІМ БОЛҒАН?

Елдің көнекөз қариялары мен немере інісі Әмірдің (Әміргалидың) айтуынша, Ерғали Аязбаев 42 жасында қыршынынан қылған... Осы тіршілігінің 27 жылын аласапыран кезінде ат үстінде откізген.

Әкесі патша солдаттарымен қактығыста қаза тапқаннан кейін, ол он бес жасынан жігіт топтастырып, Орал казак орыстарының үстемдігіне карсы күрескен. Бұл кезең казақ аспанының қақырай согіліп, ак патшаның казақ жерін ешкімнен именбей-ақ тартып ала бастаган тұсы болатын.

“... Жайықты тартып алғаны –  
Жағаға колды салғаны!  
Ойылды тартып алғаны –  
Ойдағысы болғаны... ” –

деп Мұрат жырау патшалық Ресейдің казақ жерін отарлаудағы қанқұйлы саясатын дәл сипаттаған. Ерғалидың

өмірі кос кезеңді – патшалық Ресей мен кенес үкіметі дәүірін қамтиды. Патша тұсында ол “барымташы”, кенес үкіметі тұсында “банды” атанды. Әр кезеңнің саясаткерлері оны қалың қазақ бұкарасына коркынышты етіп көрсетуге талпынды. Өйткені оның іс-кимылы өзгені еркіндікке, бостандыққа шақырып, үстемдікке қарсы күресу керектігін үйретті. Мұндай адамдар осы кезеңдегі үкіметтер үшін аса қауіпті болатын...

Патшаның озбыр саясатынан жәбір көрген Қазақ елінің Батыс өнірі казак-орыстарға карсылық көрсеткенмен, қайрат көрсете алмады, тек қансырап қалды. Зенбіректермен каруланған патша солдаттары қазакты ата қонысынан босып кетуге мәжбүр етті. Ауылы өртеніп, малы шабындыға тұсқен, азаматы жер құшқан ел құм мен шелге ығысты, жөнкіле зарлай қошті... Осындай қактығыстың бірінде Ерғалидың әкесі Аяз-мерген (Аязбай) окка үшты. Бұл қанды қыргын тоғызы жасар Ерғалидың сенім дүниесін тас-талқан етті. Кеудесінде кек оты лаулады, алты жыл азапты күн кешті – бұтанасты қатып, өз күшіне, айла-тәсіліне сенімі артты. Он бес жасында ат жалын тартып мініп, емен сойыл сүйретіп, елі мен әке кегін куды. Қонысын тартып алған казак-орыс байларын бөрідей бөрліктіріп, “барымтага” аттаанды. Орыс байлары мұның басы үшін он мың жылқының құнын жариялады. Бірак жұт жылдары қайырын көрген есті азаматын елі үстап бермеді, кездескен жауын өзі “емдеді”. Ол өз дәүірінің алғы шебінде, қайнаған оттың ортасында жүрді, өмір оны барыс жүректі батыр етіп шындалы.

Ерғали өзге үлтқа зорлық жасап, қонысынан қуып, адамын өлтіріп, мал-мұлкін тонаған жоқ. Өз еліне көрсеткен өзге жүрттың қысастығын котере алмады, қанды қанмен, әкеткен малды малмен қайтарды. Бұл қазақ үтімінда барымтандың карымтасы болған. Амал не, “әр ауыз тәттіні өзі таңдайды” дегендей, казак-орыстардың ауызына “қарымта” созі өлі күнге дейін түспейтіні өкінішті...

Олар өз қылмыстарын еш уақытта “барымта” деп бағалаған емес, қазактың қыпояз қайтару “барымта” деп дабылдатуын орыс саясатының озбыр үстемдігі демей не деуте болады? “Конысынды тез босатпайсың” деп, өштесіп алған орыс байлары қазакқа не жәбір көрсетпеді: құнарлы жерін, сулы-нулы орман- тоғайын, көк балауса шабындытын тартып алды. Шекара белгілеп, Жайыққа жақыннатпай қойды. Ұрынуга сұлтау іздең, өзениен балық, тоғайдан аң аулаута тыйым салды. Тәртіп “бұзғанды” сокқыға жықты, малын қуып әкетті.

Осындай зорлыққа, корлыққа шыдамаған әр ауылдың ашынган атпал азаматтары екі-үштен бас қосып-қарымтага аттанды! Өйткені Исадай-Махамбет, Кенесары көтерілістерінен кейін қазак елінің қайта жаппай бас көтеруге шамасы келмегі... Қазақ еншісінде қарымтадан басқа жол қалмаған еді. Олардың қазак-орыстармен айтысып, тендік алмасына көздері жеткен болатын. Қайсар батыр, сұрып салма ақын, әрі өнші ешкімге бас имеген, үстемдікке көнбекен, екі сөйлеп көрмеген, жолдастын жауға бермеген Аязбайдың Ергалиының данқы бүл жылдары шырқау биікке көтеріледі: досын қуантып, дүшпанын жылдатты, есімі анызға айналды... .

Осы кездे заманның күрт өзгеруі оның әрекетін өзге арнаға бұрды. Қазан төңкерісі басталып, ел іші тапқа белінді. Жер мемлекет менишігіне отіп, мал төркігे түсті. Шамадан тыс салық елдің еңсесін көтертпеді, карсылық көрсөткендер “халық жауы” атанды: айдалды, атылды, түрмеге қамалды. Қалың бұқара өзін тұман ішінде жүргендей сезінді, сүрінді, адасты.... .

М. Тұнғашиннің басшылығымен құрылған Қазактың тұнғыш атты әскер полкінде Ергали эскадрон командирі болды. Оның ерлігі мен өнерін көре алмайтын құншілдер көп болған. Есімі Қазақстан Республикасына тараган әйгілі чекист Серікқали Жақыпұлы Талөкпеде волком хатшысы болғанда Ергали аудандық ГПУ болімін басқарған. Ол Серікқалидың сенімді серігі, тірері бола білді.

Ергали да кенес үкіметін тезірек орнатуға, елді тыныштандыруға қызу кірісті. Шым-шығырық саяси айқаста ол кедейдің арын арлап, жоғын жоктады, өктемдік жасаған озбырларға қолденең тұра білді!

Кенес үкіметін әлсірету үшін орыс-казак байлары қолдарына каракшы-ұры үстады. Талай ат жалын күжіреткендердің кеудесін Ергали басты. Сейтіп, карсыластар көбейіп, қысым күшейді! Серікқали басқа олкеге қызметке ауысқанда орыс-казак байлары Ергалиды “барымташы” деп, арызды астанага қардай боратты. Зобалаң жылдары өзара “қырық пышақ” болған ел, кімдерге шокпар болмаған? Өзімшіл, мансапқұмар нағандар арысын айдатып, аяулысын абақтыға қаматты, сорпаға шығарының “сорпасын” ішті! Ел ішінен “халық жауын” өшкерелеу социалистік жарыска, міндепті жоспарға айналды. Мұнан аскан соракылық, мұнан аскан озбырлық болар ма?

Сейтіп, енді Ергали “халық жауы” атанды, ел арасында бір-ер жыл қашып жүрді, ел оны үстап бермеді. Қолға түсіре алмаганына ызланған ОГПУ қызметкерлері оны біржола күрту үшін саяси астар тауып, “банды” деп жариялады. Ақыры екі жылдан кейін Ішкі орган қызметкерлері “кешірім берілді” деп, алдаң қолға түсірді де, ешбір тергеусіз, сотсыз екі баласымен қоса (кішісі 17 жаста) атып жіберді, өuletін түгел күртты. Өзі орнатуға белсене қатысқан Кенес үкіметінен көрген Ергалидың “жақсылығы” осы болды! Орал казак-орыстары Кенес үкіметінің көмегімен ата жауы Аязбаевтан осылай өшін алды, осылай күтүлді!

Мұнан соң оның өндерін, өлеңдерін айттуға қатаң тыйым салынды. Алты-жеті жасар кезімде бір тойда “Шайтанкараны” айтқаны үшін Қарабалаев Иманғали 1937 жылдың 11-ші желтоқсан күні “халық жауы” болып қамалды, кайта оралмады. Шала сауатты Ергали Кенес үкіметі саясатын толық түсінді деуден аулақпын. Өз түсінігі бойынша керегар мінез де көрсеткен... Алайда кедейлер үкіметін орнатуға қалтқысыз, адал қызмет еткені күмәнсіз! Чекист С. Жақыпұлы: “... оны теріс жолға өзіміз итермеледік...”, – дегі. (К. Исабаев “Сонғы ерлік”).

Кай заманда болмасын, ақынды “барымташы, қаракшы” етіп көрсетуге талпыну – әзәзілдің ісі! Ақын: біле тұра бүлдіруге, көре тұра көргенсіздікке, сактана жүріп сатқындыққа, ойланға жүріп опасызыдыққа бармайды! Ол әділетсіздік үшін не дүшпанын, не өзін мерт етуі мүмкін. Бұл – табиғи құбылыс! “Тұсында әр заманның бір сүркүлтей...” – деп, бабадарымыз текке айтпаса керек!

Ақын әділеттің ақ туын қасықтай қаны қалғанша арымен де, жанымен де қорғары хақ. Ең соңғы үміті үзіліп, түйіктан шыгар жол қалмаганда жауына бас имей, арын таптаптай, “құмалактай” қорғасынды өзі-ақ таңдар еді!

“Халық әндері” жинағындағы “Шайтанқараның” әні мен сезін шығарған Ерғали болатын. Кәдімгі атакты “барымташы” Аязбаев еді. Ол да – ақындар жұрагатының бір жұрнағы. Әндер жинағында әке аты (фамилиясы) көрсетілмеген, өлеңі толық берілмеген, аз-кем катесі де бар. Бір-ақ әнмен болса да есімін кейінгі үрпаққа таныстырганы үшін құрастыруышыға алғыс айтқың келеді. “Халық жауының” әнін жариялаған неткен ерлік? Халықтың өз аяулысына деген махаббаты осылай болса керек! “Шайтанқара” әні болмаса, Ерғали есімі ұмытылған болар еді. Ән құдіреті, осылай!

Қазақ қауымы өзінің сүйікті перзентінің әні мен өлеңін иманшарттай жаттап, қатан жазадан корықтай, үрпақтан-үрпаққа жеткізді. Солақай саясаткерлер мен архив материалдарына ғана сүйенетін, саяси “қырағы” кейір тарихшылар бүгінге дейін Ерғали мен Серіккалиды еліне құбыжық етіп көрсеткісі келеді... Мұндайлар сол кездегі тергеушілердің өздеріне “қажетті” материалды қандай жолмен, қандай әдіспен алатындарын ескерсе гой, шіркін!

Біз бір шыбық отырғызған Шевченко есімін ғасырлар бойы кастерлеп келеміз. Мұны халқымыздың дархандылығы делік! Ал басын бәйгіге тігіп, омырауын оққа тоскан ел намысын қорғаған, ашыққан еліне азық тауып беріп, ажал тырнағынан құтқарған Ерғали бабамыздың есімін, еңбегін ескерусіз калдыру – киянат! Өзге үлттың жасының асыра мақтап, өз үлттың асылын

ауызға алмау – кеңес дәуірінен бойымызға сінген дәрменсіздік.

Дастарқанымызды алдымен өз аяулымызға көрсетейік, ағайын!

Адамның ішкі сарайының тазалығын көз бен сөз көрсетсе керек. Оның әндегі мен өлеңдері көкіргі ояу, казак топырағында өскен қай перзентті де толғандырары, ойландырары ақиқат. Мұндай өлең авторының өз халқына жау болуы мүмкін емес! Ал саясат жайына келетін болсак, Ергали түгіл, саясаттың талай тарландары шаң қауып қалғанына күә болып келеміз...

Ергалидың іздеушісі – өз халқы! Асыл азаматтың әңжырын үрпағына кайтарайық, еркін шыркасын! Ер есімін жаладан тазартайық!

Мен Аязбаев рухын казақ әлемін шыр айналып үшші жүргендей сезінемін. Енді “Аязбаев туралы аныз” атты дастанға сөз берелік!



## АЯЗБАЕВ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

*"Аңыз түбі – ақиқат!"*

*Халық мәтепі*

Тындалым: аңыз, дастан жатталынған,  
Ауылдың күйіма құлақ карттарынан.  
Жасымнан көкірегіме жинап өстім,  
Мұң-зарын азаматтың ақтарылған.

Жол беріп, білекке де, ақылға да,  
Жендермей батырга да, ақынға да!  
Мерт болдың тап жауынан қапылыста,  
Тар жолда дария кешкен, Батыр баба!

Тайдырмай тайғақ жолда табаныңды,  
Кеудене жинап алып зала-мұнды.  
Алса да алкымындан дәүләттілер,  
Шулатып өттің-ау Сен заманыңды!

Естілім, ер болыпсыз нар іспетті,  
Сеземін-сүйегінен намыс өтті.  
Атыңды айткан пендे айдалса да,  
Ел сениң өн-жырыңды табыс етті!



Тағдырың толғандырып, елендепті,  
Алдынан сан көрініс жылжып өтті.  
Үршыктай зыр айналған зар заманда,  
Кү тағдыр Сені неге төлкек етті?

Кұдай-ау, күбылаңа қараттың да,  
Әлемге бір алапат тараттың ба?  
О, Тәнірім, жаны күйген жампоздардың –  
Жоқшысы бол! – деп мені жараттың ба?

Бір күш бар өн бойымда тайталаскан,  
Есігін тылсым сырдың айқара ашқан.  
Жүруші ем жылдар бойы маза таптай,  
Ұсындым үрпағына жазып дастан!

Ереке, аруагың да өкінбесін,  
Кеудеме рухыңның отын берсін!  
Паш еттім жан сырынды жалпақ елге,  
Бағасын халқым берер, оқып көрсін?!



## ЖОЛ ҮСТИНДЕ

*"Халық маҳаббатына ие болу – мәңгі  
өмір сүру деген сөз".  
Халық мәтесі*

Жол ұзак... . жеккеніміз көк шолақ ат,  
Делбені қаққылайды қысық, көз қарт.  
Көк шөпті көк арбаға толтырып ап,  
Жантаям құс мамықта жаткандаій-ак!

Сай-сала суга толған биыл жазда,  
Өтеді төбемізден үйрек, каз да.  
Ыңылдан шал келеді олендетіп,  
Білмеймін етті уақыт – көп пе, аз ба?

Үндемей жата бердім, әнді үзбей,  
Сикыр саз тербетеді маза бермей!  
Шоқалақ соккан шакта шал бұрылып,  
Өлеңін кілт тоқтатты маған сенбей.

– Аксакал, олеңіңіз неткен ғажап?!

– Ку бала, қайдағы олең етпе мазақ!  
Дегенде, өз айтқанын қайталап ем,  
Шал жүзі куқылданып тартты азап.

– Шерлі олең, сикырды ән тербеткенде,  
Үйренбей оны қазак күр кеткен бе?  
Бұл олең талайларды зар қактырып,  
Айдатты Іркітіне, Итжеккенте!

Жалтақтап қарияға қарай бердім,  
Елігіп бір сезімнің соңына ердім.  
— Қария, Ергалидың өмірін айт,  
Есімін көп естідім ондай ердік?

Шал сонда еш нәрседен тартынбады,  
Жүйріктей еті қызған анқылдалы.  
Баяндал бастан кешкен уакиғасын,  
Кемсендеп қызыл иек қалтыллады.

Көк шолак жұлқа тартып көк арбаны,  
Көк сағым көтерілген көз арбады.  
Алдыннан тізбектеліп өтіп жатты,  
Бабамның құрбан болған көп арманы!

Алдында аған тұрса аскаралы,  
Жат түгіл, дүшпаның да жасқанады!  
Кешегі ақ патшаның заманында,  
Көріпті-ау, казак талай масқараны...

Алдына тарту еттім, жасырмадым,  
Өмірдің ширы мол асуларын.  
Досым кім, дүшпаным кім — өзің танда,  
Сөйлеттім шежіресін гасырлардын!



## БАРЫМТА – ЗОРЛЫҚ

“... Еділ үшін егестік,  
Тептер үшін тебістік.  
Жайық үшін жандастык,  
Киғаш үшін қырылдык!”  
Махамбет

\* \* \*

Алкабы Ак Жайыктың малға толған –  
Жыл еді, байтақ жазық шөпке тұнған.  
Зорлықшыл ақ патшаның жарлығымен,  
Қазакты шелге қамап, күмға қутған.

Шалқар көл, күйқалы жер, қуба белді,  
Казактар иемденіп, қайта бөлді.  
Аталмай ата қоныс өз атынан:  
Тасқала “Каменка” бол шыға келді!

Тастасын құт мекенін қалай жатқа,  
Дүрлігіп қалың казак қонды атқа!  
Қаруы үшкыр жебе – көбе бұзар,  
Көк найза, алмас қылыш, қанжар, балта.

Жау көрсе жас қырандар қалай тоқтар?  
Такымға қыса салған құрыш шоқлар.  
Қоздырып ел намысы әкетпей ме,  
Тізгінді кере тартқан тұлпар аттар?

Бұзайық, құтылайық күрган тордан,  
Ер кіндік ерлік көрсет, жаудан корған!  
Екі жақ бетпе-бет кеп араласты,  
Қолдай гөр, ата мекен, жасыл орман!

Біреулер қылт етпеден шыға шауып,  
Төңкерді зенбіректі қыбын тауып.  
Доп түсіп зіркілдеді бет қаратпай,  
Талай ат омакасты топырак қауып!

Жер күшты... елдің асыл өрендері,  
Жасақты шөптей қырқып, тәздірмеді.  
Орыстың от каруы ойран салып,  
Қазақтың қарсылығын көзге ілмеді!

Колбасшы сезді істің оңалмасын,  
Алғы лек білді қайта оралмасын!  
Жасаққа шегінуге белгі берді,  
Деді де: елім босқа тоналмасын!

Келсе де талай ғасыр сынбай сағы,  
Қазақтың бұл кезенде тайды бағы.  
Бармағын тістей-тістей ұландары  
От кару — доп қаруды арманадады!

Мал-дүние жау қолында талан-тараж,  
Қанқұсты, қайғы жұтып талай сабаз.  
Босқын ел бас сауғалап кете барды,  
Көнбеуге жойқын күшке таппай лаж!

Оқ тескен иығына Аяз-мерген,  
Бұтарлап боз жусанды тыға берген.  
Ең соңғы оғын атып дүшпанына,  
Құлады көтере алмай басын жерден.

Оралған ақ киізге әке-әлік,  
Ергали тез сұынды оны көріп.  
Сұңғыла тоғыз жасар қайсар бала,  
Төгілген көз жасына берді ерік.

Жүрсे де ата жауы қай тарапта,  
Ант етті: әке кегін қайтармакқа!

Сол үшін он бесінде атқа мініп,  
Қаймықтай қарсы шапты атқан окка.

Амал не, тұңгеріне көпір жетті,  
Түйеге өлік тенден суыт кетті.  
Бір жетсек Көктерекке өлмеспіз деп,  
Қазактар тастай қашты орыс бетті!

Боздады жетім бота жагы тынбай,  
Шулады қызығыш, үйрек көлін қимай!  
Зарлады қаралы әйел шашын жұлып,  
Сыңсиды сынар акқу суга қонбай!

Көл қалды лашыны сұксыр ілген,  
Мертігіп тұлпар қалды батыр мінген.  
Қанқиып қара шығыр атан тартар –  
Алтыс кез шынырау қалды таспен өрген!

Өртенді жатаган үй, камыс-шілік,  
Әкетті киіз үйді дауыл жұлып.  
Күзеттей... ескі журтта қала берді,  
Апанда күшіктеген қанышық ұлып!

Озбыр жау барымталап ала берді,  
Қайран ел қайдан пана табар енді?  
Ежелгі құтты қоныс – ата мекен,  
Көміліп көк тұтінге қала берді...

Жетім сл құніренттің-ау кияны да,  
Сол қайғың жер қойнына сыйды ма?  
Жұмбак боп сан уакига қала берді,  
Тапталып тұлпарлардың туяғында!



## “ШАЙТАНҚАРА”

“Ердің атын аты мен қатыны,  
не өнері шығарады...”  
Ел ауынан

Ол күнде Саралжын мен Байқолінен,  
Киіктей боз далада құлан өрген.  
Қара шал дәл осылай баяндайтын,  
Қайғырып қайғысына құла мерген.

Жарбиып жалғыз мола жар басында,  
Әлі түр Коштансайы жылғасында!  
Өспейді содан бері қызы тобылғы,  
Мұн-зары жетерліктең бір ғасырга.

“Айттар – деп, әңгімемді ұмытпаған”,  
Қара шал артатын-ды ұміт маған.  
Қамшының сабында ма қалған ғұмыр,  
Бір ұшы бұлдіргігे түйікталған?

Маған да риза болар жан табылар ма –  
Естіден естігенін түйіп қалған... .

\* \* \*

Басталып Бектаусордан “құланойнак”,  
Тынатын жылжи-жылжи өзен бойлап.  
Кек шалғын толкитын-ды теніз бойлап,  
Күн шыға Мешеркөлден сағым ойнап.

Бұл кезең тіршіліктің қайнар кезі,  
Шымырлап бойда қаннның ойнар кезі.  
Табигат махаббатка ерік беріп,  
Жадырап жан-жануар “тойлар” кезі.

Аңшылар бұл маусымда қия баспай,  
Жататын, бұл кезеңнің сырын ашпай.

Құланиның махаббаты қызған шақта,  
Қасасын хандар жепті жерік астай!

Арқырап айғырлары жортатын шак,  
Аиши да киесінен қоркатын шак.  
Сабырсыз саяктарды саннын тістеп,  
Куалап ақ тақырга жинары хақ!

Болса да құландардың жоны майлы,  
Қасқыр да бұл кезенде жуымайды.  
Олар да махаббаттың шырқын бұзып,  
Шакырып бірін-бірі ұлымайды... .

\* \* \*

Қоңыр күз, қоңыр салқын, желі майда,  
Құйылған алтын шұтыла қырдан ойга.  
Жортады қуба жонда қула мерген,  
Берілген хан жарлығын орындауга.

Атынан түсті мерген ойпанға кеп,  
Тер басқан жүзін сүртіп, ойланды көп.  
Сыптырып ер-турманын боз көдеге,  
Құланы бос жіберді аунасын деп.

Мерген де сай қуалап, қару сайлап,  
Таянды ақ тақырга бұкпантайтап.  
Баяғы ескі таныс — қызтобылғы,  
Қойса да табар еді көзін байлап!

Есіне түсті кенет бала шагы,  
Басталған “қызойнақтан” болашағы.  
Әлемнің сиқыры мол жойқын күші,  
Әйтеуір бір тылсымға жол ашады.

Шакырса, өзі келер қула байтал,  
Дегендей “сөзің бар ма маган айттар?”

Тұсаулап жануарды көрген емес,  
Атасы — сағынайлық шұбар тұлпар.

Көтермей оттан басын құнығады,  
Жылтылда алтын түті құбылады.  
Шалкөде, ашысы мол сүр бетеге,  
Тандайын неге бүгін қуырады?

Құйрық-жал желге елтіп судырады,  
Қос жанар неге бүгін бұлдырады?  
Естілген дөң астынан сикырлы үн —  
Денесін дірілдетіп, қоздырады.

Күмбірлеп күміс көмей кісінеді,  
Адамзат мұнан нені түсінеді?  
Жел жақтан иіс тартып дөнге қарай,  
Төрт түяқ жер тесердей кесіледі.

Дөнестен көрінгенде құла ойнап,  
Төменде басталыпты “қуланойнақ!”  
Басылып ет қызы — елірмесі,  
Төрт рет домалады құла аунап.... .

Табиғат-таңдаттырып, таластырып,  
Бәрін де койғаны ма заңдастырып?  
Жұп үшін жұмыр басты пейдесінде,  
Кояды бір-бірімен жауластырып.... .

Азулы, күш-қайраты, болса-дағы,  
Айғырдың үйір бөліп алар шағы!  
Тер басып, кобік шашып, омыраулап,  
Аланға шыға келді Ожар-тағы.

Жымқырып қос құлағын, аузын ашып,  
Ысырып алдағыны қага жаншып.  
Бас салды Ожар-сұрға, Тарпан кара-  
Азуды дәл шоқтықтан қалды басып.

Әккі сүр катты ышқынып, мөнкіп кетті,  
Кос қабат омыраудан тиді тепкі.  
Тарпан да жанұшыра жалт бүрылып,  
Шекеден Ожар сұрды сілкіп өтті.

Қан ытқып, шапши түсті шекеліктен,  
Құлақтың тубі қалып, үші кеткен.  
Ожар да тау жыгарлық екпінімен,  
Тарпанды тізеліктен тістеп өткен.

Айналып ол да тепті, бұл да тепті.  
Ожардың азу тісі сынып кетті.  
Тигенде аш бүйірден болат түяқ,  
Тарпанның аяктары дір-дір етті.

Әккі сүр қалт жібермей осы сөтті,  
Оралып жуқа шаптан тепті катты.  
Қаңбақтай домаланған Тарпан қара,  
Үш аунап, ыза кернеп қайта шапты!

Бетпе-бет тік шапшуы сүмдүк тіппі,  
Иыктап бірін-бірі жерге бүкті.  
Ожар-сүр шекелікке үмтүлғанда,  
Тарпанның жұтқыншаққа аузы ілікті!

Жұмсады бар қайратын “күндесіне”,  
Тіреп ап қос аякты қеудесіне.  
Шіреніп сілкіп-сілкіп жібергенде,  
Гұрс етті... жансыз сұрдың денесі де!

Жығылды омақаса жанбай багы,  
Хошасты тіршілікпен сынап сагы.  
Корқырап ақ тақырда қала берді,  
Махаббат курбаны боп Ожар-тағы...

\* \* \*

Сезінді тұлабойы толған жара,  
Кеппепті онша ұзап тоғтан дара.  
Дәл танып табиғатты түйсіктері,  
Аунады боз жусанға Тарпан қара.

Жел жақтан демін тартып иіс алды,  
Құланы дөңде түрган көзі шалдзы!  
Мойынын желге созып, торт бүктеліп,  
Арқырап, Тарпан қара дубір салды.

Кояндай қырдан қашқан жүмарланып,  
Сайыска түсті қула құмарланып.  
Долырган қара айғырдың мысын басты,  
Ер-тұрман жатқан жерді он айналып.

Көрсетіп ұstemдігін қандасына,  
Талтайш түрді қула арбасуга!  
Теппеді, жат иісті сезінсе де,  
Қонса да Тарпан қара жамбасына...

Жал-қуйрық ту секілді желмен ойнап,  
Екеуі катарласа салды ойнак.  
Үйірге косылды да тартып кетті,  
Келешек үрпактардың қамын ойлап... .

Ожардың орып мерген ұма тұсын,  
Оралтпақ көрі ханың бұла қүшін!  
Қынына қайта салды селебесін,  
Қолының қанын сүртіп, қағып үстін.

Кураймен құба мерген сұрау салған,  
Сикыр саз кернеп кетті “құраулаған!”  
Құлакка құлын күннен сіңген дауыс,  
Естісе оны қула шыр айналған!

Сол даусыс...  
талып жетті құлагына,  
Кім білген, тәнір солай сұрады ма?  
Бұрылып кері шапты қула байтал,  
Болжады иесінің тұрагын да!

Қалмады Тарпан қара қасарысып,  
Күлтілдеп арқа-жоны тәлған ісік.  
Үйірді тас түйін қып қуалайды,  
Азұын шеттегенге баса түсіп.

Көп түяқ дүсірлеген келіп қалды,  
Жер таппай тығылуға естен танды.  
Қолында қосауызы тұрған мерген  
Көздемей қара айғырды атып салды!

Мұлт кетті...  
қара дүлей тұра шапты,  
Көп түяқ көк сұңгідей тиді катты.  
Желкесін құлан қиган құба мерген,  
Қапыда ен далада қаза тапты!

Дүрлігіп өткен шакта құйын-қулан,  
Солқылдал жер табаны куырылған.  
Көргенін қойшы бала хабарлапты,  
Құланы иесін ііскеп, жылап тұрған!

Деп халық, елдін ішін дабылдатты,  
Сойқандар қан-жоса қып құлан атты!  
Безініп бұл өнірден тұз тағысы  
Жөңкіліп, онтүстікке бара жатты... .

\* \* \*

Келер жыл қула байтал құлынлады,  
Көргендер жаксылыққа ырымдады.  
Көбелек қуып өскен қара құлын,  
Тайында таласудан тайынбады!

Атанды құнанында “Шайпауқара”,  
Бәйгіден келіп жүрді жеке-дара.  
Аязбай Ергалиы ие болыш,  
Сол кезден атанышты “Шайтанқара”!

\* \* \*

Жолаушы, бұл өнірді талай кезген,  
Жан елі жортуылда жаннан безген!  
Бастады күзде болған уақиғаны,  
Көрдім деп, қоналқыда бәрін көзбен:

Жайыктан өттім жалдала Кокқасканы,  
Жануар үркө қарап, ойқастады.  
Қарауыл байкамады өткенімді,  
Ай жүзін жақсы болды бұлт басқаны.

Күміс Ай торғын көкте сырғанады,  
Жел тұрып, қамыс басы ыргалады.  
Секілді су жыландаі сумаң қағып,  
Бір кара маған қарай қозгалады.

Жібек жал, селдір құйрық, кияқ қулак,  
Ескектей толқын жарған болат түяк.  
Келеді суга батпай жон аркасы –  
Жылқының ең асылы дерсің пырак!

Судырап құйрық-жалын жел үрлеген,  
Көмейден бір әсем үн күмбірлекен.  
Танауын желге төсеп, оқыранып,  
Әп-сөтте ғайып болды түрган жерден.

Білмедім қайдан келді, қайда кетті,  
Ай астын құйма түяқ дүбірлетті.  
Үйірін қызырактың өзі бастап,  
Баяғы келген тұстан жүзіп өтті!

Жыл асты, табылмады, көніл алан,  
Сөзіне кездескеннің қулак салам:

“Қашыпты кара аргымак” деген сөз бар,  
Мен білсем, осы сенің Шайтанкараң?!

Ерекен жүтен, қамшы қолына алды,  
Сол тұска серігімен бірге барды.  
Көпірге қолды болған Шайтанкара,  
Елестеп көз алдында тұрып алды.  
... Инірле жолаушы боп жоқ қараган,  
Салт атты жөн сұрапты бір баладан.  
Сол түні қамсызы елді атып-шауып,  
Оралдық казак-орыс ел тонаған!

Сол жолы пана болмай топ қараган,  
Сол тұстан тұтқиылда оқ бораған.  
Ерекен қапылыста жараланып,  
Қараны алып кеткен ат қорадан.

...Ерекен жетті ауылға ел жатарда,  
Аттанбак бір-ер күнде сын сапарға!  
Ауылды шауып кеткен сойқандардан,  
Өш алмай жүрегіне ас батар ма?

Жүргенде орыстардың арасында,  
Таткан ол таяғын да, жаласын да!  
Қаншырдай жарап алған Шайтанкара,  
Оралдың ойнақ салды даласында.



## ҚАРЫМТА

*"Бір қиянаттан мың пәле өрбиді!"*

Макал

Тым жайлы болмаса да жана қоныс,  
Кұлашын кенге жайды бай мен болыс.  
Жайыққа жан баласын жакындастпай,  
Қызығыштай көл корыды казак-орыс!

Кедейлер үйрек атса жағалаудан,  
Коркатын елді жерге паналаудан.  
Бай орыс барымталап кететін-ді,  
Құткармай жас-кәрінді жазалаудан!

Күнде шу, бетін жаспен жуатын-ды,  
Жауласып бірін-бірі қуатын-ды,  
Дүниеге келген сәби өке көрмей,  
Анадан кекті болып туатын-ды!

Сылтау көп жазалауга, барымтага,  
Ашынсан, аттанарсың Қарымтага!  
Өзеннің бір балығы он бес сүмбі,  
Ол сені ыза-кектен арылта ма?

Кенелді мол олжага Орал маны,  
Откен мал шекарадан оралмады!  
Жарлының жалғызы да қолды болып,  
Кектілер кек алуды үрандады!

Алашта жан болмады күнин сұрап,  
Күн қайда, кару қайда карсы тұрап?  
Мұндайла жүрек жүтқан кек жұлдындар,  
Аттанып Қарымтага бағын сынар!

Сүйенді қарымташы білегіне,  
Айдады жылқы түгіл түйені де!

Кедейге байдың малын үлестірді,  
Кек найза тірелсе де жүргегіне.

Мұндайда дүшпан жағы анды деді,  
Өлтіру қаракышыны занды, — деді.  
Осындай жалған атақ — жаман атақ,  
Жегідей сан боздақтың жаңын жеді!

Білсе де казір жаудан кек алмасын,  
Қайрап ап қатқан кектің кек алмасын.  
Тұз ұлы аш қабыландай түнде жортып,  
Байлардың сініртпелі ішкен асын!

\* \* \*

Болса да қанша қауіп, қанша сұсты,  
Талай ер салқын күзде суға түсті.  
Ат жалдап Ақ Жайықтан түнде өтіп,  
Қысылса паналады нар камысты.

Қос атты кек толқынға бағынбаған,  
Жайықтан өтті түнде арындаған.  
Пысқыртпай аттарының ернін буып,  
Қаруын қарымтандың дайындаған...

Алынбай ер-тұрманы сәйгүліктін,  
Шыға алмай шырмауынан сан құдіктің  
Орыстар апта бойы әбігерде,  
Боларын сезінгендей бір сүмдиктың!

Қос-қостан өзен, жыра, сай қуалап,  
Тосқауыл тыным тапцай шолды, барлап!  
Жалт ойнап, кара нөсер төгіп кетті,  
Табын да ықтай түсті тогай бойлап.

Жаураган шолғыншы мен тосқауылдар,  
Оралды амалсыздан қосқа бұлар!  
Қаруды бір бұрышқа жинап қойып,  
От жағып қыздырынды өншең кулар.

Татар шал арнап бүгін қазан асты,  
(Аракка мендуана араласты...)  
Даурығып, өзөуреген казактарды,  
Тұғанда “Есеккырган” үйкі басты.

Танғы үйкі өлдіні де әлсіретті,  
Құзетші казак-орыс қалғып кетті.  
Қара тұн, кара аргымак, қара жігіт –  
Табынды дүре қуып дүрілдедті!

Күгіншы шығартпауға талай гәп бар,  
Қолданған бұл төсілді тун мен сактар!  
Не өліп, не мертігіп, не ілесіп,  
Табынмен бір кететін жорық аттар!

Қарымта құткармайды олжалыны,  
Бересің олжан түгіл, жиганынды!  
Қикулап құтырынған қалың жылқы,  
Талқандап кетті қосты, жолдағыны!

Дәл солай қайталанды... бүтін тағы,  
Айқай-шу, астан-кестен қостың маңы.  
Таң аскан сәйгуліктер бірге кетті,  
Құлады сойыл тиіп жуан сары!

Ерісіп, бір-біріне кінә тақты,  
Күн шыға бір түйені өрен тапты!  
Жаралы басшыларын мінгестіріп,  
“Шежінге” жаяу шұбап бара жатты...

\* \* \*

“Астыма мінген атым Шайтанкара,  
Оралдан жылқы айдадым өншең ала.  
Осыдан осы жылқы бойға сіңсе,  
Тағысын тағы айдармыз қосшы бала!

Жылқысын талай қудым Тасқаланын,  
Қамы үшін қызыл қарын жас баланын!

Орыстың табынынан таңдал алып,  
Тимедім майдарына басқалардың!

Тап болсан Қіші жұздің естісіне,  
Дүниенің қарамас ол келтесіне!  
Сояды қонағына жалғыз атын –  
Қалса да жүтеп ұстан ертесіне!

Жасымнан дархан өстім ел қадірлеп,  
Әлсізді көргенім жок еш зәбірлеп!  
Орыстың жекпе-жекте мықтыларын,  
Әкеттім шаң қаптырып, атпен сүйреп!

Оралдың тауы биік, жері дала,  
Ат міндім ақ моншактай, өзі кара!  
Сыртынан ер жігітті жамандаган,  
Дүшпанды кездестіргей айдалада!

Еділден әрі өтіп барғаным жок,  
Дүние-фөни десе, нанғаным жок!  
Айына алты ат мініп, сүрен салған –  
Жігіттің айқаста өлген арманы жок... ”

Ән тынды, көп қарасын қыландаиды.  
Сар жазық сағым күган бұландаиды.  
Сағынған жерін-суын Шайтанқара,  
Сұлудай судан шықкан сыландаиды!

Шеткі үйге түсті барып... кілірмеді,  
Тістелеп кияқ мұртың күбірледі.  
Көргенде аштан өлген сәбілерді,  
Қан толып жанарына дірілдеді.

Оскырып Шайтанқара кісінеді,  
Қасынан коріп қалып құр сүлдені!  
Мойнына дорба салған қария да,  
Кіре алмай өз үйіне күрсінеді!

Жолшыны шакырғандай арашаға,  
Қария мұнын шақты қарашаға  
— Жатақтың жартысынан көбі өлді,  
Қарасаң, бай ауылдар тамашада.

Алдырып қосшысына Манманкерді,  
Ерекен өртіп шалды дөнгө келді.  
Жатаққа мениң берген көмегім, — деп,  
Әр үйге қос жылқыдан матап берді!

Күн кештім сергелденмен зар заманда,  
Жан едім жарымаған дос-жаранға!  
Ерекен осыны айтып, торсық шайқап,  
Туралы қазы-карта дастарканға!

Екеуі болмаса да таныс, құрбы,  
Дәм косып, құдай солай таныстырыды!  
Қария көргендігін көрсеткендей,  
Өзін де Ерекене таныстырыды... .

— Балам-ау, риза болды қартыныз, — деп,  
Ежелден жөн сұрасу салтымыз деп.  
Сурып домбырасын дорбасынан,  
Ұсынды Ерекене, тартыныз! — деп.

Намыстың от алғандай жарасынан,  
Өктем үн естіледі алас үрган!  
Көргенін, сезінгенін шерпті саусақ,  
Бір тұтам домбыраның сағасынан.

Сөз бердім: енді оқушым, жолаушыға —  
Байларды “барымталап” тонаушыға!  
Ал, тыңда бізге жеткен оның сөзін,  
Өзінсін — арашашы, сынаушы да!

“Арасы қос өзеннің өскен жерім,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім!

Заманға күбылмалы болдым душар,  
Елдегі не дейді екен, тендерлерім?

Елдегі десе-десін тендерлерім-ай,  
Қындық сенде емес, өз басымда.  
Кешегі тәнірім беріп журген күнде,  
Қатарлас жүріп едім хан қасында.

Хан емес, олар менің ағаларым,  
Жауымның жырттым талай жағаларын!  
Басынан ер жігіттің бақ тайғанда,  
Дүшпанның біліп жүрмін табаларын!

Атаным “барымташы” Аязбаев,  
Денемді күн қақтады, аяз карып.  
Қазактың қамы үшін алыссам да,  
“Банды” деп айдар такты, жала жауып?!

Сұрасан руымды – Алашамын,  
Келгенде қызыл тілге тамашамын.  
Тыл сойлеп, жақ қимылдар болса әдет –  
Шет жерде өз елімдей жанасамын!

Дүниенің мынау фани түнегінде,  
Жол таптай караңғыда адасамын!  
Кедейге байдың малын айдал беріп,  
Жатаққа жақынымдай карасамын!

Түсінер жан сырымды жан табылмай,  
Карысып өктемдікпен таласамын!  
Озің біл, кейінгі үрпақ не десен де,  
Мен сениң ханың емес, карашамын!”

Шал көзі тұманданып қала берді,  
Моншактап кеудеге жас тама берді.  
Шегіне домбыраның шырматылып,  
Бұл өлең ку шанакта қала берді!

Бір салмак тұсіргендей иығынан,  
Ерекен күлімсіреп миығынан.  
— Хош, кария, менің жолым осылай, — деп,  
Аттанды Ақ Жайықтың киырынан...

\* \* \*

Бұл кезде бай мен кедей жағаласты,  
Бітіспес бір-біріне майдан ашты.  
Жатақтың аз тірлігін көпсінгендей,  
Сол жылдар аштық, сүзек араласты!

Жұт жылдың ұмытыппын есімін де,  
“Қоян ба”, әлде “Үлкен мешінің бе?”  
Жалпақ жұт жайпап өтті қазақ жерін,  
Шайқалтып шаңырагын, бесігін де!

Кез болды сынга түсер, адал, арам,  
Жомарттық, сарандықты сарапаған!  
Өзің мен өзгенікін түсіндіріп,  
Еліннің елдігін де даралаған!

Болған соң елі жудеу, ері надан,  
Бұл кезде біліктінің бағы жанған.  
Ерім деп, атамаска еркің бар ма  
Сактаса он ауылды жалғыз адам?



Күм Нарын дүрілдеді... бөріліктірді,  
Кедейдің арасына бірлік кірді.  
Орнатып өз қолымен үкіметін,  
Дабылы айналаны дүрліктірді.

Қарсы алды қалын кедей атқан танды,  
Болса да тап жауының қолы қанды...  
Орда да, Жалпакталда, Талөкпеде –  
Күрылыш жаңа үкімет бедел алды!

Жайылды шар тарапқа жаңа хабар:  
“Күрылмақ қазақ полкі, аттанындар!  
Лениндік үкіметті қорғау үшін,  
Қайдасын, өжет жастар сапка тұрар!”

Әр жерде – Бозобада, Қоктеректе,  
Тасқала, Дауылқұмы, Жәнібекте.  
Корғауға азаттығын атка конды,  
Косылды Ерекен де бұл дүрмекке!

Қасында баласы бар “қос жутірмек”,  
Жастары он алтыға жаңа келмек.  
От кешіп он үшінде есейгендер,  
Тірліктің тауқыметін ерте білмек.

\* \* \*

Тұнғашин қабылдады бул қосынды,  
Күн сайын ойдан, қырдан күш қосылды!  
Ергали эскадрон командирі –  
Шайқаста ерлігінен жау шошынды...



## ШЫРГАЛАҢ

Бірігіп орыс, казақ байлары да,  
Тапты олар алуан түрлі айланы да.  
Кедейдің бетке ұстарын құрта берсек,  
Максатка жетеміз деп, ойлады ма?

Бұл шакта тап жаулары белең алды,  
Торыды аш бөрдей қырат, жалды!  
Түн жортып, күндіз жатып “жар астында”,  
Серіктің малын күнп ылаң салды.

Арызды қырдан, ойдан домалатты,  
“Ергали елді бүгін зар жылатты...”  
“Серіктің малын айдал серіктері –  
Апарып Ашыөзекке бауыздапты!”

Деген сөз жетті Орда, Оралына,  
Бір достан хабар келді Қоғалыға  
– Тұтқындар әкелуте өскер кетті,  
Қашпасан, қарамайды обалына?!

Арызга біреу сенді, біреу сенбей,  
Қының гой кінә тағу көзбен көрмей!  
– Үріны өзім ұстап әкелем деп,  
Ерекен атқа қонды сөзге көнбей.

Демеймін үмітімнен құр қалам ба,  
Шаттық пен кайты аралас бұл ғаламда!  
Інігіп әккі жаудың тузагына,  
Осылай түсті барып шыргаланға!

М. Тұнғашин – Ленинниң мандатымен келіп, Қазақтың тұнғыш атты әскер полкін үйымдастырушы.

Қашқын деп, Ерекенді мазақ етті,  
Сонынан тұтқындауға әскер кетті.  
Күгінді Арасорда адастырып,  
Қашқын жан тұздің дәмін талшық етті.

Баяғы Қарымтаның жылдарындаі,  
Нар қамыс, пана болды – жылға мен сай!  
Іштегі бар қыжылын аннан алды,  
Қан сонар болмас-ау деп, жылда мұндей.



## ХАТ

Ел іші сыр білетін еркелікті,  
Кыс бойы жиын-тойды ермек етті.  
Кайран ел қайстырмай кабыргасын,  
Тұтқыннан сақтап қалды ер жігітті.

“Мойынсерік”, орысшасы “ТОЗ”,  
Намыстан тұргандай-ақ өртөнгелі,  
Ешкімнің қанқу сезін көтермеді.  
Бір адам шай үстінде хат ұсынып:  
— Жауабын осы ауылдан күтем, — деді.

“Ереке, көп жыл отті көрмегелі,  
Досым деп, қолдың ұшын бермегелі.  
Айтатын жаңалық көп, тезірек кел,  
Жатырмыз бір бастықты тергегелі!

Білемін халықтың көзкарасын да,  
Дүшпаниң ұшырапсың жаласына!  
Бармайды менің аузым жаманатқа,  
Жаңсақтық көбейіп тұр, расында!

Жайғызбай құлашымды матап-тұсан,  
Монтишп байлар отыр ұры ұстап.  
Жалшы да жалғыз ауыз сыр ашпайды,  
Тиген соң ауызына жылы-жұмсак.

Сор болды Саржалактың бандылары,  
Біз болды күні-туні андығаны.  
Сагымдай ізсіз-түсіз жоғалады,  
Корқытып, атып-шауып жарлыларды... ”

Сәлеммен Серікқали

\* Саржалак – бүркеншік есім. Царынынан қашып келген патша армиясының полковнігі, Нұрмак байдың жиені.

— Шакыршы, хат өкелген жігіт қайда,  
Жан екен тілі жұмсақ, уні майда.  
Сәлем айт Серікжанға, жұма күні —  
Біздерді қарсыласын Қоңырсайда!

— Ереке, жаяу калдым, кайтар едім,  
Серікке сәлемінді айттар едім.  
Егер де қарагердей белді ат болса,  
Тағы да бағым сынап байқар едім!

Жол тосқан қарақышылар онға жуық,  
Үстаяға үмтүлғанда мені қуып.  
Қарагер бүл қауіптен құткарды да,  
Күлады осы ауылда бір күн тұрып...

Ерекен ат бергізді сенім артып,  
Жігіттің ішкі сырын білмей жатып.  
Жаманат ишаратын сездіргендей,  
Сол көзі қайта-қайта тұрды тартып.

Ел жайы Ерекене қатты батты,  
Пәледен пәле өрбіп, қоздап жатты.  
Із кесіп күні-түні ат үстінде,  
Ақыры он үрінын тұтқындаатты!

Сонда да үрлік, зорлық тыйылмады,  
Төл атың тақымына бүйірмады!  
Жалақтап Саржалақтың жендеттері,  
Түн түгіл күндіз жүру киындалы...



\*\* Серіккали Жақыпұлы — Талөкпес волкомының хатшысы.

## САРЖАЛАҚТЫ ТҮТҚЫНДАУ

Бөрідей бөрліктіріп айналасын,  
Саржалак сұклай койды “торға” басын.  
Жол тауып түткінылдан құтылғанға,  
Ашынып, кейде тіпті қорланасын!

Мешіткөл, Сазанды мен Жаманақты,  
Мереке, Қоштансайы, Қарой жақты,  
Нұрсай мен Теренкөлді сүзіп өтіп,  
Он атты күн батарда сорға тартты.

Астында құла жорға – тұлғасы нар,  
Ішінде он жігіттің Қенжекен бар!  
Болжамы кате болып көрген емес,  
Із кесіп, жоқ іздеумен табады мал!

– Бармаймын мұнан әрі тым қауіппі,  
Көрдің бе Бектаусорға із ауыпты.  
Түйелі Нұрмак байды жағалапты,  
Оған да мынау сордан жол тауыпты!

Ерекен ат үстінде ойланады,  
Таппастан дұрыс шешім киналады.  
Осы із ойдан, қырдан кездессе де,  
Неліктен Нұрмак байды айналады?

Шайтан ба Саржалағын, киелі ме,  
Еш пендे мән берменті-ау түйсліге!  
Із тастап, түйе мініп түнде жорткан,  
Әлде ол – Нұрмак сұмның жиені ме?

– Жол болғай, тарттық! – деді, – Нұрмак байға,  
Жүрмейді жалғыз түйе түнде жайға.  
Бес жігіт бай үйіне тұра тартты,  
Аттарын қалдырды да терен сайға.

Тапқандай табигаттан жанашырды,  
Сол сөтте Айдың бетін бұлт жасырды.  
Үйкүнің құшағында жанның бәрі,  
Кек төбет барқ етті де тез басылды!

Ерекен жіті шолып төніректі,  
Құлагы бір дыбыска елең етті.  
Ак бура ер салынған кісендеулі,  
Саржалақ келгеніне көзі жетті.

Жігітке қасындағы сыбырлайды:  
— Сол жакта түйе жабу жыбырлайды...  
Терт жігіт бас көтертпей байладап алды,  
Кек төбет зілсіз ғана ырылдайды!

Мән-жайды тез түсінді әккі Сары,  
Сонда да сыр білдірмей құлді тағы.  
— Ереке, бәрі осылай аяқталмак,  
Жігіттің мандайдағы кайтса бағы!

Тұтқынды отыргызып түйесіне,  
Жөнелті Таләкпенің түрмесіне.  
“Түр-тұлға қандай үксас! — деп ойлады,  
Баяғы қарагердің иесіне”

Көктемде елдің іші тынышталды,  
Қоң жинап арыған мал дұрысталды.  
Аштықтың тақсіретін тартқан қазак,  
Серікке мүше болып егіс салды...



## ЗОБАЛАҢ

Табылмай заманға сай ой жаастық,  
Кебейді атаккүмар, бакталастық!  
Алдында өзге жұрттың басты шұлғып,  
Жалтақтап айналага көп қаастық!

Қол беріп, жөнге салмай адасқанды,  
Өршіттік айдал салып жауласқанды.  
Есіртіп пәлекорды мадактадық,  
Жақсының жағасына жармасқанды!

Сонан ба, елім болып “қырық пышак”,  
Боздағын өзі берді-матап тұсан!  
Өзімшіл, өресі тар кей надандар –  
Досым деп, дүшпанына жайды құшак!

Шемен боп кекірекке шер байланды,  
Жазылмас жалпак жұртты дерт жайлалды.  
Осынау көрсокырлық өрши-өрши,  
Қазакты қан қаксатар “өртке” айналды.

Дүшпандар өзгерпті де айла-әдісін,  
Тұсаусыз аяқ-қолды байлалды шын!  
Інісін ағасына жауықтырып,  
Кебейді жоғалтқандар ар-намысын!

Күн туды жатып атар – жымысқыға,  
Үмытты олар тіпті жұмысты да!  
Көршісін шәй өкпеге тұтқынданып,  
Өздерін санамады қылмыстыға!

Суайттар бірін-бірі айғақ қылды,  
Елінің бетке ұстарын айдаттырыды!  
Шашылып шіл bogындаи кептес үшін,  
Қайран ел қажыса да қайрат қылды.

Талайлар зәбір шекті расында,  
Қосақтың босқа кетіп арасында.  
Үйінен елу қадам шықпағандар,  
Түрменің көрмей өлді қарасын да!

“Зан солай, зан бұлай” деп ел сендерер,  
Көбейді құргақ айқай белсенділер!  
“Контр” деп кездескенге айдар тағып,  
Қабагын тұкситкендер берсөн күлер!

Зарығып ел жылады, қагып безек,  
Әккі жау наиза орнына қалам кезеп.  
Арызды қырдан ойға домалатып,  
Итжығыс түсіп жатты алма-кезек!

Заман-ай, бағытынды біліп болмас,  
Кобейді өкінішің орны толмас!  
Тағы да ердің басы дауға түсті,  
Әр кезде жақсылармен болған жолдас.

Болған жок, калын елге қастығы да,  
Үрыны үстап беріп, қосты “күнә”,  
Шақыртты Серіккали, Ерекенді –  
Болатын ОГПУ-дің бастығы да!

Ойранды салды-ау бізге оба, аштық,  
Байлар да жасап бакты талай қастық!  
Бәрін де “бірлік” атты батыр женіп,  
Қарыштап күннен-күнге алға бастық!

Басталды бейбіт өмір құлшынатын,  
Жаулардың күні таяу тұншығатын!  
Жас қоғам-парасатты жана дәүір,  
Күс колдар-миллиондар бар іс тынатын.

Жүрген бар сылтау ізден үрынарға,  
Ондайдан тарих кері бұрылар ма?

Біреулер Сен туралы арыз жазып,  
Тағы да қосақтайды үрүларға.

Атанбай сайыпкері бакталастын,  
Елің мен жерің үшін жанталастын!  
Басынды он бесінде окқа байлан,  
Білемін, ажалмен де тайталастын!

Сенемін, кедейден Сен жерінбейсін,  
Бет бұрып өзге ортаға бөлінбейсін!  
“Сырымды өзгелерге ұқтырам” деп,  
Сол үшін от кешуден ерінбейсін!

Біз жайлыш сөз болыпты жоғарыда,  
Білмеймін соны неге соғарына?  
Некіске мені шұғыл жібермекші,  
Тусінбей басым қатты соларына?!

Хош, досым, тез бөлінді жолымыз да,  
Кім білген, бакыт яки сорымыз ба?  
Сенемін енбегіміз еш кетпейді,  
Қайрат бар қамал бұзар қолымызда!

Кетті олар осылайша бөлінісіп,  
Тағдырдың тартқан дәмін боліп ішіп!  
Білмеді, өзек өртер өкінішпен –  
Құларын дүшпан жайған торға түсіп!

Аударып үкіметтің бар ынтасын,  
“Ергали коймады деп, барымтасын...”  
Ақыры кос ұлымен бірге айдал,  
Қайтарды Саржалақтың қарымтасын!

Жатса да жаңа қоғам жасақталып,  
Не пәле надандықпен жасатпадык?  
Қазакты қакпакылдай қағыстырып,  
Дос жылап, дүшпан құлді масаттанып!

## КҮЙЗЕЛІС

Макпал түнде жымындаиды жұлдыздар,  
Макпал түнде зар жылайды байғыздар!  
Түрме іші жан түршігер капырық,  
Куанышсыз көкіректе – мұн, ызгар.

Түн ортасы... Есік кенет ашылды,  
Қол фонардан әлсіз сөуле шашылды.  
Тұтқындарды аралаган екеудің,  
Бірі келіп Ерекене ақырды:

— Тұрмай неге орынынан арландың,  
Орындалған күні бүтін арманын!  
“Күшіктерін” өлтіріндер алдымен,  
Көрейінші күйзелісін “арланның”! —

Деген кезде, жалт бұрылды Ерекен,  
Қарсы алдында ұзын Сары түр екен.  
“Саржалактан аумайды екен, бәтшагар”  
Бұл не ғажап, мұнда қайдан жүр екен?

О, жұмыр бас, тірлікте не көрмедің,  
Бұл қорлыктан жақсы-ау бірден өлгенің!  
Уш тұтқынның сылдыратып кісенін,  
Алып шықты ауласына тұрменің.

Тағдырына бұлтарптайтын тұзак сап,  
Тұрған шакта өзгелерге қосақтап.  
Үркек үміт жанарларда жалт етіп,  
Қоштасқандай бірін-бірі құшактап.

— Жау болсан да пендесің ғой жұмыр бас,  
Ар алдында адам түтіл жібір тас.  
Көрмейінші, қос ұлымның азабын —  
Мені өлтір мейлің орте, мейлің ас!

— Жок, болмайды! — деді бастық жалт беріп,  
Күрган торға өзін түстің тап келіп.  
Ерекеннің сонда түсті ойына:  
Сонау жылы... . жұмсаганың ат беріп!

Тікенек сым, өрген тастан ауланы,  
Қоршап түрган мынау солдат найзалы.  
Күтылудың жолы мұлде қалмады,  
Сол арада ойлады бір айланы.

Тіршілік-ай, тым тәттісің пендене,  
Қимайсың-ау, азап тартқан күнде де!  
Жакын түрган бір солдаттың мылтығын —  
Жұлып алыш, сұқты штыгін қеудеге!

Құлап түсті... ғазиз жүрек токталың,  
Жендеттер түр оқ атуға оқталып!  
Ерекеннің қуқыл тартқан жүзінде,  
Күйзелістің табы қалды сақталып...



## ТҮЙИН

О, сүмдүк-ай, күнсyz ғой бұл өлімін,  
Тіршіліктен неге бұлай түңілдін?  
Бар кінәні мойындаған қорқактай,  
Қайда кетті касарысқан төзімін?

Көргін келмей ұлдарыңың азабын,  
Ең ауырын тандадың ба жазанын?  
Бұл шешімді кімдер қалай түсінер,  
Тым салмақты болды ақыры казаның.

Зая кетті, зая кетті-ау еңбегін,  
Ар-данқыңды қас қағымда жерледін!  
Елім деген, еніреген ер едін,  
Шешіміңнен ерлік нышан көрмедін?

Табың үшін табаныңды күйдірдін,  
Қан майданда жауыңды бас идірдін!  
Ойда жокта ұлдарыңың басына,  
Өз қолыңмен қарғыс тәжін кигіздін!

Көзге шұқыр үрпағы деп үрынын,  
Енді жетпес дүшпаныңа құрығын!  
Бір кездегі ел қамкоры, есіл ер –  
Бір-ақ сөтте жемі болдың құрдымның!

Кара жерге қазық қылып қақса да,  
Жұлып-тартып иттер талап жатса да,  
Қанжар, оқтан қаның судай ақса да,  
Тән азабы, жан азабы батса да.

Кынқ етпесен! Сонда халық бағалар,  
Үлгі тұтар кейінгі жас балалар!  
Ерлігінді айналдырып анызға,  
Сәбілерін жұбатпас па апалар?!

Бұйырмады саған өлім осында!  
От пеи суды кешкеніңмен тосылмай!  
Амал қанша, өкінішсіз әмір жок,  
Бір азамат өзіндей боп тусын-ай!

Тұтқындалды Саржалақ та қайтадан,  
Жан болмапты оның сырын байқаған.  
Бастықтардың қолтығына кіріп ап,  
Жазықсыздың шанырағын шайқаған...

Қызық көз шал бүл кезеңді НЭП – деді,  
Мықты болсан, кінәлі кім, тап, – деді.  
Қайдан білсін саясатты надан ел,  
Осының да болды-ау сірә, гәп, – деді.

Көтерген бар сан азапты шошынбай,  
Калғандар бар жат пікірге косылмай!  
Үрпағына пәктігінді паш етер,  
Ұзақ күткен заман туды осында!



## СӨЗ СОНЫ

Өмірге ер де келер, ез де келер,  
Біреу кеш, біреу ерте бір күн өлер!  
Біреудің есімдері тез жогалып,  
Табытқа өзіменен бірге енер.

Қалдырып құлақтыға дүниес-мұлкін,  
Өтермін бұл өмірден мен де бір күн!  
Азапты қундерім мен тундерімнің –  
Рахаты бола білдін, өлең, шіркін!

Асыл сөз – арым дейтін, жаным дейтін,  
Елінің арын арлап, қамын жейтін.  
Бір жігіт шыға келсе, мен риза –  
Киелі сөз патшасын – қадірлейтін!

Талекпе–Алматы.  
1993-1994 ж.



## Рахымжан Қасымғалиұлы Отарбаев

Атырау облысының Курманғазы ауданында 1956 жылы дүниеге келген.

Әдеби ортада өзгеге үксамайтын талант қарымымен танылған қаламгер. Қазір Қазақстан Республикасы Президенті аппаратында қызмет істейді.

### “ШАЙТАНҚАРА”

— Қосшы бала, Салкуренге бас камшыны. Ел көзіне ілікпей тұрғанда Жайықтың калың тогайына жылқыны жасырып үлгерейік.

Ергалидың шалт кимылтына әбден дағыланған Қабыл да алдындағы өншең қыл құйрықты қуалай жөнелді. Күндіз бой тасалап, сонғы екі түнді сылт жүріспен өткізген Бозқасқа айғырдың үйірі айдауга әбден бастырып алған. Шашау шықпай, батысқа мандай түзеген қалпы жарыса жөңкіді. Межелі жерге жетіп, тогай ішіндегі шагын алаңқайға жылқыны жиып, Ергали Қабылға әдетінше конілдене үн қатты.

— Ә, қосшы бала, откен жолы ағана не деп өлең шығарып ен?

Туды тан алдында есек қырған,  
Ерагам жылқы алуды есеп қылған, —

дедің бе? “Байлардың жылқыларын” деп айырып айт. Басқада шаруамыз қанша? Сол мадды апарып өзі сеқілді кедей, жатақтардың соғымына жығады де. Иә, аяқ артындар деп боліп береді де. Қосшы бала, осы сонғы жолкәде-ән ағаңнан болатын түрі бар. Қызылып қарамай-ақ қой. Оны ел шетіне іліккен кездे айтамын. Ал үйірге ие бол. Мен Жайықтан жылқы өткізетін қолайлы жерді көздеймін. Эрі Әндір тамырға согатын шаруам бар. Сәскеде оралам. Сосын біраз дем алып, әбден қарангы түсken соң жылқыны тогытып өткіземіз. Аргы жағында қалғаны — ел қайдасын деу ғой, — деп, атының айылын қайта тартты да желе жөнелді.

\* \* \*

Қабыл да атынан түсті. Шап айылын бос таңып, ауыздығын алды. Шығыстан бозамықтанып аткан таң тогай ішін ерекше нұрландырып, жандандырып жүре берді.

Тынымсыз сыйдыр қағып тұрган сансыз жапырак тынған жемен қоса сап тыйылды. Ендігі кезекті сайрағыш құстар алған төрізді. Шөп басына мөлт-мөлт қонған шыкка қанатын сулап, гүлдің ашылуын тағат таппай тосқан өсем кобелектер жүр сабылып. Тұнгі жүрістен кейін жылқылар да жусап кальшты. Ақкайынның түбінде тізе бүккен Қабыл көзіне үйкі тығылғацмен, қалғып кетпеуге бекінді. “Жігітке сергектік жарасар, Үйкі – үйірлі пөленің басы” деп Ергали агасы әрдайым құлагына құйып отыратын. Құс үйкілы, сезімтал жанның өмірден түйтегені болар.

Ергалидың жанына ергелі көңілі өсіп, әнге әуес, құйға құштар боп барады. Ат үстінің желі болады деуші еді үлкендер жағы. Рас та шығар. Өйткені, елдің айтуынша, әрі батыр, әрі әнші агасы “Қосшы бала, Салқуренің бабында ма?” деп арқасынан еркелете қакқан сайын өз-өзінен түлеп шыға келеді. Бұл сөзден кейін-ақ арага аз уақыт салып, күн кеспейтін, жол өлшемейтін сапарға аттанатындарын біледі. Жүріс тілеп тұрган Салқуренді таң асырып, токжарау құйінде үстайды.

Осы жолғы да солай басталған. Ергали ешқашан өзі бастап кісіге киянат жасамайды. Ал біреудің үстемдігін, пасық пиғылын, кеуде сокқан өктемдігін көрді ме, тұрысатын жерін сұрайтын мәрттің өзі. Мына жусап тұрган жылқылар – соның қуосі.

Басқуншактағы тұз өндірісінде істейтін Жәпек кедей о баста Ордадағы Жалпақшағыл бойынан көшіп келген-түғын. Өзінің айтуынша, әке-шешесі кезінде орта дәүлетті болғанга үқсайды. Арттарынан ерген жалғыз қара – Жәпекті ерте үйлендіріпти. Арага жыл салып көрген немересін ырым ғып Төлбасы деп атапты. Содан Төлбасы беске ілінісімен қапсағай қара шалдың токымы күргамауга айналыпты. Бір жолы үйіне бөгеліңкіреп оралыпты. Бакса, Жайықтың аргы бетін жайлана Жауынбектің қызына құда түсіп қайтқан екен.

— Бесіктен белі шыкпай жатқан немеренізге сонша неге асыктыныз? Ең болмаса онға келіп, он, солын таныса бір сәрі, — деген ауылдастары да табылыпты.

— Е, ақылшым-ай, ол онға келгенше мен омалып отыра берсем жақсы. Бір күні ажалдың ақ мылтығы өзіме тураласа кайтпекпін? Сонда, ен сонғы иск қағар сәтімде, жалғыздан көрген жалқының тірлікте аяғын матаі алмағаным жаңымды жай таптыра ма? Енді көнілім орнықты. Бұдан кейінгі көрген балалары өздерінің еркінде, —депті үрпакка шөлдеген шал. “Е, заманына қарай заны, орманына қарай аны” деп отыратын ертеді-кеш таспиығын санап, сакалын салалап, откен күндердің есебін алғандай. Жарықтықтың сөзі дуалы ауыздан шыққандай-ақ екен. Араға жыл салып өзі дүниеден озды. Орда бойына оралып соққан жұтта Жәпек әкеден қалған аз дәuletten айырылып, жүгенін колына ұстап шыға келді. Кешікпей тұнғышы Төлбасы шешектен қайтты. Алуға бар ағайын беруге келгенде сырғакси бастанды. Құйрық-бауыр жескен болашак құдасы Жауынбек баласының қәдесіне келуге де жарамады. “Бауыры бүтін, басы аман” кісі өзгенің қайғы-касіретін кайтсын? Кезінде төс түйістіріп көріскең, он жылқыны “немеремнің қалың малының басы” деп айдалап апарып үйіріне косқан кара шалдың көзі жок. Жұт болса — мынау. Төлбасыдан да айырылғаны — анау. Эменгерлікті үстанатын ер бала және жок болғасын құда енді бізді ойламас та” — деп, іштей шөгіп қалған.

Араға жыл салып жұттан аман Жауынбек өuletі Ойыл бойына қоныс теуіпті деп естіген. Кешікпей өзі де күн көріс үшін тұз өндірісінे табан аударды.

Міне, сол кайырылмаган құданың үйірінде кеткен он жылқының араға алты-жеті жыл салып шыққан күғыншысы еді екеуі. Екеуінің де мінгені жүйрік-ті. Аттарын көп қинамай желе жортып, Ойыл өзенінің күнбатыс тұсындағы Қамыскөлге жетті. Бұл Жауынбектің жаз жайлауы деп естіген. Жөн сілтеуушінің айтуымен жылқышыларға жолықты. Алғашқы сәлемдестіктен кейін-ақ ерігіп отырған үшеуі мосыға қазан ілді. Шай қайнаганша

әңгіме де ағытылып журе берді. Ырғыз бойындағы нағашыларымыздың ауылына қыдырып барамыз дегеніне иланған. Бұлар әбден күн караңғы түсін жөн көрді. Жылқышылардың ішіндегі бір сөзшені: “Байекен жақында қажылықтан оралды. Зәмзәм сүн да ала келіпті. Балаларға бір-бір ши қасықтан ішкізді. Ауру-сырқаудан сақтандырғаны ғой. Бұрын ұсынбағаны болмаса, окуы үлкен кісі көрінеді. Тегін адам қажы бола ма? Қазір басында сөлде, аузында — Алла. Көп бұрыс емес, ауылға соғып, қажыға сөлем беріп, батикасын алындар. Жолдарын онғарылар”, — деп бастырмалатып барады.

— Онының ақыл екен, сөйтейікші, — деп Ергали қуанған сыйнай танытты. — Қажекен ортанышы қызы Нұрлыны үзатқан жок па?

— Эй, өздерін қыз алыш кашқалы жүргеннен саусыздар ма? — деп, әлгі карқылдаш ала жөнелді.

Әңгімеге тиіп-кашып араласып отырған жаңындағылар:

— Үйшік маңын жайлаган Дәулет деген бай құда түскен. Тойы қашан боларын білмейміз. Бізге ондайды айта ма? Еститініміз байдың алдан-сулап, бәйбішениң ақырып-жекіріп жұмсауы, — деді наразы пішінмен.

— Өйтіп оттай бермендер? Су-сuan ішіп, ат мініп жүргендерің кімнің арқасы? Қажекене айтып, осы құндерінді көп қылайын ба, бәлем? — деп сөзінен сары жалақ тіпті ақиланыш кетті.

— Е, ат мінгізбегенде жылқысын жаяу бактырмайды ғой, — деп екеуі төменишіктей берді. Сары жалақтың мына озырылғына ыза болған Ергали:

— Сөзің ірі екен, дәү де болса батырдың сойы боларсың. Не Жауынбектің жамағайыны шығарсың? — деп мысқылдаған. Оны түсінер болмады, тіпті дәудірлеп кетті.

— Болсақ болармыз, мың косшыға бір басшы деген. Алты үйір жылқымен осы екі жаманға өзің ие бол деп, байекен арнайы жіберген.

— Жауынбек Жайық бойында отырғанда ортанышы қызына біреулер құда түсіпті. Құдалар жағы он бисені алдын-ала ұстатьыпты, — деп естіліндер ме?

Ерғали отыргандарға сыйай қарады.

— Оны отбасында жүрген катындардан естігенбіз. Орда бойынан келген, сауғанда исініп кеткіш торы бисенің құлыны мына тұрған, — деп ерттеулі құла дөненді қөрсетті. Сары жалак қайтадан шытыр ете түсіп:

— “Іріген ауыздан шіріген сөз шығады” деген. Қазан қайнатқаннан басқа білері жоқ катындардың сөзін көнірсітуін көрдің бе? Бұл екеуі ашыктан-ашық сырласатын қайбір сыралғы жандарың? Қанғып, ә... Жолаушылар кайдағы бір... Есекті мал деп, сендерді адам деп жүрген мен ит...

— Токтат. Ит екенінді жаңа білдің бе, касиетсіз неме? — Ерғали ақырып жібергенде сары жалак абдырап қалды да, іле қамшысына жармасты.

— Не дейді? Аузынды...

Жанында отырган Қабыл қолын қағып жіберіп, он ишінан басты да төмен түқырта қойды. — Шығарма, үнінді.

— Сары жалак, сөзімді үғып ал, — деді Ерғали өлгіге тұра қарап; — Жауынбегіне айта бар. Біз Нұрлыға алғаш құда түскен Орданың қазагымыз. Басымызга ауыртпалық түскенде тіріге сөлем, өлгенге бата дегенді ұмытып, каша көшіп еді. Осыны алдына барып айтсам ба деп оқталғанмын. Бірақ сонымен тәжікелесіп жатуды бойыма шақ көрмедім. Өлер бала өлді. Енді берілген малды “Қазан түбінде шеміршек қалды” деп жоқтамауга да болар еді. Басқасынан бұрын астамдығы-ақ батты адамға. Пенде көңілінің алтынға да айырбасталмайтын тұстары болатынын ол қайдан білсін? Он жылқы бізден келген. Артық демейін, оның өсімі делік. Оны әлгі Қажынның айып-айбанасы үшін алайын. Бір үйірді қазір алдымға саламын. Отыздан артығы болса жолай жарлы-жақыбайға үлестіремін. Қажың артымыздан қуам деп өуреленбесін, көрі жілігін үзэм” — деп, ораулы мылтығын құрастырып сайлап алды...

Түн ортасы ауған... Сары жалақтың қолы байлаулы. “Колың жүрдек екен, тәжеп ұстаганың жөн” деп төрт өрме қамшымен буып тастаған.

Кешікпей алшарынан осы бозқасқаның үйірі кезіге кетті. Ілкіде құйрық-жала төгілген адудын айғыр тосын мазалаган бұларға оқыранып, ойқастап баккан. Ергали астындағы Шайтанкарасымен бір-сікі айналдырып бастырмалатқанда алғашқы арынынан айырылып, көндігіп шыға келді. Енді кешігүте болмайтынын сезді де, екі жактап үйірді қуа жөнелді. Ойлы-қырлы Ойыл даласы да, балығы тулаған, бакасы шулаған Қамыскол де асығып, қамшы сілтеген сайын алystай берді.

\* \* \*

Текеге такау Жайыкты жағалап қаз-катар коныстанған орыс мұжықтарының шағын селосы. “Ен судан еміп отырған құнарлы жерге ұсынақты кол тап келген соң өнбесті өндіреді-ау” деп ойлады Ергали. “Переселендерге дейін осы мекен құлазып, бос жатқан жер емес пе еді? Көшіп келген мұжық атаулы да бай халық емес екен. Артынып-тартынып, жаяу-жалпылап келді. Келе ағаш кесіп, бөренеден үй салды. Үйлері қандай дейсін? Айналасын шарбактап қоршап жіберіп бакша отыргызы. Түскен өнімдері қандай дейсін? Бидайын ба, тарың ба, кек қыртылдақ, қызыл шыртылдақ керек пе, бәрі бар. Жайыкты өрі-бері бөгеп тастап ау да тартты бұлар. Шоршыған бекіре, сарбауыр сазан, сұғанак шортан дейсін бе, қарық болды да калды.

Өздері айдаған “отты судан” тартып алып, гармоньды киялай соғып салған кешкі сауықтары қандай өсем Жайық, жағасындағы? Бірде ойнакы, бірде мұнды, өрі сазды, сағынышқа толы өндерін айтсанызышы?! Тілін білсен косыла кетуге кім тәуекел етпес?

Ал біздің кедейлер ше? Балыктын шөнгесі бар деп, шошиды. “Женсік ас” деп жемісті ұнатқанымен, бейнетіне салсан жеріп шыгады. Айналып келгенде токтышакты “кіш-кіштеуден” өзге білеріміз бар ма? Үстыққа да, сұыққа да төзбеген, кудай сүймеген пендеміз гой бір”

— Ей, Ермолай жол болсын. Дауыс шыққан жакқа жалт караса күлімсіреп досы Андрей тұр. Үйнің жанынаи асып бара жатқанын сонда ангарды.

— Элей болсын. Ау, Эндір тамыр, қыста келгенімде үйін көк қақпала емес еді?

— Болмаса сырладық, қош келдің, — деп қазақуар неме тізгініне оратылып жатыр. Екеуінін дос болу сыры да қызық. Осыдан үш жыл бұрын жаздың шуақты қунінің бірінде өзеннің аргы бетіне келіп тоқтады. Жетегінде нағашы жұрты мінгізген бесті бар. Қенілі қетерінкі, қолда үкілі домбыра, қалтасында қыз сыйлаған кестелі орамал. Нагашылығы асып түссе, жиендігі кем соғатын бұл ма? Сағызды жайлаған тілекші жұртын ән мен қүйге бөлеп, ауылына оралған беті-тін. Ойы — ер-тұрманда қайықка салып, аттарды өзеннен тоғытып оту. Бірақ алғашкы естіген жауабы мандайдан бұзаутіс қамшымен салып жібергендей қылды. Бір-екі жез тиектінің: “Ей, түзем қайт кері. Билеуші ағзамның: — Жайыктың ескі жағынан да бірдей он шақырым жерге жергілікті қырғыздар келмесін, жылқыларын жолатпасын, балықты үркітеді деген жарлығын естімелің бе?” — деп зілдене қарағаны. Мұндайда ат басын жалт бұратын Ергали ма?

— Өз жерімізді өзімізге бастырмайтын ол қандай жарлық, көрсет көне?

Узын бойлысы сайкымазақтау болса керек.

— Сен үшін ат шаптырып алдыртайын, күте түр, — дегені.

Бұл жұмсағансып: — Мырзалар, менің екі атым балығының қүйрығын баса қоймас, ракым етіндер, — деп еді. Әлгілер өршеленіп кетті.

— Жоғал әрмен, әйтпесе, — деп мылтықтарын кетерді. Бұл қамшысын қотере алмады. Не істерін білмей дағдарып тұрғанда осы Эндірдің келе қалғаны. Жез тиектілердей емес, жүзі жылы, сөзі сынық. Жағдайын айткан, түсіне кетті.

— Таң алдында қайықпен үйімнің тусынан өткізіп салайын, күт, — деді.

Өзі беталды тәуекел қылса құрып тастанған ау мен сеткілерге тап болуы ықтимал екен. Эндір уәдесінде тұрды. Бұл жаңа танысына қатты разы болып, алмаймын дегеніне қоймай, достығымыздың басы болсын деп жетегіндегі

бестіні үстатьып кетті. Ол бұған сайлы мылтығы мен оқ-дәрісін үсынған.

— Маржа, қуаттымысың? Манадан бері ерінің кіммен сейлесіп тұрганын шамалай алмай отырған Маруся таныс қазакты коргенде орнынан қуана котерілді.

— Жаксы, жаксы. Өзін, катин-бала аман? — деп білетін бар қазақшасының басын біріктіріп жатыр.

— Шүкір, Маржа. Жамиға да күйлі, токал ал, картайдым, — деп мазалай берген сон, қыз көре шықкан бетім. Мына Эндірдің ондай ниеті жоқ па?

Ергалидың сезін күйеуінін аудармасымен үққан Маруся әзіл екенін біліп, жайдарланып, куліп жатыр.

— Өзің айттың гой, орыс байыса үй салады, — деп — Әне, тағы бір шағын үй тұргызып жатырмыз. Маруся да есесін жіберер емес. Осы күзде үлкен улы Егор үйленетінін, соган арнап салып жатқанын Андрей досы түсіндірген.

— Е, күтты болсын, тойға деген шашуым әзір, — деді Ергали шын қуанып. Ойын сезе қалған әйел:

— Картымды біреулер конокрад деп журмесін, әйтеуір, — деген әзіл-шыны үрейленіп.

— “Байдың малы, байғұска сауап” деген, олардың будан дәuletі ортаймас. Бізге де ешкім батып конокрадсың дей алмас, солай ма, Әндір тамыр? — деп Ергали күле қарады. Андрей болса ер көнілді, жел қанатты осы бір қазактың гайып-берен қимылына сүйсінгендей сезін құптап, жымия тусти.

— Асығыспын, уәде әлгінде айтқандай. Түн қарандысында жылқыны Жайықтан тоғытамын. Өзің алыстан бақыла. Көрші-көлем сезіктенбес. Ал өзіңе берем деген жылқының бүтін ыңғайы шықпас. Өйткені үйірден айырып алып қалу онай емес. Осы айдың аяғында Текенің мал базарында кездеселік. Мен саттым дейін, сен алдым де. Сонда кімнің дауы бар?

— Дегенің болсын, бірақ жайларын кешкүрим неге кетпедін? — деп ерлі-зайыпты екеуі жік-жаппар.

— Шай қоймадың, кой соймадың, — деп Ергали досын қағытты.

— Шай қазір кайнайды, қой жок. Шошқа сояр ем, жемейсін, — деп Андрей бұл сұраган мылтықтың оқ-дәрісін үстартты.

— Ол ақмарқаның етін жемейтінім рас. Әйтсе де әзілдесіп отырар едім. Қасымдағы косшы бала жас. Үйірден айырылып қала ма деп қобалжып тұрганым. Ал көріскенше, — деп атын сипай камшылап жүріп кетті.

\* \* \*

Білгендей-ак асықкан екен. Өзіне таныс аланқайға жележортып шыға келсе, жылқы да жок, косшы бала да жок. Үйір орнында жас тезек жатыр. Ерғали алас үрды.

Астындағы Шайтанқараға қамшының шындал тигені сол жолы болар. Құғыншы келіп қалды дейін десе, көнілі сенбейді. Эр қырқаға із тастап, адастырып-ак бақты.

Шайтанның шатағындай шиырманы қандай көнігі із кескіш те қапелімде шығара алмас. Күн жарықта өзенге карай жылқыны косшы бала тіріде аттап бастырmas.

Сонда қай жүтпаға сіңіп кетті? Әлде үйірге өзен бойын қарауылдайтындар, не иен суды иеленіп отырған бай орыс-казактар тап болды ма? Олай болса есірік немелер алдарына салып куа жөнелген шығар. Әлден уақытта жылқының осқырынганын естілі де, өзен бойына карай шаба жөнелді.

Келсе, жаға толы шулаган бала. Бірі тас атып, екіншісі кармағының сабымен су сабалап мәз-мейрам. Ағынды өзеннің ортасында шашылып қалған тастай пышырап бастары ғана қылтиып, үйір жылқы жүзіп барады. Бұрын мұндан үзаққа жүзіп көрмеген екі-үш жабағы тай өзеннің үзына бойына бағыттапты. Қосшы бала ең сонында. Аты кайратты-ак еді. Мұның келгенін сезгендей-ак басын судан сәл көтеріп, кісінеп жігені. Қосшы бала да артына жәудірей карады.

— Қайтейін, ана көп жүтірмектің істегені, қызық көріп жылқыны күп әкелді де өзенге салып жіберлі. Шырқырап шапқаныммен қайыру бермеді. Менен кінә жок, ага, дейтіндей.

Ерғали да одан әрі шыдап тұра алмады. Бұл келгенде сырғи жөнелген тентектің бір-екеуін қамшымен шыкпы-

ртып өтті де, атының айылын ағытып, ерін алды. Токымын бүктеп, еріне төс айылымен таңды да, алдына өнгерген күйі Шайтанқарамен Жайыққа қойып кетті.

Ағынды өзен арынын басып, салмакты иесін ауырлағанымен Хан ордасына жүйріктігімен мәшһүр Шайтанқара да қайранға түк іліктірді-ау. Жалма-жан артына карагыштаған. Төңген қауіп-қатердің нышаны байқалмайды. Тек бұларды қызықтағандай екі-үш әйел ғана аулаларынан сығалай қалыпты. Бір-екі срекек күйбенде жер қазып жатыр.

— Баса-көктегеніне караганда арнайы рұқсаты бар шығар, — деп ойлады ма, әлде құдай жаратқан өзеннен не откізсең де шаруамыз қаша, — дегені ме, әйтесір мойын бұрап емес.

Әйтсе де күпті көніл алыш-үшшіп атына тез конды да, жарқабаққа желіп шықты. Қараса судан шыға үйірді дүркірете құған қосшы бала Талдының колтығына жетіп қалған екен. Салқын судан сергіп, әбден елеуреп алған үйір кесіле тартып барады. Ергали қосшы баланың ойын жазбай таныды. Онықі “Кесе-көлленен соктыққандар болса, Ерагам амалдан жатар. Талдының қалынына үйірді жасырып үлтерейін. Алдында айдағаны жок, айдаладагы жалғыз аттыда өзгенің қызметі қандай? Сәтін салса, сейтіп күтылармыз” деген қысылғанда қылатын сынар аяқ айла.

Сондарынан қос қолды қойып шаба жөнелейін деген ілкідегі ойынан қосшы баланың мына тәсілі тез айнашты. “Ақылдынан айналдым, алдымдағы сүйенішім”.

Бір нөрсеге разы болса, ренжіссе ән салатын әдеті бар еді. Алмагайып күйге бөлекен мына жайт көмейінде таныс ән емес, тамылжыған әүен қептегендей ме қалай? Бірак ішкі сезімін ірікті... Сап, сап, көнілім.

\* \* \*

Жайықты жағалай өскен тал-терек, өзен бойынан ұзаган сайын сүйиліп, селдірей түседі. Одан өрі аракілік кездесетін шок-шок тогай біткесін көсе кісінің иегіндей, көз сүрінетін көленкесі жоқ жазық дала басталады. Тек

Теке қаласының күнбатыс жағында Орал тауының түк серпер сілемдері ғана алыстан мұнартып тұрганы. Өзенниң шыға Шайтанқараны өзге аттың желісіне бергісіз жол жорғасына салған Ергали да көптен бері көзден бұлбұл үшкан мынау тыныштықтағажап қалып келеді. Өйтпегенде ше?

“Жоғары мәртебелі ағзам” шығарған осы өлкенің казактарына ортақ заңын белінен бір-ақ басып, өзенниң жылқы откізді ме, откізді. Оның қайбір атакулдігінен өрізген жібек жал, желжетпес жануарларың еді. Зорлықшыл байдан қызып әкеттім. Жәлек байгүстың несібесі, соған тиесілі мал дегениңе он құлағын тосар пенде бар ма?

Түнде жүріп түсі кашқан конокрад, бұзыққа бұтау салынын, – деп шетінен “әділ занның” арашасысы болып шыға келері анық. Ау, сонда мал алған бай қызығына батып, қыз алмаған кедей шыжығын көрсін деген сол зандарының қай тарауында жазылған? Осы арасының аражігін ашып беретін кім бар? Заң атынан сөйлегендердің созінің басы күмбір-күмбір болғанымен, соны мінгір-мінгір, су аяғы күрдымға кетіп жатқан бір жосықсыз дүние.

Әлгінде аула ішінде жүрген еркектерді көргенде шын-ақ шошып қалды. “Үй үстінен жылқы айдал, бұл қазактың қай басынғаны?” деп атойлайтындағы корінген. Жок, тіпті келдің, кеттің дейтін емес, бей-жай. Олар, асылы, жез тиектілердің сойынан емес, өзінің Әндір тамырындағы карапайым мужықтар болса керек. Мүмкін, бірі ойлаган болар: “Ат басын ірікпегеніне караганда арнайы рұхсаты бар қазақ байы шығар, пәлесінен аулақ” деп. Екіншісі ойлады ма, кім білсін: “Апақ-сапакта өте шыкты. Құын-сүргінді көп көрген кедей дағы. Әйтпесе, тоқымымен су кешіп, аптықлас еді. Жолын бөгеп кайтемін, көздеңен жеріне жетіп жығылсын” деп. Ә, әлгінің мәні айқындалып келеді. “Бай байта құяды, сай сайға құяды, кедей қайда құяды?..”

Шайтанқараның оқыс оқыранып, құлағын қайшылағаны Ергалиды ойынан лезде айықтырыды. Кәнігі жануар бекер секем алмалты. Сонарадай жерде салып койған суреттей

әсем екі мойыл қара ат жайылып жүр. Құйрық, жалы келістіре тарапған. Бап көрген текті түкім екені көзге үрүп түр. Сейткенше алдындағы топтана өскен балапан талдың ығына туарылған құймені көрді. “Сән-салтанатын келістіріп-ак жасаған екен. Өзен бойлай қызырып, сауық-сайран құрып жүрген орыс бекзадаларының бірі болды-ау. Бүгінгі күн кезікпеске кезіктіре берді. Тек, сонының қайырын бергей”.

Жақындай келе анық бағдарлады. Құйменің іргесіне мол тып дастаркан жайылысты. Үстінен әр алуан тағам қойылған. Солардын арасынан үш-төрт ішімдік құтылары да мойындарын соза қалысыпты. Дастарканды жағалай екі ерек, екі қыз жайғасыпты. Әйел болса да өзі білсін. Жыртқай күлкі, керенау қимылдарына караганда, біраз ішіп-жеп, тояттап алғанға үксайды. Тіпті екі ерек дастаркан шетінен шынтақтай кетіп, алақан тірестіріп күш сынастырама-ау, қайтеді. “Кой, еріккен топқа емініп нем бар? Құтырганнан құтылған, күн жарықта жылқыға жетіп алайын”, – деп қамшысын қыса үстап, жандарынан желдіртіп ете шыплакка бекінген.

– Ей, аттыны, бері кел, – деген өктем үн кілт тоқтатты.

Баяу жақындай бере сөлемдесті. Бірақ оны қажетсініп жаткан ешбірі жок. Бұрын желбекей шапанды қазақ көрмегендей қадала қалыпты. Екі ханым бірін-бірі түрткіштеп, мұны көрсетеді де күледі. Ергалидың көніліне каяїп кірді. “Әлті өткен үйірлі жылқының иесісің бе?” – деп тергей жонелсе не қылсын?

– Қайдан жүрсің? Қайда жұмыс істейсің? – деді қырма сақал жігіт ағасы.

– Қыдырыстал келемін. Бұрын Басқуншак деген тұз өндіретін жерде жұмыс істегенмін. Қазір боспын, мырза, – деп шынын айтты.

– Онда не істедің? – деп кілпісі де қалысар емес.

– Қазып алынған тұзды қол шанамен зауытка жеткізіп түрдүк.

– Жұмысшы болдым де, надан киргиздарда да жұмысшы табы қалыптаста бастаған ба?

Улкені сенімсіздік білдіргендей басын шайқап қойды.

— Ал орыс тілін кайдан үйреніп жүрсің?

— Жұмысшылардың көбі орыстар болды. Солармен араласып жүріп үйрендім. Өздерініз кайдан келесіздер?

Ергалидың бойындағы әлгіндегі үрей сейіліп, ат үстінде бір қырындай отырды.

— Царицын губерниясынанбыз. Орынборға сапар шегіп барамыз. Мынау балдызым, жастауын нұскады. — Сонда оқиды. Болашақ патша офицері. Қасындағы Клава — қалындығы. Бәріміз жолай Яицкіге соғып, өзен бойымен қыдырып, серуендең баруды үйгардык.

— Фу, Костя, соған жауап беріп отырган есіл аузын, — деп ханымның біреуі кіжің ете қалды.

— Жарайды, догар, көп оттап кеттің. Одан да аттан түсіп, мына дамалардың қолынан шай іш. Сосын біздің бұратаналарға жасаған сый-сияпатымызды жабайы киргиздарыңа аныз ғып айтып бар.

— Степа, бұлар қандай судан шай қайнатады деп ен? Әлгі ханым сөзге қайта араласты.

Ергали аттан түсіп, қылшыбырды кекорайға төсөулі жаткан қалы кілемнің бір бұрышына қазықбау шалып, мүкият байлады да, дастарқан шетіне тізе бүкті.

— Қалауың білсін, айтайын, — деп болашақ офицер жымың етті. Бәрі қосылып, дүркірей күлгенде жайылып жүрген аттар да елеңдесіп қалды. — Айталық, күм ішінде бір киіз үйлі киргиз отыр делік. Жазда әйел-баласымен, тап солай күдіктың ішіне түсіп, шомылады. Әйтпесе, олар біздей монша салмайды. Үйіне қайтарда ағаш шелекпен сол құдықтан су алыш, әндесіп қайтады. Сосын шай қайнатып іshedі-ай дейсін.

— Мырза, әйтіп елді кінәрәттамаңыз. Айтып отырганыңыздың бәрі жалған. Ергали ызадан қалышылдан кетті.

— Мені өтірікші дегің келе ме сенің? — Болашақ офицер бала кораздай күдірейіп жаткан жерінен атып түрді. — Откен жазда Черенковтың отрядымен бұратаналардың ауылын аралаганда өз козіммен көргенмін. Керек десен одан да сорақысын айтайын.

— Бұларда да намыс бар екен. Шамданғышын қарай төр, — деп сөзуар ханым да қал ысар смес.

— Дуся, қойсаншы, — деп Клава атанған қалыңдық қайтартмалаған болады. Жанындағыларға сездірмей Ергалиға көбірек көз тастап отырған да сол. Мұның келісті келбетіне, конымды батыр тұлғасына бейкүнә, үркектей қарайды. Бір-екі рет көз түйістіріп те қалды. Жанындағылардың әлті сезіне сенер-сенбесін білмей отырған жанның кейіпі. Мүмкін, сен де Жакан байгүстың Зәуреші секілді теңін таптаған мұндық шығарсын. Ергали оған қарағыштай бергенін сезбей де қалды. Ол да көз өтіне көп отыра беруге қымсынса керек, қасындағы Дусямен сыбырласты да, Жайыққа шомылуға бірге кетті.

Манадан бері шолмекке көбірек қол созып отырған екеуі қызара бөртіп алды.

— Дәм-тұздарынызға рахмет. Мен кетейін, — деп Ергали жүрмекке бекінген. Қапелімде жіберер түрлөрі көрінбеді. Әрі-беріден соң Костя атанған мырзасы шүйлікті.

— Неге аракты ішпейсін, шошқа майын жемейсің? Бұл — патша ағзамның саясатына карсылық деген сөз. “Аюға намаз үйреткен таяқ” екенін ұмытпа, киргиз. Қәне, қазір аракты колына ұстап, аузына шошқа майын тістеп тұрып, бұдан былай ақымақ болмауга ант бересің.

Ол жүресінен отырып, аракты құйып, шошқа майын туралға кірісті. Ашуга булыққан Ергали:

— Қойыңыз, мырза, оларды харам деп отырған мен жок. Тек әдептенбеген нәрсем, — деп еді, оған құлақ асар болмады.

— Ақсүйектің тілін алмайын деген екенсің. Бәлденгеннің қалай болатынын көрсетем қазір.

“Өзекті жанга бір өлім” деп ойлады Ергали жанында жатқан бұзаутіс дойырына қол созып. Мына қорлық ауылдағы анау-мынау бай, биіне журе сәлемдесетін ел еркесінін етінен өтіп, сүйегіне жетті. Кілем үстінде шалқасынан жатқан әлгінің балдызы бұган қарап аяғын көтерді.

— Ей, киргиз, Костяның “дәмін” татқанға дейін етігімді шеш те, сүртіп коя сал.

— Э, күл мен күн жұмсаған қалған өүмесерлер екенсіндер гой. Мә, ендеше сыбаган. Дойыр қамшы екі тізенің арасынан оқ жыландағы ысылдаған барып тигенде болашақ офицердің “баж” ете түсуге ғана шамасы келді. Мастығынан лезде айықкан екіншісі қолына шөлмекті үстай көтерілді.

— Мынау сенің үлесін, саясатышыл неме. Шалт қозғалып қамшыны бір-ақ сілтегенде ішімдік толы шөлмек тал арасына топ етті. Іле қайта жұмсалған дойыр өзіне үмтұла бергенде баудай түсірді. Жатқан орынан тұрмай қалған “етік шештіргішке” қараган. Онысы әріректе тұрған күймеге қарай еңбектеп қашып барады.

Аты байлаулы тұрған кілемді тартқылат, шапши кісінеді. Талай қиян-кескіні қорген есті жануар иессін асықтырып тұрғандай. Ол енді бұл арада аялдауға болмайтынын сезді де, атка бір-ақ ыргыды. Кілем шетіне мұқият байланған қылышылбырды жұлки тартып, Шайтанқарага қамшыны басқанда ат арқырап аспанға атылды. Осыншама жойқын күш үстіндегі адамды да, затты да аударып тастап, қалы кілемді ерте жөнелді...

\* \* \*

Басқуншақ тұз өндірісінің күншығыс тұсындағы Богда тауының етегін айнала жайлайған кедей ауылы. Аты әйтілі Хан ордасынан күншілік жерде жатқан осы шогырдың кескін-келбеті басқа казак ауылдарына қараганда өзгешеттін. Аралас-қуралас отырған отыздаған тұтіннің руы да әр килене.

Тұз өндірісі алғаш ашылған жылы табыс-төлеміне қызығып, жан-жактан жиналған жұрт бұл күндері әбден орнығып алған. Басым көпшілігі Орда, Қисықкамыс бойының Беріштері, Үйшік маңындағы Кете, Ысық, Қызылқұрттың көсіп қуган кедейлері.

Әрі-бері өткен жүргіншілер алатаңмен түйесін комдалап, арық мәстегін ерттеп, баласын бакыртып, қатынын шақыртып жұмыска кетіп жатқан өншең көсіпшілердің тұрағын қай пигылмен атағанын кім білсін? “Кедей жатак”

деп айдар таққан. Құндіз тапқанын түнде жеп, “ертегі күннің еншісі болек” деп отыратын бұлардың ауыльна еріккен жүрттың қандай атақ ілгеніне шаруасы шамалы. Өткен жылы Кетенің екі бисымғы келген. Келген кісі қараң отыра ма? Не қәсібінді өнгіме қылады, болмаса қызынды сынап-мінейді. Әлгілердің де “Алакотан жыны – жыртық-жамау иін, санағаны – тиын, күн көрісі қыны” деп макалдан, мыскылдағанын естіп, Ергали отырган жерлерінен айдан шыққан.

Кедей ауылдағы елең етер жаналық Ергалисыз өтіп көрген емес. Басы қыз ұзатудан бастап, қылағы бала піштіруге де кам-қарает осы сері жігіттің ақыл қосуымен істеледі. Сен Қызылқұртсың, мен Ысықпын деп жатқан бұл жок. Алдына кім келсе де қонілі ортақ, қолғабысы даяр.

Осы ауылдағы бүгінгі той-домалактың иесі – Жәпек, тұшы етінен ашы тер шығарып, өмір бойы жынып-терген, ак, адап малының қайтып оралғанына есі шыққан байгус “жолдарынан садака” деп пышагын ала жүтірген. Ергали үзын жолдан шаршап келгендіктерін, біраз демалып, тынығатындарын айтып діктекен. Арага бір жұма салып, сөрсенбінің сәтіне семіз ту биені жықты. Көрші-көлем Жәпектің төрт қанат боз үйіне лық толды. Жігіт-желен, қыз-қырқынның өзі көрші Тілек пен Қойшыбайдың үйіне сауық-сайранды қыздырып бағуда. Қатарға отыруға ілінбекен бала-шага екі-үш күрке, шатпаның аузы-мұрнынан шығады. Жүрттың бәрі айда-жылда еншілеріне бір тиетін мұндей жылт дөуреннің буына елтіген. Балалар жағы ірғесі түрілген киіз үйді қайсысынан ду-ду күлкі, күмбірлеген күй көтерінкі шықса, сонысына шауып, мәзмейрам қалпы.

Косшы баласын оң жағына отыргызып, Ергали Жәпек үйінің төріне жайғасқан. Жұма бойына ести алмай жүрген ділгір өнгімелерге шөліркеген жұрт екеуіне алма-кезек сұрақ жаудырып бағуда. Айтып болғанша шыдамдары жетпей “ойтпедің бе, бүйтпедің бе” деп отырган көрпелерінен алға емініп, жылжып түсіп, соны ойлағанындей болғасын “е, е, бәрекелді!” деп қайта шегініп жатқандар да жоқ емес.

Көрінген жерде көзін шығарып алуға әзір тұратын жаңғалақ, Әпіш балалардың жылқыны Жайыққа айдан жибергенін естігенде “алда, жүгірмек-ай”, – деп жанындағы көпшілкі бар пәрменімен қойып қалғанда, көпшік жарылып, коганың бүркүлдеги киіз үйдің ішін алды да кетті. Оған ренжіп жатқан пенде жоқ, қайта көпшілк қуанышка кулкі үстеп, тыска шығып қағынып, сілкініп оралды.

– Ереке, орыс мұжықтарымен үйлесе қалатын едін, Жайық бойында кездескендер біздің Көзме бастығымыз секілді тонмойын біреу болды гой?

Әли үзіліп қалған әңгімеге үздіге түсті.

– Е, халық болған соң жаман-жақсысы кездеспей тұра ма, бес саусағына қараши... – деп мылжың Сайын килігіп еді, Ергали:

– Әпіштің айналасында көпшік жоқ болса ғана айтамын, – деп отыргандарды құлдірді.

– Жеген таяктары бойына құт. Ойым өзенде шомылып жатқан маржалары келмей тұрғанда кетіп үлгеру болатын. Әрі әлгінің балдызы жорғалап, күймеге барып қалыпты. Күйме ішінде мылтық бар екенін сездім. Суық қаруга колы іліксе аман құткармасы анық.

– Үңжық-ау, енді негіп тұрсың? – деп Әпіш қайтадан шыр ете қалды. Онысы құрдастығын арқа тұтқаны.

– Осы Әпіш болмаса құтылуым да екіталай екен-ау, – деп жиналғандарды тағы бір желпіндіріп өтті.

– Кілемді тастамаганыңыз қандай жақсы болған. Жамига женгеміз қуаныш жүр, – деп бүкір Әшім әңгіменің алдын орай берген еді, Әлидің сұстана қалғанын көріп, сап тыйылды.

Ергали анғармаған ынғай танытты.

– Кілемнің шетіне казықбау шалып байлаган қылышылбырды шешіп үлгерे алмайтынымды сездім. Әрі Шайтанқара да тартынып, әбден нығыздап тастады. Аттың екпіні, шылбырдың мықтылығы болар, алты қанат ак орданы тоссенішсіз қалдырмайтын қалы кілем суырылып шыға келді. Қатты шапканнан ба, жерге де тиетін емес, бір қалыпты келбендеді де отырды. Кешікпей мылтық та

атылды. Артыма мойын бұрсам, екеуі үріккен аттарын куалап ұстай алмай жүр екен. Сол карбаласты пайдаланып, кілемді артыма өнгердім де, кешкі қарандылыққа қойып кеттім.

— Ой, ерім-ай, жарадын!

— Тусан ту.

— Жактарың түспей жамандық көрмендер.

— Жауынбектің арттарыңнан құғыншы салмағаны біздің де ел екенімізді мойындағаны шыгар. Былтыргы жылы Қали барып амандақсанда қолы емес, аяғын ұсыныпты. Жоқшы екенін естігенде торінен сабагандай гып шыгарды деп келген.

— Жолай кезіккен кесапттан да аман-есен құтылышындар. Дүнис емес, ең бастысы жігіттің сағы сынбағаны. Қабылжан, ағанын аткосшысы бола бер, бір ауылдан бір нағызын ер шықлаған ба? — десіп ақсақалдар бата қылышып жатыр.

— Косшы бала болмағанда осы сапарда кандай күй кешетінім тәнірге ғана аян, — деп Ерғали Қабылдың арқасынан қағып койды.

— Қасында еki-үш жігітті альш, біздін үйде тұрган қалы кілемді альш келші.

— Жарайды, қазір жеткіземіз, деп Қабыл да орнынан лып көтерілді. Жиналған ауылдастары өліптің ақырын күтіп, үнсіз қалды. Жігіттер кілемді үй жанына өкеліп койды. Қоруте ынтыққан үйдегі-түзделгі жұрт жан-жагынан анталасын кеп. Бұктеуін жазып жібергенде күн көзіне таранған қыргауылдың қанатындағы алуан бояумен кез қарықтырып, талайды естен тандырды. Әйелдердің өзі біразға дейін үнсіз қалды.

— Тектілердің астынан текеметін суырып әкеткен ерім-ақ екенсін. Алғаш ес жиган ауыл үлкені Бектібайдың сонын ала бөрі қошеметтесіп кетті.

— Косшы бала, осы жиналған конактардың ішінен женгелерім мен келиндерімді бермен шакыр, — деп Ерғали алмас кездігін ынғайлай бастады. Күйеуінің көнілдегісін таныған Жамиға шыдан тұра алмады.

— Алтынханымның әкесі-ау, қызын бой жетіп келеді. Үйде іліп алатын бір дүние басы бүтін тұрса қайтеді? — деп калды.

— Тырс етпе, — деді Ергали әйеліне карап, — Амандық болса қызымының жүтінің үстін қакпа алашамен жапқызбаспын. Ақ алмастын қынынан бекер сұрылмайтынын білесін. Не кескілескен өрттің үстінде, не қайтымы жок серттің үстінде шыгады.

Мына желкілдеп тұрган ізбасарларымыздың анасы-женгелерім мен келіндерім тірлікте кандай сый көрсеттім? Ойлап отырсам қайсысына акшанқан жаулық орап, шәйі кейлек кигізіппін? Олар менен ештеге дәметтес. Бірақ басыма талай киямет-кайым күндер туганда арашага жүгіретін өрбіген анау кара домалактардың агаларына деген пәк көңілі болар, оққагарым болып жүрген. Осы кілемді ат артына алғаш өнгерген сәтте “ауылдағы женгелерім мен келіндерім бүйырсын” деп ырым қылғанмын. Оны бұған дейін сендерден артық кісі төсөнген жок. Қазір бөліп беремін. Шәй корпе қылып алындар. Айтқан сертіме жеттім, разымын. Уәде — хактың ісі, оны ұмыту харамға ғана тән.

— Он екі, аға, біразы жаңынцызда тұр, — деді көпшілікті жалпы нұскап. — Кейбір келіндерініз, үяламыз деп күрке қасында, қазандық басында тұр.

— Бәрі дұрыс. Қосшы бала, сіздің үйдегі Дарига келінді есепке қостың ба?

Қабыл үялып, төмен қарай берді.

— Оның жарамады, қосшы бала. Дарига келінмен он үш де. Тағы біреу, сонымен он төрт деп кой.

Алмас кездік қызылды-жасылды гүлді кілемді әп-сәтте кесінділерге айналдырып, бөлшектей түсті. Ойға алғанын тындырган соң, Ергали женгелері мен келіндерінің аттарын атап шақырып, бір-бірден үлестіре бастады.

— Игілігін көр, Қадиша.

— Шайың шыққыр болсын, Дәмеш.

— Кәлима келін, үялма шырағым...

Калған соңғы екі кілемшенің бірін Даригага ұстадты.

— Косшы баламен коса ағар, қарағым.  
Өн мен түстің арасында тұргандай қал кешкен үлкендер жағы “өумин” десіп бата қылып жатыр.

Ең сонғысын бүкір Әшімге ұсынды. — Болашақ келінгे тілекші болсын, — деп.

Оның манағы байқаусыз айтылған қағыс сөзі жаны нәзік жігіттің көңілінде қалып қойды ма, болмаса үйлене алмай жүрген мұсәпір пендеге деген татаусыз ықыласы ма, ол арасы айыргызы.

— Алла, айналайын-ай, нардың аркалағаны алтын да, жегені жантак деген бұрынғылар. Намыска шауып, біз үшін от пен суға кезек түсіп жүргенін көрмейсің бе? — деп бірекі кемпір көңілдері босап, кемсендете айналып еді: — Шай дайын, үйге кірелік, — дέген Жәпектің даусы естілді.

Шай орталана бергенде Қабыл:

— Ераға, уәде жұппайтыныңызды дүйім ел біледі. Эн...  
— дей бергенде.

— Өзім де бастағалы отыр едім, — деп Ергали іліп өкетті.

Жаюлы дастарканин сәл шегінді. Жан баласына үстапайтын үкілі домбырасын бабына келтіріп, кең тынысталды. Тойшылар әншінің қалт еткенін қағыс жіберер емес. Кеү-кеуlep өзара басым түсіп жаткан өзіл-оспақ сап тыйылған. Әнші түрулі керегеден сағымды жонға ойлы коз тастады. Он саусақ өрлі-берлі жүгіріп, әлдебір өуен іздегендей. Эн сазы бірінен-біріне ауысып, тұрактар емес. Ергали өзіне керектісін таптағандай тыжырынды. Қабағын түйіп, жібек орамалымен терін сұртіп, желтінді.

Әншейінде әнге келгенде ескен желдей анқылдай женелетін ағасының тағатсызданған мыны халін көріп Қабыл:

— Әттеген-ай, буынсыз жерге пышак салдым ба? — деп кымсынған.

Домбырасын кайта колға алғанда-ак, өршіл өуен жүртты елең еткізді. Арқасы кеніп, бусанды. Әзінен көз алмай отырган көшшілікке қарап бейкүнә жымиды.

— Халайық, — деді сол күйі, — Косшы баланың жанагы айтқан сезінің жаны бар. Жайыктың жағасында тұрганда ендігі ән кәдесі менен болсын деген уәдем бар-ды. Барлық

кындыкты артта тастап, ел шетіне ілінген қоңыр салқынды кеште жаңа ән көкірегімде күмбір қақты. Жиын тойда бірақ естісін деп Қосшы балаға да ашып айтпағанмын. Тек онашалап, іштей мың мөртебе қайталай бердім. Жаңа әннің маза бермей жүргенін сезімтал жас ағасының көңіл-күйінен таныған ғой. Қолқасы орынды, меселін қайтармалық. Ән атын ер қанатым еді деп “Шайтанқара” қойдым. Бұл сіздерге де жасаган ортақ сыйым болсын.

— Ал, көне, — деп домбырасын қағып-қағып жіберіп бастап кетті.

*Мінгенім-ай, астымдағы-ау, Шайтанқара,  
Текеден жылқы айдадым-ау, өңшең ала.  
Осыдан осы жылқы-ау, бойға сіңсе,  
Тағысын тағы айдармыз, Қосшы бала-ау.*

Кең тынысты ән шырқай көтеріліп, тым-тым биікке өуелей берді. Жаңа әннің өр де, сырлы сазы тыңдаушыларды еріксіз баурады. Әлдекімдер үн катса, мынау сұлулықты лайлап алардай көздері жаудырап, тіліне төтті дәм үйірлігендей тек тамсана қалыпты.

*Оралдың тауы биік, жері дала,  
Ат міндім күрең төбел, көзі қара.  
Сыртынан ер жігітті жамандаган,  
Душпанды кез келтіргей айда-ла-да.*

Ерғали әннің соңғы сөзін созып, бабымен аяқтады. Әлгіден бері үнсіз отырган көвшілік дүр сілкінді.

— Да, пәлі, ән деп осыны айт.  
— Өркенің өссін, мұнсыз бол.  
— Сегіз қырлы серілікті тал бойыңа дарытты деген осы.

Сөйтіп, Ерғалидың “Шайтанқарасы” әрлі-бергі жүргіншілер “Кедей”, “Тобыр” деп кемсітеп қарайтын, алайда болашаққа қаз табан жақын тұрган осы бір шағын ауылда сертке жеткен батырлықтын, дүниенің бет-жүзіне қарамас сахиліліктын, сарқылмас телегей теңіз сезімнің ұштасқан күесіндей естіліп жатты...

## МАЗМҰНЫ

К. Мұханбетқалиулы. Қайсар азаматтың	5
қайғылы тағдыры .....	
Сөз басы .....	7
Ергали ғұмырының тоғыз күні .....	12
Соңғы сез орнына .....	76

## Қосымша

Қ. Иманғалиев. Аязбаев кім болған? .....	79
Р. Отарбаев. “Шайтанқара” .....	122



*Кітаптың жарық көрүіне демеуші болған онер зерттеушісі, суретші, сазгер, ақын Ерсайын Жапак інімізге зор алғысымызды айтамыз.*

*Ерсайын Кайырлыұлы Жапак 1961 жылы 15-қаңтарда РФ Саратов облысы, Новоузен ауданы, Александров-Гай станциясында дүниеге келген. КазҰУ-дің журналистика факультетінің тулеғі.*

*“Екпін”, “Айқап”, “Жас казак”, “Оркен горизонт”, “Аманат-Избиратель”, “Астана дауысы” газеттерінде қызмет атқарған (1987–1995).*

*1995 жылдан бастап біржола бейнелеу онеріне дең койған. 1996 жылы Алматыдағы Суретшілер үйінде суреттерінің тұсауы кесілген. 1997 жылы Алматыдағы мемлекеттік мұражайды “Ю.А. Кошкин коллекцияларымен бірге”, 1998 жылы “Ой әптісінен Мамыражайға дейін”, 1999 жылы “Ұлар” галереясында “Мамыражай-1”, “Вояджер” галереясында “Мамыражай-2” көрмелерінде халыққа өз туындыларын ұсынып, 2000 жылы Халықаралық “Мастер класс – Қазақстан Тәнірі – Ұмай” фестивалінде альбомын шығарған. Сондай-ақ 2001 жылы Ә.Кастеев музейінде откен “Тюльпан и человек” атты Халықаралық фестивальде, 2003 жылы Махамбеттің 200 жылдық мерейтойына арнал “Қызыши құс” көрмесін откізген.*

*Казахстан Суретшілері жөнө Журналистер одагының мүшесі.*

*Қазір Алматы қаласында тұрады.*

*Кітап мұқабасының тортінші бетінде Ерсайын Жапактың салған суреттері берілді:*

1. “Коркыт ата”
2. “Жайлауда”
3. “Бастау. Қос өзен”
4. “Тұған жер”

**“Арыс” қорының президенті  
Фариғолла ӘНЕС**

**Ләтифолла ҚАПАШЕВ**

**“МІНГЕНІ ЕРҒАЛИДЫҢ  
“ШАЙТАНҚАРА”**

Редакторы Г.Нұрымқызы  
Корректоры Ш.Жамықаев  
Тех. ред. М.Сактаганов  
Суретші К.Исағожаев

**ИБ № 648**

Терімтеге 05.04.2007 жіберілді. Басуға 21.05.2007 кол койылды.

Пішімі 60x84 1/16. Шартты баспа табағы 9,25.

Есепті баспа табағы 10,5. Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 330

050010, Алматы  
Күрмангазы, 29  
“Арыс” баспасы  
тел./факс: 261 66 28, 261 66 92  
E-mail: arys@nursat.kz  
[www.arys.kz](http://www.arys.kz)

Дайын дигиталданғанда ЖШС “Жедел басу баспаханасында” басылды.  
Алматы қаласы, Красногорская кошесі, 71.

*Ардақты Алаш азаматтары!*

*Репрессияға үшінраган Қазақстан зияллыгарының  
мұрасын зерттейтін «АРЫС» көрі он бес жылдан бері  
жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан  
өшіе бастаған біртуар азаматтарымыздың  
мұрасын жинап, енбектерін жарыққа шығарады;  
ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайтыды;  
арыстарымыздың өмірі мен творчествосын  
насихаттаушыларға жөрдем беріп, мерейтойларын  
откізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған  
шанырактарға кайрымдылық көмек көрсетеді.*

*Көр жсанындағы «АРЫС» баспасы  
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды  
тез өрі сапалы орындал береді*

050010, Алматы қ.  
Курмангазы, 29  
(Тіл білімі институты)  
418-421 каб.  
тел./факс: 261 66 28,  
261 66 92, 242 65 56



е/ш.: 001700102  
30070492 (валюта)  
Алматы қ-сы  
“Казкоммерцбанк” АҚ АФ  
МФО 190501724  
РНН 600400010767

[www.arys.kz](http://www.arys.kz)  
E-mail: [arys@nursat.kz](mailto:arys@nursat.kz)